*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 3-мамырда тіркеліп, №2904-Ж куәлік берілген*

# ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

**Ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік журнал**

**Меншік иесі – "Қазақ тарихы" ЖШС**

**№5 (152), МАМЫР 2017 жыл**

**1993 жылдың шілде айынан бастап шығады**

БАС РЕДАКТОР –
**Әбділдабек САЛЫҚБАЙ**

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
**Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбеков, Ә.Мұқтар** – *т.ғ.д., проф.;* **Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ысмағұлов** – *т.ғ.д. доц.;* **Н.Әлімбай, А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова, Д.Салқынбек, Қ.Құнапина** – *т.ғ.к., доц.;* **С.Дүйсен** – *п.ғ.к.*

* * *

**С.Әбішқызы** – *тұңғыш бас редактор.* **Б.Матекова** – *ұстаз-әдіскер.* **Д.Игенбаева, Г.Серікбаева, С.Ишебаева, Ш.Таңмамбетова** – *озат ұстаздар.*

Басуға 05.05. 2017 ж. жіберілді. Пішімі 84 х 108 1/16. Шартты б.т. – 4. Офсетті басылым. Бағасы келісімді. Таралымы – 1650. **Индексі – 75748.** Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып, "Дала-принтте" басылды.

*Ғылыми-теориялық мақала авторлары, орысша, ағылшынша түйін және магистранттар тарихшы докторлардан жазбаша пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың ғылыми нақтылығына, тілінің жатықтығына автор жауапты.*

***Ал ұстаздар журналға 1 жылға толық жазылған түбіртегінің көшірмесін салуы қажет.*** *Авторлардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкеспеуі де мүмкін. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасалуы тиіс.*

## МАЗМҰНЫ

### *Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар*

**Меңдігүл Ноғайбаева.** Алтын ордалық мұсылман-қыпшақ мәдениеті...2
**Б.Айтуарова, Ө.Сандықбаева, Н.Мәжиқызы.** Найман, Керей рулары және олардың қазақ тарихында алатын орны.........................4
**Айгерим Жумабаева.** Древнетюркские письменные памятники: рукописные наследия.......................................6
**Сабырхан Сымағұлов.** Алаш зиялылары және жер мәселесі..........8
**Ақжамал Оразбаева.** Әкімшіл-әміршіл жүйе салдары..........................11
**Зағира Тоқбергенова.** Түркістан өлкесі және Кеңес өкіметі................14
**Жангелді Шаукенов.** Дінаралық татулық – ұлттық келісімнің тірегі...16
**Б.Сұлтанова, Р.Наралиева, М.Тойғанбекова.** Сырым батыр туралы көркем шығармалар: бас қаһарман бейнесі және отаншылдық...........17
**Балжан Раушанбек.** Көшпенділердің әскери өнері...............................19
**Алтынай Рамазанова.** Қазақ хандығы дипломатиясының тарихы....21
**Айдана Серікқызы.** Орыс географиялық қоғамы.................................24
**Дана Қанаева.** Күнделікті өмір тарихы....................................................26
**Айтолқын Темірбаева.** Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасының делимитациясы...............................................................29
**Майа Болатхан.** Традиции и обычаи в языковом сознании казахов....32
**Айнур Ниязова.** Изучение современных способов обработки войлока...33
**Рамазан Нүсіпов.** Кировтың Мақаншыға келуі....................................35

### *Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.*

**Гүлсара Ысмағұлова.** Оқушының білім маршрутымен жұмысы.......36
**Айнұр Рымжанова.** Сабақты зерттеу немесе "Lesson study"..........37
**Гүлзира Сариева.** "Мәңгілік Ел" идеясының тарихи негіздері.........40
**Нұргүл Қасенова.** Сенің таңдауың – сенің болашағың!.......................42
**Шынар Сағынғалиева.** Азаматтық құқық негіздері..............................43
**Д.Күзембаева.** Қола дәуіріндегі Қазақстан............................................44
**Серікбол Сырлыбаев.** Аралас сабақ......................................................45
**Фарида Несіпақынова**. Саяси қуғын-сүргіннің басталуы....................46
**Аззамжан Басанов.** Қазақстандағы мәдени өмір (1946-1965 жж.).....47
**Нұрланат Дөңбаев.** 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы.........................48
**Тәжігүл Әліпбекова.** Тәуелсіз ел – мәңгілік ел.......................................49
**Райхан Әлиханова.** Менің елім – мәңгілік ел........................................50
**Шайза Қасымжанова.** Тәуелсіздік туы, желбіре!..................................52
**Бауыржан Айманов.** Жалау Мыңбаев "Кіші Қазан" саясатына қарсы күрескен қайраткер...............................53
**А.Нұрғали, Г.Әсімбетова.** Тайшым Орысұлы........................................55



**© "Қазақ тарихы" №5 (152), 2017 ж.**

# АЛТЫН ОРДАЛЫҚ МҰСЫЛМАН-ҚЫПШАҚ МӘДЕНИЕТІ

## *және оның орыс даласына таралуы*

**Меңдігүл НОҒАЙБАЕВА,**
**тарих ғылымдарының кандидаты,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы**

**Алтын Орда кезеңі түркі және славян халықтарының өзара байланыстары мен мәдени сұхбаттастығын жаңа бағытқа көтерді.** Соңғы жылдардағы көптеген зерттеушілер Алтын Орданың Еуразия халықтарының тарихи тағдырындағы шешуші рөліне ерекше баға беріп отыр [1, 171-б.]. Алтын Орда кезеңінде қазіргі Еуразия даласындағы көптеген халықтарының тарихи-мәдени мұралары жаңа деңгейге көтеріліп, өзіндік ерекшеліктерге ие болды [2, 64-б.].

Алтын Орда тарихы Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының Балқаш көлі мен Арал теңізінің солтүстігінде, Ертістен Жайыққа дейінгі жерлерде орналасқан ұлысының тарихы екені белгілі. Дегенмен, Алтын Орданың қалыптасуы Жошының мұрагері Бату ханның есімімен байланысты. Бату бастаған «Жеті жылдық жорықтан» кейін Жошы ұрпақтары Азия мен Еуропаның жартысына жуығын алып жатқан Ертіс өзенінен Дунай өзеніне дейін, Қара және Каспий теңізі жағалауларынан Қытайға дейінгі үлкен аумаққа өз биліктерін орнатты.

Алтын Ордада ерекше мәдени синтез оның өзіндік өркениетінің қалыптасуында түрлі элементтердің өзара байланыстары мен әсерлесуі себепші болды. Осы байланыстар арнасында қыпшақтық, мұсылмандық мәдениет пен славяндық мәдени бірігу ерекше орын алады.

Ең алғаш Ресей ғылымында Алтын Орда тарихын зерттеу, сонымен қатар халықтардың өзара байланыстары мен олардың әсері туралы мәселе 1826 жылы Ресей Ғылым Академиясы жариялаған *«Моңғолдар билігінің Ресейге тигізген әсері, атап айтқанда, ол мемлекеттің саяси күштеріне, басқару түріне және ішкі басқаруға, халыққа білім беру мен ағарту ісіне қалай әсер етті?»* тақырыбындағы байқауынан басталды. Бірақ, Алтын Орда тарихын зерттеу мәселесінің алғашқы күнінен-ақ тарихи үдерістерді айқындауда біржақты бағалау орын алды. Мұндай жағдайда тіпті мәдени байланыстар мен өзара әсерлесу туралы мәселесіндегі қыпшақтық, мұсылмандық мәдениеттің орыс жерлеріне таралуы туралы сөз де қозғалған жоқ. Керісінше, XIX ғасыр зерттеушісі А.А.Куниктің пікірінше «жабайы» көшпелі халықтар адамзаттың төменгі сорты ретінде жетілмеген биологиялық ағзаға теңестірілді [3, 24-б.]. Осындай сыңаржақ пікір кеңестік кезеңде де өзгермегені белгілі. Әрине, кеңестік кезеңдегі жалпы зерттеулердің барлығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, осы үдеріс XXIII ғасыр басында да сақталып қалғанын көреміз. Мәселен, белгілі академик Д.С.Лихачев *«Орыс мәдениетін Еуропа мен Азия арасындағы, Батыс пен Шығыс арасындағы аралық ретінде сипаттайды, бірақ бұл шекаралық жағдай егер Руське Батыстан қараған-да ғана көрінеді. Шындығында азиялық көшпенді халықтардың отырықшы Руське тигізетін әсері өте аз. Византия мәдениеті Руське оның руханихристиандық сипатын, ал Скандинавия негізінен әскери-жасақтық ұйымын берді»* [4, 17-18-бб.],– деп тұжырымдайды.

**Алайда, мәдени бірігу мен мәдени өзара әсерлесу мәселелері біртіндеп айқындалады.** Алтынордалық Дешті Қыпшақ және моңғолдың жаулап алған жерлері сияқты, жоғарыда аталған, қосылған тарихи дербес аймақтардың тарихи кезеңін бағалау уақыт өте келе біртіндеп біржақты терістен барынша объективтіге дейін өзгерді. Осы жұмыстарда Алтын Орда тарихының оның территориясында және іргелес жерлерде пайда болған дербес халықтардың және мемлекеттік пайда болулардың тағдырларына тигізетін әсерлерінің аспектілері назарға алынады.

**Зерттеушілер Г.Потаниннің мына пікірін ескеруге тиіс:** *«Ғалымдардың дала халықтарын елемеуі ғылым дамуын ақсатады. Осы мәдениет жауларының рөліне және рухани-мәдени алыс-берістер тарихына дұрыс көзқарастардың қалыптасуына біздің арийлік менмендігіміз, нәтижесінде барлық айтылған христиандық апокрифтер христиандық көзқараста, кертартпа көзқарасқа және кертартпа сенімге бағынған таным өзгермеушілігі танылған жалған тарихи келешек бөгет жасайды. Ортағасырлық әдебиет тарихын Батыс Европада славян ескерткіштері пайдаланбаған, оларды маңызды емес деп есептеген кез де болды: енді славян жазбаларының маңызы бағаланды: ортағасырлық әдебиеттің кейбір фактілері тек славян ескерткіштерінің көмегімен ғана айқындалды. Бәлкім, дала аңыздарына қатысты да осындай бетбұрысты күтуге болатын шығар. Бәлкім, дала аңыздарын елемеудің соншалықты ғылым үшін пайдасы жоқтығы мойындалатын шығар»* [5.].

**Әрине, ислам өркениеті Жошы ұлысының саяси және мәдени дамуының анықтаушы күші болды.** Алайда, түркі-славяндық мәдени бірігу дәл осы салада көрінеді. Соңғы жылдары Рустік шіркеу сәулетіндегі исламшылдық кезеңі белсенді зерттелуде. Зерттеушілер *«200 жыл бойы Алтын Орданың саяси протекторатында болған ортағасырлық орыс князьдігінің сәулеті, анық көрінетін мәдени және экономикалық теңсіздік және батыс шекараларда-ғы «темір перде» жағдайларында мұндай үдерістер сөзсіз болғанымен, татар (түркі-моңғол, авт.еск.) беталысы тұрғысынан іс жүзінде зерттелмеді»* [6, 173-б.], – деп атап өтті. Рустік шіркеу сәулетін талдау мысалында үш ғасырлық Алтын Орда мәдениетімен және басқа татар киіз үйлерімен өзара әрекеттесу үдерісіне орыс сәулеті көптеген түркі-моңғол, мұсылман элементтерін барлық деңгейде өзіне

сіңіргенін орыс зерттеушілері де мойындап отыр.

**Мәдени бірігу православие шіркеуі ұстанған бағытқа байланысты да мүмкін болды.** Алтын Орда билеушілері туралы жазба деректерде, әсіресе, оның негізін қалаушы Бату ханның басқа діндерге қатысты толеранттылығы атап өтіледі. Батудан басталған бұл дәстүр одан әрі жалғасты. Сондықтан, басқа билеушілер де діни қызметкерлерге құрмет көрсетіп, шіркеулерге үлкен жеңілдік берді: оларды барлық алым-салықтардан, міндеткерліктерден босатты. Бұл саясат шіркеуді басып алушылармен жақындастырды және шіркеу құрылысының бұрын болып көрмеген гүлденуіне алып келді. Мысалы, XIV жүзжылдықта екі жүзден астам шіркеу салынды. Дәл осы уақытта мұнараларымен шетелдіктерді таң қалдырған «Әулие Русь» аталған монастырлар мен шіркеулер елі салынды. Алексий митрополитінің Жәнібек ханның Тайдула атты әйеліне ғашықтығы баяндалатын аңыз орыс шежірелерінен белгілі. Ол өз кезегінде алғыс ретінде митрополитке кейіннен «Ғажайып монастырь» деген атқа ие болған шіркеу салынған Кремльден жер телімін бөліп бергені белгілі [5].

**Сонымен қатар католицизммен күрес те орыс шіркеуін моңғолдармен ынтымақтастыққа жетеледі.** Орда мен Русьтің Литва мен неміс Ореніне қарсы күресінде өзара білінбейтін мәдени жақындасу үдерісі орын алды. Ордалық факторДың Мәскеу мемлекетінің құрылуына тигізген әсері де – ресейлік тарих ғылымындағы басты мәселелердің бірі. Тарихшылар арасында XIX ғ. басталған түрлі пікірталастар әлі күнге дейін жалғасуда.

Бірақ, көптеген зерттеушілер Ресейдегі жаңа ресейлік бірегейліктің қалыптасуы және еуразиялық дүниетаным негіздері орыс тарихының моңғолдық кезеңінде қалыптасты деген көзқараста. Бұл кезең мәскеулік ұлы князьдардың «Шыңғыс хан ұрпақтарына» бетбұруымен аяқталады [8, 89-б.].

**Ордада өмір сүрген орыс князьдары мен боярлары біртіндеп хандар мен бектерге еліктей бастады.** Олар парша халаттар, атлас шалбарлар, сапиян етіктер киіп, өздерінің жылқыларын парша ертоқымдармен әшекейлеп, қолға үйретілген қырандармен аң аулады. 1252 жылы Константинопольден Қырым арқылы король Людовик IX-дың елшісі Рубрук өзінің нөкерлерімен Батудың ордасына өтті. Донның төменгі ағысымен жүре отырып, ол былай деп жазды: *«Татарлардың арасында бүкіл жерде русьтіктердің ауылдары орналасқан; русьтіктер татарлармен араласып кетіпті...олардың тәртіптерін, сонымен қатар киімдерін және өмір сүру салттарын меңгеріпті...».*

**Осылайша, зерттеуші М.Г.Комаровский XIV ғасырдың ортасынан бастап Мәскеу Орданың әсері сән мен киім үлгісінде ғана емес, көркемөнер стилінде де үлкен өзгеріске ұшырады деп атап өтеді.** Одан әрі, зерттеуші бұл өзгерісті «Жаңа Қыздар» монастырының «Млекопитательница – Құдай ана» мүсінінің алтынмен әдіптелген «цитаталық» өзара алмасулардың сипатын куәландырады деп баяндаған. Оның нақышталған ою-өрнегі көп рет қайталанатын ұлы «Алла» сөздерінен құралған. Алтынордалық стильді Желтиков пен Кирилло-Белозерский монастырларының безендірулерінен де көруге болады. Мұнда Ордалық Қырым мен Еділ бойының қолөнер дәстүрлерінің әсері де бар. Бүгінгі күні Алтын орда кезеңінде жасалған мәскеулік қару-жарақ палатасында және петербургтік Эрмитажда сақталған тұрмыстық заттар мен қару-жарақтардың көптеген ескі үлгілерінен орыс дулығалары мен сауыттарында нақышталған «Алла» атын кездестіруге болады [9, 205-б.].

**Қорыта келе, Алтын Орда кезеңінде екі этностың өзара мәдени әсерлесуі және өзара жақындасуы нәтижесіз өткен жоқ.** Бұл нәтижелер жоғары билік белгілерінде, тұрмыстық мәдениет ескерткіштерінде орыс аристократиясына ауысқан шыңғыс ұрпақтарының қызметтерінде, орыс тілінің түркішілдігінде және т.б. қалды. Алтын Орда кезеңінде түркі-славян мәдени өзара әрекеттесуі бұл екеуінің мәдени бірігуінің жалғасы болды. Осы өзара қатынастар көпжақты әрі көбінесе қазіргі Алтын Орда мұрагерлерінің «еуразиялық стилін» алдын ала анықтар үдеріс болғаны белгілі.


## РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы тюркославянского культурного синтеза. Улус Джучи (или Золотая Орда) занимает большое место в средневековой истории Северной Евразии. Существует многочисленная литература, посвященная исследованиям истории и культуры Золотой Орды, ее особенностей. Золотой Орде сложился уникальный синтез культур. В формировании основ золотоордынской имперской этической культуры особое место занимает взаимодействие культур тюрков и славян.

* * *

In this article the problems of the Turkic-Slavic cultural integration between the Golden Horde is discused. Ulus Jochi (or Golden Horde) takes a special place in the medieval history of Northern Eurasia. Researchers that study the history and culture of the Golden Horde, repeatedly noted the uniqueness of this country. The Golden Horde was a special cultural symbiosis. The basis for the imperial under-ethnic Golden Horde culture became a symbiosis of various elements, among them a special place is taken by the Turkic-Slavic cultural integration.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Федоров-Давыдов Г.А.** Общественный строй Золотой Орды. - М., 1973.
2. **Егоров В. Л.** Золотая Орда: мифы и реальность. - М., 1990.
3. **Куник А.** О тюркских печенегах и половцах по мадьярским источникам с указанием на новейшие исследования о черноморско-торкских народах от Аттилы до Чингисхан // Учен. зап. АН по первому и третьему отдниям, 1856. Т.3. вып. 5. – 714 с.
4. **Лихачев Д.С.** Русcская культура. - М.: Искусство, 2000.
5. **Потанин Г.Н.** Восточные мотивы в среднеевропейском эпосе. Изд. геог-го от-я императорского общества любителей естествознания, антропологии и этнографии. На средства пожертвованная Ю.И.Базановой. -М.: Типт-литография Товарищество И.Н.Кушнерова и К. 1899. – 877 с.
6. **Халит Н.Х.** Исламские параллели в церковной архитектуре Ярославля //Средневековые тюрко-татарские государства. Вып. 2. – Казань, 2010. – С. 173-178.
7. Москва Татарская [Электронный ресурс] / Москва, 2010. – Режим доступа: http://www.moskvatatar.ru, свободный.
8. **Лушников О.В.** Влияние ордынского фактора на становление Московского государства: историографический аспект // Средневековые тюрко-татарские государства. Вып. 2. – Казань, 2010. – С. 84-91.
9. **Крамоаровский М.Г.** Золото Чингисидов: культурное наследие Золотой Орды. – Спб, 2001.

# НАЙМАН, КЕРЕЙ РУЛАРЫ
## *және олардың қазақ тарихында алатын орны*

**Б.АЙТУАРОВА, социалогия ғылымдарының кандидаты, доцент,**
**Ө.САНДЫҚБАЕВА, философия ғылымдарының кандидаты, доцент,**
**Н.МӘЖИҚЫЗЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы**

Наймандар мен Керейіттердің ерте кездердегі мемлекеттері Орталық Азияның шығысында, Қазақстанға шектесіп жатқан Моңғолия аумағында пайда болса да, олардың тарихының Қазақстан тарихына тікелей қатысы бар.

**Найман тайпалары одағы VIII ғасырдың орта шенінде Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында сегіз-оғыз (яғни «сегіз тайпаның одағы) деген атаумен пайда болған.** Сегіз-оғыздар Хангайдың батысынан Тарбағатайға дейінгі жерлерді алып жатты. Қидандардың Лиау әулеті кезеңінде «Ляо-ши» беттерінде «найман» атауы пайда болады. Түрікше мағынасында «сегіз тайпаның одағы» деген баламасы бар, яғни найман деген моңғол атауын да оларға Лиау әулеті кезінде моңғол тілдес қидандардың бергені даусыз. Найман тайпалар одағы XII ғасырдың бірінші жартысында Елюй Даши бастаған қидандардың Жетісу жеріне кетуіне байланысты аталады[1].

Найманның батыстағы көршісі Ертіс өзені бойында тұрған қаңлылар, ал солтүстігінде қырғыздар, шығысында Тола алқабын, Орхонның орта ағысы және оң жақ бетін алып жатқан меркіттер мен керейіттер, оңтүстігінде ұйғырлар болды. Алайда бұл қоныстар тұрақты болмады. Себебі өзара талас-тартыстар, соғыс пен шапқыншылықтар кезінде тайпалар бір жерге тұрақтай алмай, жаңа жерлерге көшіп отырды. Оның үстіне наймандар мен керейіт тайпалары көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.

XI ғасырларда найман тайпалары Селенгі мен Орхон өзендерінің сағасынан Алтай тауларының шығыс сілемдеріне дейінгі шығыстан батысқа қараған аумақты алып жатқан. Наймандар мен керейлерде ертедегі феодалдық қатынастардың орнығуы ұлыстардың құрылуымен қатар жүрді. «Ұлыс» деген сөз ол кезде «халық» деген ұғымды білдірген. Әрбір ұлыс белгілі бір жерлерге ие болды. Оны белгілі бір рудың өкілі, хан басқарды.

Наймандар мен керейлер XII ғасырда іс жүргізуде ұйғыр жазуын пайдаланды. Ханның «алтын мөрі» болып, онымен қажетті құжаттарды куәландырып отырған.

Найман елінің билеушілері Күшлік хан, Бұйрық хан деп аталды. «Күшлік хан» – айбынды әмірші деген мағынаны білдіреді. Ал Бұйрық хан – «әмірші, жарық шашушы» деген мағынаны білдіреді.

Біз баяндап отырған дәуірде өмір сүрген наймандардың өз заманына сай мәдениеті мен мәдени орталығы саналатын қалалары болған. Алайда түрлі шапқыншылық кезінде олардың бәрі қираған. Әйгілі ғалым Ә.Марғұланның пікірінше, наймандардың оңтүстік Алтайдағы бір қаласы «Ақбалық», енді бірі Шам өзені бойындағы «Шамбалық», Жоңғар Алатауындағы қаласы «Кіші Талас» болған. Наймандардың батыс Моңғолиядағы ордасы, әкімшілік сауда орны «Найман сүмбе» қаласы. Ал енді Жоңғар тауының етегіндегі бір қаласы «Тарсакент» деп аталған [2].

Наймандар ерте кезде орхон жазуын, одан кейін көне ұйғыр жазуын қолданған. Абахан өзені бойындағы Ашурадан табылған орхон жазуы жазылған таста найман елінің тарихы суреттелген. Онда: «Ел ұлысы Инаных Білгі (Бұқа хан) оғлы аты Күш Оры Оғлан, ер атыңыз Өзбег, еліңіз ушун қазғану яғыға тегмиш сутеги, ети бың оғлан ерти» деп жазылған. Бұл қазіргі қазақ тілінде «Ер атыңыз Өзбек, еліңіз үшін күресіп, жауына тиіскен әскерлеріңнің тегі жеті мың ұлан еді» деген сөз. Мұндай көне мәдениет куәліктерінің тасқа басылған таңбалары наймандарды «моңғол тілдес тайпадан шықты» деген пікірлерді жоққа шығарады.

Шыңғыс хан жаулағанға дейін наймандар Орталық Азия жеріндегі ең күшті ұлыстардың бірі болған. Шыңғыс ханның әкесі Ясукайдың тұсында наймандарды Инаных Білгі Бұқа хан билеген. Білгі Бұқа өлген соң, оның балаларының арасында тақ таласы болып, соның салдарынан Найман ұлысы екіге бөлінеді.

1199 жылы Шыңғыс хан керейлердің билеушісі Оң ханмен одақтасып, найманның ханы Бұйрық ханға шабуыл жасайды. 1204 жылы керейлерді жаулап алған Шыңғыс хан найман Таян хан мен меркіт билеушісі Тоқтабектің біріккен әскеріне шабуылдайды. Осы шайқаста Таян хан қаза тауып, баласы Күшлік қырғыз еліне қашып кеткен әкесінің інісі Бұйрық ханға кетеді. 1206 жылы моңғолдар Бұйрық бастаған наймандарды Бұқтырма өзенінің бойында талқандап, Бұйрық ханды өлтіреді. Күшлік пен Тоқтабек Ертіс бойына қашады.

1208 жылы Күшлік хан бастаған наймандар Шыңғыс ханның шабуылына төтеп бере алмай, наймандардың бір бөлігі Алтайдан Жетісуға ауып, екінші бөлігі Шығыс Қазақстанда қалып қояды. 1218 жылы моңғолдар Жетісу жеріндегі наймандарды талқандайды. Қашпақ болған Күшлік хан Бадахшамда өлтіріледі. Енді бүкіл Шығыс Түркістан мен Жетісу жерлері моңғолдардың қолына көшеді[3].

**Керейіт тайпасының шығуы туралы пікірлер әр түрлі.** Кей деректерде керейіттер туралы алғашқы мәліметтер XI ғасырдың алғашқы ширегінде шыға бастады делінеді. Бұл олардың христиан дінін қабылдауына байланысты көрінеді. Ал енді бір зертеулерде керейіттер туралы жазба деректердегі ең ерте мәліметтер X ғасырдың бас кезіне жатқызылады. Орта ғасырдағы жазба деректерде «Моңғолдардың құпия шежіресі», «Моңғолдардың алтын тарихы» сияқты кітаптарда «керей» атауы «кереит» деп берілген. Ал «Иуан патшалығының тарихында» «кіле», «хыле», «клейі», «хлейы» деп жазылған. Ал парсы және түркі тілдерінде жазылған «Жамиғ-ат-тауарих», «Шежіре түрік» жазбаларында «керейіт» деп жазылған. Ғалымдардың пікірінше «т» қосымшасы «лар», «лер» деген көптік мағынада жұмсалған. Демек, керейт – керейлер деген сөз.

«Керей» сөзінің шығу тегі мен ұлыстың атауы жөнінде ғылымда әртүрлі пікірлер, аңыздар бар. XIV ғасырдың бас кезіндегі парсы тарихшысы Рашиддиннің «Жамиғ-ат-тауарих» кітабында керейлер туралы мынадай аңыз-әңгіме баяндалады: *«Ерте заманда бір хан болыпты. Оның жеті ұлы бар екен. Ұлдарының өңдері кер болғандықтан «керейлер» атанған екен. Кейін бұл балалар өсіп-өрбіп тайпа ел болыпты да, «керей» сол тайпаның атына айналыпты. Ең ақырында «керей» деп хан шыққан*

*ру ғана аталатын болған. Басқа тайпалар осы ханға бағынған».* Осыған ұқсас аңыз Әбілғазы әл-Хорезмидің «Түрік шежіресі» кітабында да кездеседі. Автор ағайынды жеті адам кер түсті болғандықтан, олардың ұрпағы «керей» деп аталып кеткендігі туралы аңызды алға тартады. Сонымен қатар Әбілғазы әл-Хорезми керейлерді оғыз тайпасынан шыққан деп көрсетеді.

Қазақ тілінде «кер» деген сөз екі түрлі мағынаны білдіреді. Бірінде заттың түсін білдірсе, ал екінші мағынасында ер, биік, асқақ деген синоним сөз болып табылады. «Қазақтың көне тарихы» (1993) кітабында «кер» деген сөз хандар руының аты деп көрсетіледі. «Керей» этнонимі алғашқы тайпалық одақтың көсемі Керін, яки Хылей (керей) ханның есіміне байланысты тууы да мүмкін.

Керейіттер конфедерациясының этникалық құрамы біртекті болмаған. Олар түрік тілді және моңғол тілді жұрттан құралған. Лиау және Жиң патшалықтары тұсында олар Ханхай тауы мен Гінте (Бұрқан) тауының аралығында, Тола өзенінің аңғарын, Орхон өзенінің орта ағысы ауданын және Онгын өзенінің аңғарын алып жатты. Олардың батыс жағындағы көршілері меркіт және қырғыз тайпалары болған. Ол кезде керейлер жан саны көп, күші мығым ұлыс болған. Сол кезде олар соғды жазуын (көне ұйғыр жазуын) қолданған. Шыңғыс ханның шапқыншылығына дейін керейіттер қазіргі Моңғолия мен Алтай аумағында үстемдік еткен. Тіпті моңғолдар да олардың қол астында болған. Керейіттердің батысын наймандар, солтүстігін меркіттер, шығысын татарлар, оңтүстігін таңғұттар мекендеген [4].

Керейіт тайпа көсемдерінің екі ордасы болған. Солтүстік ордасы – Орхон өзені бойындағы Қатынбалық қаласы, ал оңтүстік ордасы – Хуанхэ өзені бұрылысының теріскейіндегі Қара-Хото қаласы. Орхондағы бас орда өте қолайлы жерде орналасқандықтан, онда көршілес және алыс елдерден көпестер, саудагерлер, діни миссионерлер көбірек жиналатын. 1007-1009 жылдары керейіттер наймандармен бірге христиан дінінің несторияндық тармағын қабылдайды.

Тарихи деректерде керейіттердің Марғұз хан, Құршақұз, Бұйрық хан, Горхан және Оңхан деген билеушілерінің есімдері аталады. Бұлардың ішінде ең әйгілісі Бұйрық ханның баласы – Оң хан. Шын аты Тұғырыл. Ол Шыңғыс ханмен замандас болған. Оның Оң хан деген лауазымы «Уаң хан» деген сөзден шыққан. Мағынасы – бір елдің әміршісі.

Тұғырыл өз кезінде Жұңғоны билеген Жин патшалығына (Алтан ханға) көмектесіп, татар тайпаларын бағындырған. Бұл еңбегі үшін Алтан хан оған «уаң» атағын берген. Бара-бара «уаң хан» деген сөз «Оң хан» болып кеткен.

Бұйрық ханның немересі Тұғырыл ханның билігі тұсында Керейіттер ұлысы солтүстікте – Селенганың жоғары бойынан, оңтүстікте – Хуанхэге дейінгі, батыста – Хангай тауынан, шығыста-Халкин Голге дейінгі жерлерді еркін жайлаған. Оң ханның жазғы жайлауы Талан-Құлсары, Дабан, Науһыр деген жерлер болатын.

Оң ханның атасы – Марғұз, оның лауазым атағы – Бұйрық хан. Осы Марғұз хан керей елін билеп тұрған кезде татар тайпалары күшейіп, керей еліне зорлық-зомбылық жүргізеді. Татар тайпаларының билеушісі Науыр Бұйрық хан Марғұзды қолға түсіріп, шүршіттердің патшасына апарып береді. Шүршіт патшасы Марғұзды «ағаш есекке» шегелеп, қинап өлтіреді. Марғұз ханның әйелі (Оң ханның әжесі) Құтұқты Күл-қыз күйеуінің кегін қайтармақ болады. Татар тайпасының патшасы Науыр ханның бір салтанатты тойға дайындалып жатқанын естіген ханым, оған елші жіберіп, сый апаратындығын жеткізеді. Жүз түйе, жүз қой, жүз саба қымызды алып Науыр ханның еліне аттанады.

Құтұқты Күл-қыз жүз сабаның ішіне жүз қарулы батырларын жасырады. Татар ханның ордасына жеткен соң, әкелген жүз малын күтушілеріне табыс етеді. Ал қымыз сабалары тиелген арбаларды қонақасы беріліп жатқан жерге алдыртады. Дәл осы сәтте жүз сабаға жасырынған батырлары татар тайпаларының ханы мен мен ноярдарын тарпа бас салады. Осындай айламен Құтұқты Күл-қыз күйеуінің кегін қайтарады.

Марғұздың екі баласы болған. Үлкен ұлы- Құршақұз, кіші ұлының аты Горхан. Құршақұздың үлкен баласы – Тұғырыл (Оң хан). Құршақұз қайтыс болғанда, оның үлкен ұлы Тұғырыл шекара жұмысымен елде болмай қалады. Ағаларының жоқтығын пайдаланған інілері Темір Тайшы мен Бұқа Темір хандық орынға отырып алады. Мұны естіген Тұғырыл дереу шекарадан қайтып келіп, екі інісін өлтіріп, хан тағына өзі отырады. Құршақұздың інісі Горхан бұл хабарды естіген соң, әскерімен Тұғырылға шабуыл жасайды. Жеңілген Тұғырыл Шыңғыс ханның әкесіне қашып барады. Ясукай батыр оны қолдап, өз әскерімен Горханды талқандап, Тұғырылды қайта хан тағына отырғызады. Осыдан кейін Тұғырыл хан Шыңғыс ханның әкесі Ясукаймен анда болған [5].

Шыңғыс хан билік үшін талай тартыстарда бәсекелестерінің бәрін жеңіп, моңғол тайпаларының басын біріктірген. Тұғырыл екеуі дос болып, талай жорықтарға бірге аттанған. Алайда уақыт өте келе екеуінің арасына іріткі салынады. Мұның соңы керейлер мен моңғолдар арасындағы үлкен қақтығысқа ұласады. Ақыры Шыңғыс хан 1202 жылы керейлердің билеушісі Оң ханның елін шауып, өзін өлтіріп, жерін тартып алады. Шыңғыс ханнан жеңілген керей ұлысы оған тәуелді болады. Осыдан кейін керейлердің билеушісін Моңғол қағаны тағайындап отырған.

Керейіттер найман, қаңлы, ұйғыр, меркіт, моңғол, қарақытай, таңғұттармен тығыз саяси және этникалық-мәдени байланыс жасап тұрған.

Лиау (907-1125), Жиң (115-1234) патшалықтары кезінде Керей ұлысы көптеген тайпалар мен руларға бөлінген. Олар: керейхан, жырхын, тонхайт, сахиат, тобарыт, албат.

Керей хандары керейхан тайпасынан шыққан. Олар өзге тайпаларға үстемдік еткен. Ал басқа тайпалар Керей ханның бұйрығына бағынатын болған. Керейлер ерте заманнан бері келе жатқан түркі тілдес тайпалардың бірі. Шығыстанушы ғалым Г.Гржимайло керейлерді IX ғасырлардан бастап белгілі бола бастады десе, Н.Аристов: *«керейлердің жан саны X ғасырда 900 мың адамға жеткен»* деп көрсетеді. Г.Н.Потанин керейлерді «сары үйсіннің ұрпағы» дейді.

Алтай аймағындағы керей тайпасынан шыққан Мәми шежірешінің айтуынша, керей ұлысының арғы тегі мынадай сегіз тайпадан тарайды: шөп, сеп, байлау, қойлау, елдей, күлдей, изен, жусан. Шежірешінің көрсеткен тайпалары 7-8 ғасырлардағы қытай жылнамаларында кездеседі. Кейбір этнографтар керей ұлысын сары керей, қара керей және уақ керей деп үшке бөледі.

Әйгілі ғалым Ә.Марғұланның айтуынша, керей елінің мал шаруашылығы да, егіншілігі де, орталық қалалары да болған [6].

Оң ханның орталық қаласы Исақ Моңғол Алтайында тұрған. Екінші астанасы Борысқатар өзені бойындағы Қара-Хато болған. Кеңес одағы кезінде

Б.К.Козлов осы қаланың жұртына археологиялық зерттеу жүргізген. Ондағы христиан дініне табынатын шіркеу абаттардан қағазға, жібекке жазылған орхон, ұйғыр, сирия жазулары табылған. Керейлер ғұн әдеті бойынша бұғы-маралды ерекше қадірлеген. Оған табынған. Алтай, Жоңғар даласында, Енисейде орхон жазуы бар құлпы тастар табылған. Олардың көпшілігі керей мен оңғыттарға (уақтар) тән.

Қорыта айтқанда, керейлерден қалған орхон жазуы бар құлпы тас Биук-тұран өзенінің бойында тұр. Оған: *«Алтын ілгек кісені белімге бұғұндым»* (Алтын ілгекті кісені беліме буындым) деп жазылған. Бұл жазулар керейлердің түркі тілінде сөйлегендігін дәлелдейді.


**РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается история племен найманов и кереев, которые являются основными предками среднего жуза казахского народа.

* * *

The article considers the history of naiman and kerey tribes, wchich are the main ancestors of middle zhyz of Kazakh people.


**ӘДЕБИЕТТЕР**


1.Қазақстан тарихы. 1 том, Алматы, 1996.
2.**Марғұлан Ә.** «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз». №1, 1984.
3.**Чапай М.** Қазақстан тарихы. Алматы, 2008.
4.**Мыңжан Н.** Қазақтың көне тарихы. Алматы, 1993.
5.**Рашид ад-Дин.** Сборник летописей т 1 М. – А., 1952.
6.**Марғұлан Ә.** «Тамғалы тас жазуы», «Жұлдыз» №1, 1984.


бар. Ал 1-2 күнде жауап болмаса, алғашқыда айтқандай, тамыздағы №6.2017-ге қалады.

# ДРЕВНЕТЮРКСКИЕ ПИСЬМЕННЫЕ ПАМЯТНИКИ: РУКОПИСНЫЕ НАСЛЕДИЯ


**Айгерим ЖУМАБАЕВА,**
**докторант Института Востоковедения**
**им. Р.Б.Сулейменова и КазНУ имени аль-Фараби**


Существует множество памятников древнетюркской письменности написанных текстом битигом (термин «руническая, руника» в использовании как название древнетюркской письменности не имеет научного обоснования) [1] согдийской, среднеуйгурской, манихейской, сирийской, тибетской и арабграфической и другие. Установлен огромный ареал распространения памятников: от Орхона до Дуная, от Якутии до Гоби. Памятники древнетюркской письменности составляют важное звено в истории письменности тюрко-язычных народностей. Близкие к древнетюркскому письму по палеографике надписи датируемые V–III вв. до н. э. обнаружены в Казахстане – Есик и Киргизии – Талас, Балыкчи и др.

**Памятники тюркского битиг-письма найдены на обширных пространствах Центральной, Северной и Средней Азии, а так же Восточной Европы.** География находок отражает исторический путь, который проделали тюркоязычные племена во второй половине I тысячелетия н.э. (VI-XI вв.), активно продвигаясь на запад, юг и север от своей прародины в Центральной Азии. Места обнаружения тюркского битиг-письма памятников в указанной части Евразии группируются в нескольких определенных регионах, там, где существовали политические и культурные центры различных древнетюркских государственных объединений. Всего их выделяют восемь. Монголия, Хангайское нагорье. На этих землях задолго до возникновения там орхонских памятников – обосновались тюркские племена. Здесь же, на Хангае, в долинах рек Орхон и Селенга в VIII-IX вв. были расположены ставки Тюркской империии Уйгурского каганата (744-840). Всего до нас дошло в разной сохранности 10 крупных и свыше 100 едениц мелких памятников от этих государств. Одними из крупнейших памятников являются: надпись в честь Кюль-тегина, в честь Бильге-кагана, в честь Тоньюкука, в честь Кюли-чора и Онгинский (Еtетмишябгу) памятник. Бассейн Енисея так же является важнейшим источником рукописей, которых на территории Среднего и Верхнего Енисея составляет свыше 190 единиц. Так же выделяется Восточный Туркестан, на ее территории есть свидетельства применения битига на бумаге, чего мы больше не встречаем ни в одном другом районе. То же самое нельзя сказать по отношению Западного Туркестана. Где письмо представлена в двух видах – в Таласской и Ферганской долинах. На этой территории найдена серия из тринадцати необычных надписей на округлых валунах, а также свыше десятка наскальных надписей. Так же одним из примеров можно привести Восточную Европу. Междуречье Дона и Волги, а также Предкавказье до верховьев р. Кубани, – земли, которые в свое время (7-9 вв.) занимал Хазарский каганат. Несколько надписей найдено в областях волжских булгар – бассейн реки Камы и Волги. Горный Алтай так же является исторической родиной битиг – на данной территории было найдено свыше 100 мелких и в большинстве плохо прочитываемых или совсем не читаемых тюркских надписей.

**Древнетюркский алфавит является в структуре фоно-морфемной, по графику тамгообразным письмом, аналогов которых нет в мире.** Так еще в самом начале работ по дешифровке и освоению тюркских орхоно-енисейских надписей считали полиглот В.Томсен, видный тюрколог В.В.Радлов, Позднее Дж.Клосон выдвинул гипотезу о многокомпонентности прототипов для тюркского письма. [2,31-39 с.] По предположению ряда учёных, тюркские битиги были созданы около начала VIII века на базе тамгообразных знаков, с добавлением знаков из других алфавитных систем, путём трансформации курсивных начертаний букв в геометризованные формы.

**К их изучению ученые приступили значительно позже, в XVIII-XIX и начала XX веков.** Начало научного изучения тюркской письменности было положено в первой половине XVIII в. направленными Российской академией наук знаменитыми экспедициями Д.Г.Мессершмидта и Ф.И. фон Стралленберга, побывавших в степях Минусинской котловины в 1721-1722 гг. Собранные материалы и сведения о памятниках, впоследствии получивших обозначения Е-32 и Е-37, были опубликованы в 1729 г. З. Байером в «Записках Императорской Академии наук в Санкт-Петербурге» и в 1730 г. Ф.И. фон Страленбергом. Знаменитое от-

крытие орхонских надписей в Монголии Н.М.Ядринцевым в 1889 г. ввело в научный оборот объемные тексты, что позволило сделать выводы о грамматическом строе надписей. В 1893 г. датский филолог В.Томсен дешифровал древнетюркское письмо. Уже в следующем году В.В.Радлов издал переводы орхонских текстов, а в 1895 г., используя кроме своих материалов данные финских экспедиций - переводы 40 енисейских надписей. Первые попытки научного освоения древнетюркской литературы можно наблюдать в работах таких М.Дулатова, Х.Досмухамедова, Ж.Аймаутова, А.Диваева и др. Однако серьезные научные изыскания начались лишь в середине 40-х годов, когда был организован Институт истории, языка и литература при Казахском филиале Академии наук СССР.

**Одним из неповторимых и уникальных памятником тюркской письменности является «Ырык битиг», найденная британским археологом А.Стейном в храмовом комплексе «Пещера тысячи будд»**. Близ Дуньхуана среди рукописей, замурованных в этих пещерах, обнаружил гадательную книгу на тюркском языке – Ырык битиг. Книга состояла из 58 бумажных листов размера 13,6х8 см, содержащих текст, написанный руническим письмом кистью, разделенный на 65 параграфов, и колофон. В процессе исследования текста было установлено, что в этих параграфах изложены предзнаменования {ырк)\ параграфы завершаются оценкой их значений, выраженной словами: (e)dgii ol «это – хорошо», {a)ту (e)dgü ol «это – очень хорошо», y(a) b(i)z [-y{à)bl{à)q] ol «это – плохо», aîîi'y y(a)bî(a)q ol «это – очень плохо». [3, 282 с.]

**Первая публикация текста книги «Ырык битиг» была осуществлена датским лингвистом В.Томсеном в «Journal of the Royal Asiatic Society» в 1912 г.** Впоследствии части текста рукописи и вся рукопись издавались неоднократно (основные публикации были осуществлены А. фон Габен, Х.Н.Оркуном, С.Е Маловым, Т.Текином и др.). Немало специальных статей посвящено вопросам перевода (интерпретации) отдельных параграфов текста. Будучи одним из наиболее ранних по времени составления и достаточно обширных «древнетюркских битиг» текстов, обнаруженных на территории Восточного Туркестана, этот письменный памятник, отличающийся от других и в жанровом отношении, был объектом постоянного внимания исследователей. Но несмотря на это, до настоящего времени остается немало вопросов, связанных с интерпретации и трактовкой его отдельных частей. Согласно единому мнению исследователей, язык произведения весьма близок к языку орхонских надписей. Книга составлена предположительно в первой половине VIII – начале IX в. В первых публикациях главное внимание уделялось вопросам интерпретации текста и в меньшей степени – другим его особенностям, таким как история изучения памятника «Ырык битиг». Мало обращали внимание на содержание текста и существующие в книге кружочки между главами. Как было установлено впоследствии, эти кружочки являются числовыми обозначениями параграфов; они играли существенную роль в процедуре гадания. То, какой из параграфов-предзнаменований «выпадал» гадавшему, определялось броском специальной гадательной кости, имевшей форму параллелепипеда, на четырех гранях которого были обозначены от одного до четырех глазков-выемов, соответствующих кружочкам в тексте. Выпавший гадавшему параграф определялся в зависимости от последовательности числа кружочков на гранях параллелепипеда при троекратном бросании кости. [4]

Особое внимание уделено случаям совпадения параграфов с текстом китайского сочинения и цзин («Книга Перемен»), хотя, как верно замечено автором, при общем сходстве содержания *«главы „Ырык битиг“, воспроизводящие ситуации «Книги Перемен», не являются переводами той или иной части текста последней, но резюмируют суть ситуации».* Автор полагает, что система «Ырык битиг» как пособия для гадания имеет сходство с гадательными традициями, пришедшими из Китая в Тибет в эпоху Тан предположительно в первой половине VII в. Происхождение тюркской «Гадательной книги» также относится к танскому времени, но, как отмечалось неоднократно в разных публикациях, тюркский вариант книги для гаданий не воспроизводит в точности ни одну из упомянутых систем. В силу некоторых особенностей текста, несмотря на усилия многих специалистов, не всегда удавалось достигнуть убедительной интерпретации отдельных его частей. Настоящая работа также не является исключением в этом отношении, в переводе (интерпретации) текста автором приняты во внимание варианты, представленные в трудах разных авторов, но нельзя сказать, что во всех случаях отдано предпочтение варианту, более соответствующему значению оригинала.

Эта рукопись необычна прежде всего тем, что представляет собой единственное дошедшее до нас сочинение, написанное битигом на бумаге, таким же письмом, которым пользовались в Тюркской империи. Дунхуань не входил в состав Уйгурского каганата, поэтому предполагается, что рукопись попала туда вместе с уйгурами, знавшими древнетюркскую письменность, в период переселения в Восточный Туркестан.

Рукопись содержит сборник гадательных текстов, который в научной литературе называется «книга гаданий». Как сказано в колофоне сочинения, оно было написано для «младшего динтара», «бурвагуру» - титулы в манихейской общине.

**Краткие поэтические миниатюры рассказывают о малоизвестной повседневной жизни до мусульманских тюрков.** Они показывают человека в разных ситуациях: это хан, отправившийся на охоту, бедняк, ушедший на заработки, игрок, пустившийся в рискованную игру, сын, который сначала поссорился с родителями, а потом вернулся домой. Тексты «Ырык битиг» не преследуют цель напугать или огорчить гадающего по ним человека, у него больше шансов получить благоприятное предсказание. Из 65 разделов текста 44 заканчиваются выводами «это хорошо» или «это очень хорошо», и только 20 – выводом «это плохо» [5, с 75-80].

Поэтические миниатюры написаны мастерски и обладают безусловной художественной ценностью, что определяет ее место в литературе тюркоязычной истории. Если орхонские сочинения представляют собой тексты преимущественно историко-героического характера, то тексты «Книга гаданий» содержат лирический жанр, что дает представление о ранних периодах развития тюркоязычной словесности. Персонажами «Книги гаданий» являются боги, люди и животные. Многие ученые занимались изучением данной книги, но сколько бы не была она изучена, столько же белых пятен остается в ее текстах.

Древнетюркские рукописные памятники являются

ценнейшим и уникальным наследием истории тюркских этносов. Редчайшие представители рукописей написанными древнетюрксими битиг-письмами хранятся в фондах Англии, Германии и Японии [9]. Они были и остаются одними из источников вечного познания тюркского народа.

### ТҮЙІН

Мақалада Еуразия кеңістігіндегі көне түрік бітік жазулы ескерткіштерінің ішінде өте сирек кездесетін қолжазба нұсқасымен сақталған «Ырық бітіг» туындысына қатысты, оның мазмұндық талдауларына кешенді зерттеулер қажеттілігі қарастырылады.

* * *

This work is devoted to the study of ancient Turkic written monuments, the author examines the areas of finding sites and reveals the history of the study of «Yryk bitig» (Book of divination).

### ЛИТЕРАТУРЫ

1.**Базылхан Н.** Древнетюркская битик, фоно-морфемная структура письменности и проблемы интерпретации текстов //Тувинский институт гуманитарных исследований «письменное наследия тюрков». Международный симпозиум, посвященный 110-летию дешифровки орхоно-енисейской письменности и 100-летию выхода в свет труда Н.Ф.Катанова «Опыт исследование урянхайского языка», 14-17 октября, 2003 г. Тезисы. – Кызыл, 2003. с. 31-35

2.**Кормушин И.В.** Древние тюркские языки. –Абакан: Издательство Хаккаского Государственного Университета им. Н.Ф.Катанова, 2004.-336 с.

3.**Ыркбитиг:** Древнетюркская гадательная книга. Перевод, предисловие, примечания и словарь в.м Яковлева // Бюллетень Общества востоковедов РАН Приложение 4. м.: ив РАН, 2004.– 282 с.

4.**Кляшторный С.Г.** Манихейский мотив в древнетюркской «Книге предзнаменований» // Тюркологический сборник 2005. Тюркские народы России и Великой степи. - М.,: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2006.

5.**Стеблева И.В.** Жизнь и литература доисламских тюрков.-М: «Восточная литература» РАН., 2007.-208 с.

6.**Малов С.Е.** Памятники древнетюркской письменности. -М. - Л.: АН СССР., 1951.-203 с.

7.Орхонские надписи. // Энциклопедический словарь Ф.А.Брокгауза и И.А.Ефрона.

8.http://www.kyrgyz.ru/articles/writing/

9.http://bitig.org/



# АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

**Сабырхан СЫМАҒҰЛОВ (Смағұлов),**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың**
**Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы**

**Қазақ ұлттық-демократиялық зиялылары үшін әр уақытта ең негізгі мәселе – жер мәселесі болды.** Патша үкіметі, оның мұрагері болған Уақытша үкімет, ең соңында Кеңес үкіметі мен қазақ демократиялық зиялылары арасындағы кейде ашық, кейде астыртын жүріп отырған күрестің түп-тамыры, қайнар көзі осы жер мәселесі еді. Жер қазақ халқы үшін ең басты тіршілік көзі болды. Сондықтан ХХ ғасырдың басында Алаш қозғалысының көшбасшылары бұл мәселеге ерекше назар аударды.

**«Қазақ» газетінің 1913 жылғы алғашқы санында-ақ «Жер мәселесі» көтеріліп, онда былай деп жазылды**: *«Бұл күнде қазақтың қажет һәм кемшілігі қай жағынан болса да көп, солардың арасында ең біріншісі – жер мәселесі. … Әркім жер деген сөзді жеңіл түсініп жүрген секілді. Бұл терең ойлап, тексере қарайтын іс. … Біздің мақсатымыз жер қақындағы ойымызды бастан-аяқ түгел баяндап жазбақ һәм жазылған сөзді бекітетін толымды дәлелдер көрсетпек»* [1]. Ахмет Байтұрсынов 1914 жылы *«Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі я өлі болу мәселесі»* деп ашық айтты [2]. Жалпы, «Қазақ» газеті өз беттерінде жер мәселесін көп жазды, әрі ашық жазды.

Қазақ ұлттық-демократиялық зиялыларының еңбектерінде қазақ елі орыс патшалығына қарағаннан кейінгі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайларға толық баға берілген. Олардың бағдарламаларында жер-суға, жалпы аграрлық мәселелерге қатысты талаптар нақты айтылған. Осы көкейкесті ойлар 1913 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газетінің негізгі арнасын құрады.

Патша үкіметі қазақ халқының ата қонысын мемлекет меншігі деп жариялап, шұрайлы шабындық пен құнарлы егіндікті қоныс аудару қорына, орыс-казак әскерлерін орналастыру және басқа да отарлаудан туындайтын мақсаттар үшін тартып алып отырды. Күштеп өзіне алу саясатының екі ғасырға созылған жылдарында ресейлік отарлаушылар Қазақстанның 45 млн. десятинаға жуық жерін, басқаша айтқанда ең құнарлы 16 проценттей бөлігіне иелік етті.

**Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1907 жылы жазылған «Қазағым менің, елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазған еді:** *«... Ең алдымен қазақ халқы – Россияға тәуелді халық. ... Оның ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кек тудырады. Халықтан жиналатын салық қаражатының көп бөлігі халыққа тіпті керек емес нәрселерге жұмсалады... Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай... чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, малдарын тартып, ойына не келсе, соны істеді...*

*Енді бұл чиновниктер қазақ даласына мыңдаған мұжықтарды жер аударып, қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып әперуде. Чиновниктерді арқаланған олар өздеріне жайлы қазақ жерлерін еркін иемденуде... Бұлар сорлы қазақтарды ұрып-соғып, бар мүлкін тартып алып кетуде...»* [3].

**1905 жылы қарашада Қарқаралыда митинг өтті.** Онда 14,5 мың адам қол қойған Ресей Министрлер кеңесінің төрағасы С.Ю.Виттенің атына жолданған петицияны Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов,

Ж.Ақбаев сияқты ұлттық-либералдық қазақ зиялылары дайындады. Петицияда патшаның 1905 жылы қазанның 17-сінде жарияланған Манифесінде халыққа берген уәделердің орындалуы, ал қазақ өлкесі жағдайында бірінші кезекте жер мәселесінің әділ шешілуі талап етілген. Онда қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған.

II Мемлекеттік Думаның аз-ақ уақыт (1907 жыл. 20 ақпан – 2 маусым) жұмыс істегеніне қарамастан, оның қазақ депутаттары Ресей парламентіне өлкедегі жағдайдың шындығын жеткізуде мүмкін болғанның бәрін істеді. Осыған орай **Бақытжан Қаратаевтың II Мемлекеттік Думаның 1907 жылы 16 мамырдағы мәжілісінде сөйлеген сөзін ерекше атау керек.** Өзіне берілген 10 минут ішінде столыпиндік аграрлық реформаны, оның негізгі бағыттарының бірі – Орталық Ресейден Қазақстанның далалық облыстарына орыс шаруаларын жаппай көшіру ісін әшкерелеп, мұны Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды күшейтетін және жергілікті халықтарды тонауды шырқау шегіне жеткізетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады.

Б.Қаратаев өз сөзінде қазақ депутаттарының орыс шаруаларының *«...жерге мұқтаждықтарын жақсы түсініп, сезетіндерін»* айта келіп, Қазақстанда қоныстанушыларға «ығысып бере қоятын» «басы артық» жердің өте аз екендігін ескертті. Сонымен қатар ол *«қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп жатқанын... қырғыздарды жерінен емес, олардың тұрғын үйінен көшіріп жатыр»* деп мәлімдеді. Б.Қаратаев патша үкіметінің осы саясатының нәтижесінде қазақтар өз ата қонысынан жаппай айырылып, өз жерінде босқындарға айналып отырғанын ашына баяндады. Сондықтан да, деді ол, Мемлекеттік Думадағы қазақ өкілдері үкіметке оппозициядағы *«фракциялардың бәріне іш тартып отырады»*. Б.Қаратаев Орталықтан шаруаларды көптеп Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына көшіру арқылы патша үкіметі ішкі Ресейлік помещиктердің мүддесін қорғап отырғанын, осы арқылы мемлекеттегі аграрлық шиеленістерді бәсеңдетуді көздеп отырғанын сенімді түрде дәлелдеді.

**Б.Қаратаевтың патша үкіметінің аграрлық саясатына берген батыл да әділ бағасы Мемлекеттік Думаның депутаттарына ғана емес, көпшілік қауымға да үлкен әсер етті.** Бұл туралы әртүрлі саяси партиялардың газеттері өз пікірлерін жазып, кейбір саяси қайраткерлер өз ойларын білдірді. Дәл сол кезде қазақ саясаткері большевиктердің көсемі В.И.Лениннің назарына ілікті [4].

**1909-1910 жылдары қазақ жерін отарлаудың жаңа кезеңі басталды.** Оның негізгі ерекшелігі – қазақ шаруаларының пайдалануындағы жерлерді көбірек босатып алу үшін оларды жаппай бірыңғай отырықшы тұрмысқа көшіру еді. Қоныстандыру басқармасының деректері бойынша тек 1909-1910 жылдары ғана отырықшы тұрмысқа өткен қазақтарға жалпы көлемі 384.364 десятина (17.972 ер жан басына) 104 учаске бөлініп берілген [5]. Қазақ шаруаларын пайдаланып отырған құнарлы жерінен айыру мақсатында оларды біртіндеп емес, қысқа мерзім ішінде жаппай отырықшы тұрмысқа көшіру туралы пікір Столыпин реформасы жылдары туындаған болатын.

**Бұл мәселенің мәнін А.Байтұрсынов өзінің 1914 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған «Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау» деген мақаласында былайша түсіндірді:** *«Қазаққа мал бағуды тастап, 15 десятинадан жер алып, қала бол дегендер: Әуелі, переселен чиновниктері, екінші, ноғай бауырларымыздың газеталары, үшінші, қазақтың оқығандарының кейбіреулері. Переселен чиновниктері қазаққа қала бол дегенде, қала болып 15-тен жер алса, жер көбірек артылады; Көбірек артылса, жерді көбірек алып, жеген нанын ақтамақ үшін қазаққа қала болыңдар деп ақыл берді. Оларға қазақтың күл болғаны, бұл болғаны бір есеп. Ноғай бауырларымыздың газеталары қазақ жерінің жайын білмегендіктен переселен чиновниктерінің сөзін қостап кетті. Олар ойлады: Қазақ 15-тен жер алмаса, құрып жоқ болады да, 15-тен жер алса, мәдениет туын тіккен жұрттың бірі болады деп. Бұл қазақ жерінің жайын жақсы білмегендік. Қазақ жерінде мал бағумен күн көре алмайтын болса, 15-тен жер алып, егін салумен де күн көре алмайды. 15 десятинамен күн көреді деушілер я өздері қазақ жерін білмейтіндер, я біле тұра басқаларды адастыру ниетіндегілер. ...Қазақты алақандай жерге арқандап отырғызамыз деген адасқандық. Қазақты қала қылып отырғызғандар бағып отырған малынан айырар, мал шаруасының төлеуіне тұрарлық ешнәрсе тауып бере алмас деп.*

*Рас, қазақ жерінің жақсысы да бар екені. Бірақ ондай жерлер тіпті аз һәм ондай жерлердің көбін алып та қойды. Бұл күндегі жақсы деп жүрген жерлердің жақсылығы шамалы. Ол жерлерден 15 десятинадан жер алып, қала болып күн көру қиын.*

*Қала бол деушілердің көбі қазақ көшуін қойса, қазақ даласына мәдениет орнар еді дейді. Мәдениет деген жақсы. Бірақ жақсы нәрселердің қолға түсуі оңай болмайды. Мәдениетке жетіскен жұрттар переселен чиновниктерінің қала-қала қылып отырғызуымен жетіспеген, кеңінен толғанып бірте-бірте жылжумен жетіскен. Оны эволюция жолы дейді. Қазақ та мәдениетке сол жолмен жетіседі.*

*Қазақтың білетіні – мал бағу, шала-шарпы егін егу, сауда істеу, бұнан басқа білер өнер я кәсібі жоқ. 15 десятинаға мал жайып мәз бола алмайды, сауданы бәрі тегіс істей алмайды. Олай болса, азы саудагер, көбі егінші болмақ. Егін қазақ жерінде жылда шығып тұрмайды. Бір жыл шықса, бір жыл шықпайды. Тіпті екі жыл, үш жыл ұдайымен егін шықпайтыны бар. Сонда қазақ немен күн көрер?*

*Қазаққа қала болсаңдар мәдени жұрт боласыңдар деп ақыл берушілер, әуелі, қала адамына тиісті кәсіпті үйреніп алып яки ғылым, өнер үйреніп, жаман жерді жақсы жер орнына, аз жерді көп жер орнына тұтынарлық дәрежеге жетіп алып, қала бол десе, оған біз де қол қояр едік. Оны айтпай, переселен чиновниктері 15-тен жер кесіп беріп, қала-қала қылып отырғызса, мәдени жұрт болып дүрілдеп кетесіңдер деген сөз – қазақ қазір Европаша киініп ала қойса, Европа адамдарының істегенін істеп кетер еді деген сияқты сөз. Үкімет біздің 20 ғасырда көшіп жүргенімізден ұялса, бізге жаман жерді жақсы жер орнына тұтынарлық ғылымын үйретіп, білдіріп алып, қала бол десін. Оны істемеген үкімет өзінің істемегенінен ұялмаса, қазақ көшіп жүруінен ұялатын жөні жоқ. Қазақ көшіп жүрсе, еріккеннен көшіп жүрген жоқ, мал баққаннан көшіп жүр. ...Қазақ көшпелі болсын, отырықшы болсын малсыз күн көре алмайды. Мәдени болғың келсе, мал бағудың тоқтаушылығы жоқ. Переселен чиновниктерінен бата алып, 15 десятина жер алса, сонда ғана қала салып отыруға болады деген қате пікір»* [6].

Алаш зиялылары *«Жер мәселесі туралы «Қазақ» газетасының пікірі қазақ жерін жөнімен, жолымен алу жағында,– деп атап көрсетті.– Жөнімен алу дегеніміз – қазақтың осы күнгі істеп отырған ша-*

*руасын тас-талқан қылып қиратпай алу, яғни қазақ егінмен күн көріп отырса, егін нормасымен, малмен күн көріп отырса, мал нормасымен қазаққа жер қалдырып, сонан артылғанын алу. Жолымен алу дегеніміз – қазақ жерін алғанда мынадай-мынадай жолмен алу керек деп переселен чиновниктері бетімен жайылмас үшін шығарған жаман-жақсы болса да саған жол бар. Переселен чиновниктері қазақ жерін алғанда сол жолдан шықпай алуы тиіс»* [7].

«Қазақ» газеті, Ә.Бөкейханов және оның серіктері қазақ халқының отырықшылыққа көшуіне емес отырықшы норманың отаршыл мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы шықты.

**ХХ ғасырдың басында патша үкіметі, оның Қоныс аудару басқармасы әр түрлі желеумен қазақтың жерін тартып алуды одан әрі үдетті.** Сөйтіп, заман тарылып, жер кеміп, дәулет қайтқан күн туды. Қазақтың жерден айырылып қысылғаны соншама қазақ өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады. **Осы іс жөнінде Ә.Бөкейханов өзінің «Қазақ» газетіндегі «Төртінші дума һәм қазақ» деген мақаласында былайша ашына жазды:** *«Мұжыққа жер алғанда қазақтың бар жақсы жерін алып, қазаққа үлкен зорлық қылып отыр. … Қазақ жүрген жерді кім болса сол болсын, қазақтан басқа сатып алып, сұрап алып, мирастап алып өзінікі қылмақ, жалғыз-ақ бұл жол – қазаққа жоқ»* [8]. Сөйтіп, жер дауы – барлық 5 миллион қазақтың дауына айналды.

**Жалпы, 1917 жылға дейін қазақ жерлерін патша үкіметі тарапынан отарлау кең көлемде және айтарлықтай үлкен қарқынмен жүргізілді.** Бұл процесс, әсіресе, қоныстандыру мекемелері құрылғаннан кейінгі уақытта бұрын болмаған деңгейге көтерілді.

1917 жылғы Ақпан революциясы жеңіске жетісімен Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының 15 өкілі *«Қазақтарға, жаңарған Россияның ерікті азаматтарына»* арналған мәлімдеме жариялады. Онда: *«…Россияның барлық халықтары үшін бостандықтың, теңдіктің және туысқандықтың күні туды,– дей келе, – … Жер мәселесін тез арада талқылаңыздар. Біздің ұранымыз: демократиялық республиканы және жерді одан мал шаруашылығы мен егіншілік арқылы табыс алатындарға беру»*,– деп атап көрсетеді. Бірақ Уақытша үкімет жер мәселесін шеше алмады. Уақытша үкімет ең негізгі мәселелерді шешуден қашып, оларды Бүкілресейлік Құрылтай құратын биліктің еншісіне қалдырғаны мәлім.

Кадеттер партиясына үміт артқан ұлттық интеллигенция өкілдерінің онымен саяси-идеялық алшақтығы Ақпан революциясынан кейін біржола айқындала түсті. **Ә.Бөкейханов *«Мен кадет партиясынан неге шықтым?»* деген ашық хатында ол туралы былай деп жазды:** *«Кадет партиясы жер адамға меншікті боп берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сытырылып, жалаңаш шыға келеді»* [9]. Сөйтіп, ол басқа саяси мәселелермен қатар жер мәселесін шешудің кадеттер ұсынған жолымен келіспейді.

**1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезінің күн тәртібінде қаралған 14 мәселенің ішіндегі ең бір өзектісі жер мәселесі еді.** Ол бойынша 14 баптан тұратын арнайы қаулы қабылданды [10].

1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланған он бөлімнен тұратын Алаш партиясы бағдарламасы жобасының ең негізгі және ауқымды бөлігі жер мәселесіне арналды. Онда мәселе былайша қойылған:

*«Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі;*

*қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі;*

*бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы;*

*қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі;*

*сыбаға өлшеу – норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу;*

*сыбағадан артылған жер земство қолында болу;*

*артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіп берілу;*

*Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу;*

*жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу;*

*өзара әділдік жолымен пайдалану.*

*Жер законінде жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.*

*Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу»* [11].

**Сонымен, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында аграрлық мәселеге, соның ішінде, әсіресе, қазақ халқы үшін ең бір өзекті жер мәселесіне ерекше назар аударды.** Олар өздерінің баспасөз басылымдарында, жиылыстары, мәжілістері және съездерінде күн тәртібінен түсірмей, арнайы талқылап, ол бойынша ұлттың қамын ойлаған өркениетті ұстанымда болғанын көреміз. Алаш арыстарының түпқазық идеясы – қазақ мемлекеті. Ал, ол Мәңгілік ел болуы үшін ата-баба найзаның ұшымен, білектің күшімен қанын төгіп қорғаған, сақтап қалған, мыңдаған жылдар бойы ешқайда көшпей, тұрақты мекен еткен жерді бөлшектемей, жатжұртқа таптатпау, сатпау. Себебі, жерден айрылғанның барлық байлықтан, дәулетіңнен, құт-берекеңнен айрылу, өлу, өшу деген сөз.

## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются суть взглядов казахской национальной интеллигенции к колониальной политике Российской империи по земельному вопросу.

* * *

In this article examined essence of looks of Kazakh national intelligentsia to colonial politics of the Russian empire on the landed question.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Қазақ» газеті. – Алматы, 1988. 32-б.
2.Бұл да сонда, 86-б.
3.**Дулатов М.** Шығармалары. А., 1991. 211-б.
4.**Нұрпейісов К**. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. 42-43-бб.
5.**Қойгелдиев М.** Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. 59-60-бб.
6.«Қазақ» газеті. –Алматы, 1998. 84-86-бб.
7.Бұл да сонда, 93-б.
8.Бұл да сонда, 46, 47-бб.
9.**Бөкейханов Ә.** Шығармалар. – Алматы, 1994. 26-б.
10.«Қазақ» газеті. –Алматы, 1998. 405-406-бб.
11. **Нұрпейісов К.** Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. 222-б.

# ӘКІМШІЛ-ӘМІРШІЛ ЖҮЙЕ САЛДАРЫ:

## *әлеуметтік-демографиялық аспектілері*

**Ақжамал ОРАЗБАЕВА(Уразбаева),**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың**
**Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,**
**тарих ғылымдарының кандидаты**

**Бүгінде шынайы тарих ғылымы нақты тарихи деректер мен фактілерге негізделген зерттеулерді талап етуде.** Қазіргі таңда, Кеңес Одағының жасампаз социалистік қоғам құру жолындағы күресіне, оның бүкіл тарихына деген көзқарас, тарихты түсіну, оны түсіндіруге деген ғылыми-теориялық, методологиялық бағыты өзгерді. Бұл мәселеге байланысты тарих ғылымы көптеген проблемаларды қайта қарастыруда. Осы жаңа бағыттағы еңбектердің көпшілігі ең алғашқы кезеңде жалпылама бірыңғай қаралау сарынында жазылғандығын естен шығармауымыз керек.

Тарих ғылымына идеологиялық ықпал жасап келген коммунистік партияның уақыт сынына төтеп бере алмай тарауы және республикамыздың тәуелсіз дамуы бір кездегі Қазақстандағы тоталитарлық билік зардаптарын жан-жақты зерттеп, зерделеуге жол ашты. Мәселенің жаңаша қойылуы сан алуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді қажет етеді.

**ХХ ғасыр басында билік басына келген большевиктер партиясы дара билеушіге айналды.** Елде белең алған әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайына сәйкес Қазақстанда өзіндік басқару ұйымдарының құрылғандығы мәлім. Жер-жерлерде партия тарапынан құрылған ұйымдарда еркіндік болмады, яғни олар өз тарапынан өздерінен үстем жоғарғы партия ұйымдары нұсқауларын орындаушы ғана рөлін атқарды [1]. Басшылықтағы партияның сырт бетбейнесінің ішкі мазмұнға сай келмеуі мен өзара тәуелділіктің (партияның басқарушы ұйымымен бастауыш ұйымының – авт.) күннен-күнге артуы елдегі әміршіл-әкімшіл басқарудың айқын көрінісі болды. Дәлірек айтсақ, кеңестік дәуірде әртүрлі дәрежедегі саяси конференциялар, отырыстар, партиялық, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жиналыстары көптеп орын алған болатын. Осының негізінде қарапайым халық билікке араласып жүр деп саналды. Бірақ бұның барлығы тек партияның халықты саяси өмірге араласып жүргеніне сендіру бутафориясы, ал әлемдік деңгейде Кеңестердің социализм құрушы ел ретіндегі беделі ғана еді. М.Қозыбаев бұл жағдайға: *«жұмысшы табы диктатурасы ел билейді деген әдемі ұран болды, шын мәнінде билік коммунистік партияның уысынан шықпады, қалың жұмысшы табы меншігі жоқ, жесе асқа, кисе киімге, баспана үйге зар жалдамалы тобыр болып қала берді. Кеңес елі әлеуметтік салада зор табысқа жетті»* [2] – деп дәл баға берген. Себебі, 1920 жылдардың өзінде-ақ партия ұйымдарында да, кез келген съезд не конференция да еркіндік болған жоқ. Себебі біріншіден, барлық нұсқау, қаулы-қарар, шешім сияқты басқа да маңызды құжаттар Орталық комитет тарапынан талқыланып барып таратылып, орындалу барысы да қатаң қадағаланып отыратын. Нәтижесінде жер-жерлердегі партия ұйымдары соның аясынан шыға алмайтын. Екіншіден, жер-жерлердегі (жоғарғы не төмен) конференция барысында талқыланған мәселелер тек қана мәлімдемелік, есептік сипатқа ие еді. Себебі, экономика, саясат, мәдениет салаларындағы кардиналды мәселелер ОК отырыстарында талқыланып, шешілетін мәселе өз шешімін тауып қоятын. Ал, аймақтағы партия ұйымдары бұл қалыптасқан жүйеден аттап кете алмайтын. Осылайша Кеңес Одағы көлеміндегі саяси мәселелер бір пошыммен пішілген еді. Олардың барлығы тең мөлшерде партияның Орталық комитетінің саяси Ұйымдастыру бюролары хатшылығына тәуелді болды [1, 49-66-бб.]. Орталықтан саяси нұсқау алған ұлттық республика немесе обком хатшысы өзінен төменгі партия комитеттеріне (төменгі инстанцияларға – автор) жіберіп отырды.

Ал, партия құжаттарының негізгі бөлігі – саяси бюро отырыстары, пленумдар хаттамалары, әртүрлі аналитикалық жазбалар, статистика материалдары мен тағы басқа құжаттар зерттеушілердің өте шектеулі шеңберінің назарына аз ғана мөлшерде берілген. Мұның себебін тоталитарлық жүйенің өз істерінің шынайы нәтижесін өз азаматтарынан, әсіресе, кейінгі ұрпақтан жасырып қалуға тырысқандығымен түсіндіруге болады.

**Бұл жерден кеңестік билік жүйесінің әміршіл-әкімшіл сипатын да анық көреміз.** Кеңес қоғамындағы өзгерістер халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл, әсіресе, жер мәселесінде, ауыл шаруашылығын ұжымдық негізде күштеп қайта құру саясатында айқын көрінді. 1920-жылдардың екінші жартысынан бастап қоғамда айқын көрініс тапқан әкімшіл-әміршіл террор шаруаларды кооперация жолына түсіру идеясын бұзып қана қойған жоқ, сонымен бірге оның пайдалы жақтарын да жоққа шығарды.

Қазақстан тарихының өзекті де жан ауыртарлық беттерінің біріне қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық мәселесі жатады. Қазақ тарихында орын алған небір қилы зұлматтар ұлтымыздың өсіп-өнуіне көп залалын тигізгені бүгінде белгілі. Еліміздің тарихындағы соңғы 300 жыл түрлі демографиялық метамарфозалардың, яғни күрт және кілт өзгерістердің кезеңі ретінде сипатталып жүргендігі де шындық [3].

**Осындай апатты да зұлматты кезеңдердің бірі – кеңестік кезең.** Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан этнодемографиялық жағдайы, алғашқыда отарлау саясаты әсерінен, кейін коммунистік идеология ықпалынан көп өзгеріске ұшырады. Билік басына келген коммунистік партия ұстанған әмір-

шілдік-әкімшілдік қағида қоғамның барлық саласын толық қамтып қана қоймай, қазақ халқының демографиялық жағдайына апатты әсер етті. Қазақстанның кеңестік кезең тарихының басты оқиғаларына негіз болған аграрлық реформалар; байлардың мүлкін тәркілеп өздерін жер аудару; саяси репрессиялар; күштеп отырықшыландыру; ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің салдарынан болған қатты ашаршылық; жергілікті халықтың шекаралас басқа республикаға көшіп кетуі сияқты басқа да саяси шаралар қазақтардың әлеуметтік-демографиялық жағдайына кері әсер еткен факторлар. Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның аталмыш саяси шараларының аймақта күштеу саясаты арқылы жүзеге асқандығын бүгінде айқындалып отыр. Осыдан шыға келе, халқымыздың санының азаюына әсер еткен кеңестік күштеу саясатының мәнін мәселенің зерттелу деңгейін анықтау арқылы ашып көрейік.

**Кеңестік кезең тарихнамасында демография туралы қомақты зерттеу еңбектері жарық көрмеді десе де болады.** Бірен-саран жазылған зерттеулер мәселені таптық тұрғыдан бағалап, тек қана сандық мәліметтер ғана берді. Негізінен алғанда мәселеге қатысты жариялымдар қатарында әр жылдардағы өткізіліп тұрған халық санақтарының мәліметтерін атап өтуге болады. 80-нші жылдардан бастап, Қазақстан халқының демографиялық дамуына деген көзқарас өзгеріп, зерттеушілер еңбектерінде демографияға саяси факторлардың әсері талдана бастады.

**Тәуелсіздік жылдары демографияға арналған бірқатар еңбектер мен зерттеулер жарық көрді.** Дегенмен, халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайына қатысты кеңестік күштеу саясатының тарихын арнайы зерттеген еңбек жоқ. Аталмыш бағытта жазылған еңбектер қатарына, XX ғасыр басындағы тарихи оқиғаларға байланысты жарық көрген еңбектер және жекелеген аймақтарды әлеуметтік-демографиялық мәселелерді ашып көрсетуге тырысқан диссертациялық зерттеу жұмыстары жатады.

1990-ншы жылдары, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков секілді белгілі ғалымдардың кеңестік кезеңдегі саяси бағыттың күштеулік мәнін ашып көрсететін бірқатар еңбектері жарық көре бастады. Бұл зерттеулерде тікелей демографиялық мәселелер қарастырылмағанымен, сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайдан шыға отырып, халықтың азаюы мен апатқа ұшырауы салдары кең ауқымда ашып көрсетілген [4].

Т.Омарбеков «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» [5] атты еңбегінде күштеп ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстандағы демографиялық апаттың мазмұнына арнайы талдау жасаған. Зерттеуші, сталиндік режимнің күштеп ұжымдастыру жылдарында орын алған алапат аштықтан туындаған демографиялық апатты анықтауға мүдделі болмағандығының себебін ашып көрсетеді. Кеңестік басшылық үшін бұл – «ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру» деген атпен жүргізіліп, шаруа халыққа орасан зор қасірет әкеліп, кінәсіз жандарды жаппай жазалауға ұласып кеткен қызыл империя саясатын әшкерелеуге алып келетін еді.

**Кеңестік күштеу саясатының әлеуметтік қырын ашуда партия құжаттарының берері өте мол.** Сол құжаттарға сүйенсек, 1921-25 жылдарды, жаңа шаруашылық саясатының негізінде халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірі деп сенген коммунистер өздерінің оң іс атқарып жүргендеріне еш күмәні болмаған. Мысалы, мына бір естеліктен: *«осының бәрі Кеңес өкіметі мен Лениндік партияның ұстанып отырған айқын бағытының, дәйекті сыртқы саясатының, аса зор еңбегінің жемісі»* [6], – деп, кеңес саясатына үлкен сенім артқанын көруге болады.

Кеңестік идеологияның жемісті жұмыс істегендігі соншалық, тіпті, жастар өздерінің партия жұмысына тартылғанын мақтан тұтқан. Мысалы, «Менің жасым 22 жаста» деп басталған естеліктің бірінде: *«бірінші жұмысым осы партияның тарихи қаулыларын жүзеге асырумен басталды. Қазақстанда, соның ішінде бұрынғы Бөкей губерниясында X съездің қаулылары негізінде 1921 жылы жазғы егіспен, жер-суды байкулак қолдарынан кедей-батрақ шаруалардың қолдарына тартып алып берумен басталғандығын»* үлкен мақтанышпен, қуана жеткізеді. Бұл жолдардан тек мақтаныш сезімін ғана емес, 1921 жылы жерсу реформасының басталғанын және оның мәнін көреміз. Осы реформаға қатысты мәліметтерді ХҚК бірінші хатшысы болған Радус-Зеньковичтің естеліктерінен кездестіруге болады. Онда: *«В.И.Лениннің бұйрығымен ОАК мен ҚазССР халық комиссарлар кеңесі Қазақастан өмірінде маңызды роль атқарған ірі екі реформа жүргізді. 1921 жылы 2 ақпанда ҚазССР ОАК, патша өкіметі «дворяндар мен капиталистерге бөліп берген жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтару» туралы декрет қабылдады. Осы жылы 19 сәуірде қазақ еңбекші халқына патша өкіметімен жеке меншікке тартылып алынған жерлерді қайтару» туралы да декрет қабылданды. Осының негізінде еңбекші қазақтар бірнеше миллион гектар құнарлы, шөбі шүйгін жерлерге ие болды. Мыңдаған шаруашылықтар кулактар мен байларға тәуелділіктен босады»* [7] – делінген.

Одан ары қазақ халқын: *«қазақ халқы экономикалық, мәдени дамуы жағынан артта қалған шығыс халқына, соның ішінде дамудың рулық дәуірінен шықпаған халыққа жатады»* [8] – деп бағалай келе жанашыр ретінде оларды осындай жағдайдан құтқарудың жолдарын, шешімдерін іздейді. Осы тезистің 10-шы пунктінде ол жолдың бірі былайша көрсетіледі: *«Байлармен, ақсақалдармен күресу, сол арқылы олардың кедейлерге тәуелді екендігін дәлелдеу және қазақтарға ықпал етуде интеллигенциямен күресу қажет»* [8, 13 п.]. Облбюроның пайымдауынша: *«қазақ интеллигенциясы өн бойына буржуазиялық-ұлттық көзқарастарды сіңірген».* Бұл кеңестер тарапынан жасалған тек қана біржақты тоқтам еді. Осылайша, Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ жергілікті халық саяси дискриминацияға ұшырады.

*«Қоғамның барлық мүшелерінің жан-жақты дамуына және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік төңкеріс қажет. Жұмысшы табының төңкерісі қоғамның таптар мен топтарға бөлінуін жоя отырып, жапа шеккен адамзатты азат етеді. Әлеуметтік төңкерістің алғышарты – пролетариат диктатурасы, яғни пролетариаттың қанаушыларға төтеп берерліктей күшті басып алуы. Осы жолда коммунистік партия оны барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұра алатындай жеке саяси партияға біріктіреді»,* – дей отыра, *«тек қана коммунистік төңкеріс қана адамзатты империализм мен империалистік соғыс әкеліп тыққан*

*тығырықтан алып шыға алады»* [9] – деп сенеді. Дегенмен КП теңдік ұранын алға тартқанмен, бір таптың (кедей жұмысшылардың – А.О.) үстемдігін арттыру арқылы екінші бір таптың (байлар мен ұлттық интеллигенция өкілдерінің – авт.) бәрібір қаналуына, жапа шегуіне алып келді.

Осы озбырлықтың барлығын халық санасына оң көзқарастар тарапынан сіңіру мен Қазақстан көлемінде әміршіл-әкімшіл жүйе үстемдігін арттыруда, жергілікті жерлердегі партия мекемелерімен жұмысты жақсартуда, партия идеясын кеңінен таратуда, халық арасына сіңдіруде арнайы үгіт-насихат бөлімдерінің алар орны маңызды болды.

**Өз саясатын «дұрыс» жүргізу үшін партия төмендегідей мақсат қойды:** *«Қазақстанда партиялық бұқарамен байланыс ісінде және оның кең талапкерлігін қамтамасыз ете отырып, партиялық және жалпы құрылысқа тарту ісінде партия органдарының тарапынан инициатива мен табандылық басқа жерлердің бәрінен көп болуы керек. Ішкі партиялық және жалпы шаруашылық бағытты бұлжытпай жүзеге асыру негізінде партиялық күштерді топтастырудың, партиялық және жалпы жұмысты нығайтудың ең мәнді кезеңдерінің бірі-біріктіру принципі бойынша қайта құрылған Бақылау комиссиясы мен жергілікті насихат бөлімдерінің жұмыстарына жан-жақты көңіл бөліп барынша жәрдемдесу болып табылады»*, – дей келе: «*Насихат және тәрбие жұмысын тиісінше тереңдету арқылы біздің партия ұйымдарында байқалып отырған ұсақ буржуазиялық ықпалдар мен идеологиялық ауытқуларға қарсы батыл күрес жүргізуі керек»* [10] – деп көрсетеді. Сонымен қатар, *«саяси тәрбие және үгіт-насихат жұмысын нақты жүргізу мақсатында, сондай-ақ онда партиялық басшылық элементтерін тереңдету мақсатында үгіт-насихат бөлімінің басшы құрамын, сондай-ақ насихатшылар мен лекторлардың негізгі кадрларын жергілікті жерлердегі партия құрылысының негізгі мәселелерін талдап шешуге, олардың тәжірбиесін есепке алып, пайдалану жөніндегі жұмысқа неғұрлым толық тартылуына жету қажет»* [10, 28 п.] екендігі партия аппараты жұмысын жүргізуде басшылыққа алынды.

Үгіт-насихат жұмысы көпшілікпен байланыс көзі болғандықтан да «Қазақ АССР-індегі үгіт-насихат жұмысы және қазақ саяси-ағарту басқармасының міндеттері туралы» [11] сияқты қаулыларда арнайы қарастырылған. Онда басты міндеттерді: *«Біздің партияның ҚазақАССР-ндегі кезекті міндеттерінің ішінен үгіт-насихат ұйымдарының жұмысына тікелей қатысы бар міндеттерден бірінші кезекте тұрғандары мыналар: біріншіден, шаруалардың, қазақтардың және казактардың таптық тұрғыдан жіктелуі және пролетариаттың таптық сана-сезімінің нығаюы; бұл орайда, әсіресе, қазақтардың арасында көп жұмыс жүргізуге тура келеді; екіншіден, ҚазақАССР-інде тұратын халықтардың арасындағы ұлттық антогонизмді жою; үшіншіден, Кеңес өкіметін, оның мәні мен шараларын халыққа түсіндіру арқылы нығайту; төртіншіден, көшпенді қазақтардың отырықшылық өмірге шапшаң көшуіне көмектесуге бағытталған шараларды тереңдету»* [11, 28 п.] **–** деп тапқан.

Көпшілік халықтың санасын ешқандай күшсіз, соғыссыз улаудың айнымас жолын тапқан партия 1921 жылдың 10 тамызындағы циркулярында: *«партияда жоқ қырғыздарды (қазақтарды) өзіміздің әсер ету аямызға кіргізе отырып, біз олардан болашақта кеңестік жұмыстың адал кадрларын құйып шығарамыз. Сол арқылы кедейлердің қолдаушысы ретінде позициямызды да күшейтеміз»* – деп өз пиғылдарын анық көрсетеді [12].

Партия тарапынан жүргізілген мұндай саясат, біріншіден, қазақ халқын орасан зор апатқа ұшыратса, екіншіден, адамның жеке басы мен адамдар қауымын кез келген жоспар бойынша оңдауға, жөндеуге болады деген түсінік қалыптастырды. Және де бұл тек түсінік деңгейінде қалмады, шын мәнінде күштеу саясаты арқылы жүзеге асты.


## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются аспекты социально-демографического последствия советской насильственной политики. Всем известно что советская идеология долгое время имело сильное влияние на развитие исторической науки, в результате чего о последствиях политики советской власти во многом умалчивалась. Автор, на основе рассекреченных архивных материалов делает попытку раскрыть суть командно-административной власти и последствия ее политики.

* * *

This article examines aspects of the socio-demographic consequences of Soviet violent policies. Everyone knows that the Soviet ideology for a long time had a strong influence on the development of historical science, as a result of which the consequences of the policy of the Soviet power were largely hushed up (silent). The author, on the basis of declassified archival materials, makes an attempt to reveal the essence of the command and administrative authority and the consequences of its policy.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Павлова И.В.** Механизм политической власти в СССР в 20-30-е годы // Вопросы историй. –1998. – № 11-12. –С. 49-66 с. – 51 б.

2.**Қозыбаев М.** История и современность. – Алма-Ата, 2003. – 265 б. – 73 б.

3.**Тәтімов М.** Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 13 б.

4.**Қойгелдиев М., Омарбеков Т**. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. – 208 б.;

5.**Омарбеков Т.** 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1997. – 215 б.

6.Семейде кеңес өкіметінің орнауы туралы И.М.Морозовтың естелігі // ҚРПМ. – қор 811. –тізімдеме 3. – іс 59. –2 п.

7.ҚРПМ. –қор 811. –тізімдеме 2. – іс 24. – п.17.

8.ҚРПМ. –қор 811. –тізімдеме 2. – іс 24. – п.17.

9.Программа Российской коммунистической партии (большевиков) // Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Издание пятое. – Т.38. – 573. – С. 417-446.

10.Документы (стенограммы, доклады, бюллетени) первой I киргизской областной конференций РКП(б) // ҚРПМ. –қор 140. –тізімдеме 1. – іс 19. – п.28.

11.РК(б)П ОК-нің Қырғыз өлкесіндегі үгіт-насихат жұмыстарына байланысты циркулярлы нұсқаулары //ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 189. – п.28.

12.Циркулярные письма: входящая и исходящая переписка с парторганизациями // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 36.

13.РК(б)П Қыробком президиумы хатамалары// ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. – іс 818. – пп.106.

# ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ ЖӘНЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІ:
## *әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар*

**Зағира ТОҚБЕРГЕНОВА,**
**Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,**
**тарих ғылымдарының кандидаты**

Түркістан өлкесінде, оның құрамдас бөлігі саналатын Сырдария облысында, Кеңес өкіметі өз билігін орнатысымен осы өңірдегі өзінің экономикалық саясатын нақтылы жүзеге асыра бастады. Әуел бастан-ақ Кеңес өкіметінің негізгі бағыттарын В.И.Ленин экономика саласындағы саясаты мемлекеттік орталық және ұлт аймақтарында Қазан төңкерісіне дейін орын алған ел шаруашылығындағы көпукладтық пен нарықтық қатынастарды жойып, олардың орнына орталықтан басқарылатын жоспарлы экономика қалыптастыруға бағытталды. Ал мұның өзі қоғамдық-саяси өмірдегі текетірес пен қарама-қарсылықтың экономикалық негізін жою деген сөз еді.

**1917 жылғы Қазан төңкерісі жеңіске жеткен күннің ертесінде-ақ, академик И.И.Минцтің дәл көрсеткеніндей, В.И.Ленин** *"социалистік құрылыстың жоспарын ойлана бастады… оның ұзын-ырғасын жасап, жоспардың жекелеген ұстанымдарын айқындайтын мақалалар жазды…"* [1, 197-б.]. Осы бағыттағы оның пікірлері мен нұсқаулары 1918 жылғы сәуір айында аяқталған "Совет өкіметінің кезектегі міндеттері" деген еңбегінде айқын да ашық айтылды [2, 179-225-б.].*"Біз Россияны кедейлер үшін байлардан, еңбекшілер үшін қанаушылардан тартып алдық,*– деді осы кітапшасында В.И.Ленин. *– Енді біз Россияны басқаруға тиістіміз. Сондықтан бастан кешіріп отырған кезеңге тән ерекшеліктердің бәрі, қиыншылықтардың бәрі мынада: …қанаушылардың қарсылығын соғыс арқылы басып-жаншу жөніндегі басты міндеттен, басқару жөніндегі басты міндетке көшудің ерекшелігін түсінуде болып отыр"* [2, 186-187-б.].

Басқаша айтқанда, В.И.Ленин Қазан қарулы көтерілісі жеңісі нәтижесінде саяси биліктен айырылған материалдық игілік иелерінің Кеңес өкіметіне деген қарсылығын енді экономиканы басқару әдістерін өзгерту жолымен басып-жаншу қажеттігін айқындады. Мұны ол саяси билікті алғаннан кейінгі Кеңес өкіметінің батыл жүзеге асырылуға тиісті кезектегі міндеттері деп санады.

Бұл міндеттерді орындау ең алдымен ел шаруашылығындағы бұрын орын алған көпукладты, нарықтық қатынастарды жойып, оның орнына меншіктің барлық түрлерін мемлекеттендіру немесе мемлекеттік меншікке айналдыру негізінде осыған дейінгі товарлық-ақшалық қатынастарды тежеу саясатынан анық көрінді. Ал мұның өзі экономиканың басты салаларын национализациялаудан, 1918-1920 жылдары орын алған "соғыс коммунизм" саясаты дейтін төтенше шаруашылық шаралары, т.с.с. арқылы жүзеге асырылды [3, 131-б.].

**Бұл саясаттың екінші жағы сол жылдары Кеңес өкіметі жүргізген азық-түлік мәселесіне байланысты іс-әрекеттері еді.** 1917-1920 жылдар Кеңестік жүйе жүзеге асырған азық-түлік өнімдерін есепке алу, оларға байланысты орнатылған азық-түлік салғырты (продразверстка) мен салығы көлемінің ұдайы өсіп отыруы, астық монополиясын орнату, өнімдерді жиі-жиі реквизициялау (тартып алу) мен тәркілеу тек қана ауқатты, бай адамдарға ғана емес, ең алдымен халықтың басым көпшілігі болатын топтарына аса ауыр тиді.

**Экономика саласындағы Кеңес өкіметінің айтылмыш саясаты жүзеге асырыла бастауының қарсаңында өлкенің халық шаруашылығының жағдайы аса ауыр еді.** Кеңес өкіметі жеңіске жеткен кезеңдегі Түркістан өлкесінің экономикасы күрделі дағдарыс жағдайында болды. 1914 жылдан басталған бірінші дүниежүзілік соғыстың барысында империяның орталық аудандарымен салыстырғанда мешеу дамыған Түркістан өлкесінің өнеркәсібі аса ауыр құлдырауға ұшыраған еді. Мәселен, 1913 жылмен салыстырғанда өлкедегі сол кезде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының саны 1917 жылы 75%-ға, ал олардың өнім өндіру көлемі 80%-ға кеміді [3, 131-б.].

Орталық Кеңес үкіметі болса, лениндік нұсқауларға сәйкес жаңа тұрпатты экономиканы басқару үшін өзінің жанынан Халық шаруашылығының жоғарғы Кеңесі (Высший совет народного хозяйства – ВСНХ) аталған мекеме құрды. Мұндай шаруашылық Кеңестер жергілікті жұмысшы, солдат және шаруалар Кеңестерінің жанынан да құрылуға тиісті болды. Олар туралы орталық Кеңес үкіметінің арнаулы Ережесі қабылданды (1917 жылғы 22 желтоқсанда). Осы Ережеде жергілікті халық шаруашылық Кеңестері *"әрбір экономикалық ауданның (облыстың) шаруашылық өмірін жалпы мемлекеттік мүдделермен реттеу үшін құрылады",* – делінді.

**Осы құжатқа сәйкес 1918 жылғы 21 наурызда Түркістан Өлкелік халық шаруашылық Кеңесі құрылды.** Одан кейін өлкенің жекелеген өңірлерінде оның аймақтық (облыстық, уездік) бөлімдері ұйымдастырылды. Мәселен, 1918 жылғы 4-сәуірде Сырдария облыстық халық шаруашылық Кеңесі құрылса, одан кейін облыстың барлық уездері мен ірі саналған қалаларында оның бөлімшелері дүниеге келді. Жалпы алғанда осы шаруашылық Кеңестер жүйесінің басты міндеті Түркістан өлкесін Ресей өнеркәсібі үшін шикізат көзі және оның товарларын сататын рынок рөлін арттыруға қызмет етті. Бұл бағыт Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ Түркістанды, ең алдымен Ресейлік жеңіл өнеркәсіпті мақта талшығымен қамтамасыз ететін өңір ретіндегі патша үкіметі кезіндегі рөлін арттыра түсуге бағытталған іс-әрекеттерінен анық көрінді. Мәселен, орталықта Кеңес өкіметі орнасымен Ресей Федерациясының жоғарғы Халық шаруашылық Кеңесі "Мақта ісін монополизациялау туралы қаулы" қабылдады (1918 ж. 12 қаңтарда). Осы қаулыға сәйкес Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесі сол жылғы 26 ақпанда "Өлкедегі мақтаны тәркілеу (конфискациялау) туралы декретті" жариялады. Түркістан өлкесінің сол кездегі үкіметінің басшысы Колесов қол қойған осы құжатта былай делінді: *"Түркістан өлкесіндегі мақтаның барлығы … тәркіленіп, ол жұмысшы-шаруа үкіметінің меншігі деп жарияланды. Өлкенің барлық Кеңестері мен*

*революцияшыл теміржол комитеттері осы декретті жүзеге асыру және жиналған мақтаны "Ташкент" темір жол станциясына жеткізу үшін өз өкілдерін бөледі. Меншік иелері қарсылық көрсетсе, олар ату жазасына кесілуге тиіс"* [3, 134-б.].

**Облыс орталығы Ташкентте Кеңес өкіметі орнаған кезден бастап жер-жерлердегі кәсіпорындар мемлекеттік меншік деп жарияланды.** Мәселен, 1918 жылғы 26 наурызда Түркістан республикасының Халкомкеңесі (Халық комиссарлар кеңесі) "Хида" және басқа да акционерлік қоғамдарының Арал теңізіндегі балық аулау және өңдеу кәсіпорындарын национализациялау жөнінде декрет шығарды. Оны жүзеге асыру барысында жаңадан құрылған Арал балық кәсібі басқаратын комитет теңіз жағалауындағы 12 үлкенді-кішілі 12 акционерлік балық кәсіпорындарын национализациялады. Мұның үстіне Арал жұмысшы депутаттары Кеңесі (Совдеп) капиталистерге жатқызылған 17 кәсіпкердің тұрғын үйлерін тәркілеп, оларды баспанасыз балықшыларға берді.

**Сырдария облысында 1918 жылдың екінші жартысында 36 тері өңдейтін және аяқ киім тігетін кәсіпорындары национализацияланды.** Олардағы жұмысшылар саны 775-ке тең болды. 1919 жылдың соңында облыста осы салада қоғамдастырылған кәсіпорындарының саны 73-ке жетіп, оларда 4301 адам еңбек етті [4, 22-б.].

Ал 1919-1920 жылдарда Сырдария облысындағы мақта тазалау кәсіпорындары түгелге дерлік национализацияланып, олардың 35-і жергілікті Халық шаруашылығы Кеңестерінің (Совнархозы) басқарына өтті [4, 134-135-б.].

**Облыстағы ірі диірмендер мен басқа ұн тартып, жарма шығаратын кәсіпорындары да национализациялауға ұшырады.** 1918-1920 жылдар аралығында Сырдария облысында 300 жұмысшысы бар 16 ірі диірмен мен ұн мен жарма шығаратын кәсіпорындары национализацияланып, 2600 жұмысшысы бар 1060 осы саланың майда кәсіпшіліктері (предприятия кустарного типа) облыстық Халық шаруашылық Кеңесінің қарауына өтті [5, 6-8-б.].

"Шаш ал десе, бас алатын" жергілікті шолақ белсенділер Түркістандағы национализациялау науқанының қарқынын орталық Ресейдегі қарқыннан да "биік деңгейде" жүргізді. Кейбір жерлерде 5-10 адам еңбек ететін майда қолөнер кәсіпшіліктері де мемлекеттік меншікке айналдырылды. Мәселен, 1918 жылдың ортасына дейін Ресейдегі барлық өнеркәсіп орындарының 11%-ы национализацияланса, Түркістан өлкесінде бұл көрсеткіш 45% -ға тең болды.

**1918 жылдың бірінші жартысында Түркістандағы мақта тазалайтын, май шығаратын, тері өңдейтін, көмір және мұнай шығаратын кәсіпорындар мемлекет меншігіне көшірілді.** Бұл науқан баспаханалар мен басқа да полиграфиялық нысандарды айналып өткен жоқ. Атап айтқанда, Түркістан өлкесінің өкіметі 1918 жылғы 16 наурызда "Мұнай және көмір өнеркәсіптерін национализациялау" туралы, 19 наурызда полиграфиялық кәсіпорындарын, ал сәуірде Жетісу, Ферғана және Бұхара темір жолдарын, мамыр айында жеке меншік бөліктердің күллі бөлімшелерін национализациялау жөнінде декреттер жариялады.

Айтылған кезеңде (1918 жылдың бірінші жартысында), жалпы алғанда өлкенің 316 өнеркәсіп орыны мемлекеттік меншікке көшті. Оларда осы аймақтағы өнеркәсіп жұмысшыларының 60%-ы еңбек ететін еді.

Осындай саясатты жүзеге асырудың нәтижесінде 1920 жылдың соңына қарай толық емес мәліметтер бойынша Түркістан өлкесіндегі 1175 кәсіпорындар мемлекеттік меншікке айналдырылды. Оларда жалданып еңбек ететіндердің 90%-ы, өлкедегі машиналар мен механизмдердің 80%-ы шоғырланды [3, 134-135-б.].

Түркістан большевиктері, орталық Ресейдегі сияқты басқа саяси партиялардың, атап айтқанда біраз уақыт Орталық және Түркістандық Кеңестік үкіметтердің құрамында болған солшыл эсерлердің өнеркәсіпті национализациялаумен қатар оның кейбіреулерін "социализациялау" жөніндегі ұсыныстарын да қабылдамай тастады.

Большевиктердің пайымдауы бойынша "солшыл эсерлер" ұсынған "социализациялау" идеясы немесе жекелеген кәсіпорындарына ұжымдық меншік орнату идеясы товарлық-нарықтық қатынастарды мойындаумен бірдей еді. Ал большевиктер болса, негізі қалана бастаған келешектегі тоталитарлық жүйенің экономикасы орталыққа бағындырылған жоспарлы тәртіпке негізделуі тиіс деп есептеді. Уақыт көрсеткеніндей, сірескен жоспарға бағынған экономика түптеп келгенде Кеңес Одағының тарих сахнасынан 74 жылдан кейін кетуінің басты себептерінің бірі болды.

## РЕЗЮМЕ

В статье исследуется вопрос установления Советской власти в Сыр-Дарьинской области и его центре – Ташкенте, образования и деятельности Совета Народных комиссаров Туркестанской советской республики (ТСР) в составе РСФСР, проводимая им политика «военного коммунизма», повсеместной национализации местных предприятий при помощи резолюций декретов и других решений программных документов Туркреспублики. Рассматривается подчинение региональной экономики принципам плановой экономики, продиктованных центральными органами.

* * *

This article examines the question of the establishment of Soviet power in the Syr-Darya region and the centre of Tashkent, the formation and activities of the Council of people's Commissars of the Turkestan Soviet Republic (TSR) within the RSFSR, its policy of "war communism", the widespread nationalization of local companies with resolutions, decrees and other decisions of policy documents Correspondece. Discusses the subordination of the regional economy to the principles of a planned economy dictated by Central authorities.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Минц И.И.** Год 1918. – М., 1982. – 197 с.

2.**Ленин В.И.** Совет өкіметінің кезектегі міндеттері: – Алматы: Қазақстан, 1982. – С.41-46.

3.Туркестан на историческом повороте (1917-1920 гг.): Учебное пособие //сост.: Голованов А.А., Тилеукулов Т.С. – Ташкент: Изд-во «Халк мероси», 2002. – 161 с.

4.**Тугов П.И.** К истории национализации промышленности в Казахстане в 1918-1920 гг. //Известия АН Каз. ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – 1960. – Вып. 1(12).13-28-б.

5.Материалы Всероссийских переписей 1920 г. Промышленная перепись в Туркестанской Республике. // Список промышленных заведений Сырдаринской области. – Ташкент: Издательства ЦСЦ Туркестанской Республики, 1922. – Вып. 2. – 158 с.

# ДІНАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – ҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ТІРЕГІ

**Жангелді ШАУКЕНОВ,**
**А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты**

Қазақстандағы діндердің дамуы діни сенім бостандығы, рухани даму, елдегі азаматтық татулық пен конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған мемлекеттің жүйелі саясатының нәтижесі болып саналады. Қазіргі таңда Қазақстанда 130 этностық және 18 конфессионалдық топ өкілдері тұрады, елімізде олардың арасында бейбіт қатар өмір сүруі мен дамуы үшін қолайлы жағдай жасалған. Көпэтносты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығы болып саналады.

Діни ахуалдың жай-күйі, өсу қарқынына жасалған талдау өскелең ұрпақ өкілдерінде діндарлықтың артқанын байқатады. Бұл жеке тұлғаның табиғи рухани қажеттілігі тұрғысында ғана емес, қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани дәстүрге нұқсан келтіретін жалған діни ұйымдар мен ағымдар қызметі арқылы да өсуде.

**Қазақстандағы конфессиялық саясаттың құрылуына негіз болатын басты ұстанымдар:**

- елдің Конституциясы мен заңдары азаматтардың ар-ұждан және діни сенім бостандығына кепілдік береді. Конституция конфессиялық, этникалық және өзге де белгілердегі кемсітушіліктің кез келген формасына тыйым салады. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлістіктердің еркін қызмет етуі үшін құқықтық негізді нығайтты.

- Қазақстан демократиялық, зайырлы, әлеуметтік және құқықтық мемлекет деп саналатындықтан мемлекет конфессиялардың өз қызметтері мен құқықтарын жүзеге асыруға тең және қолайлы жағдай жасайды.

Аталған ұстанымдар діни бірлестіктер санының артуына және конфессиялар арасында достық байланыстың нығаюына себепші болды. Қазақстан тұрғындарының басым көпшілігі өздерін мұсылман санауы өзге діни сенімдердің толыққанды қызмет етуіне кедергі жасамайды. Тәуелсіздік алғаннан бері православиелік, католиктік, протестанттық қауым саны бірнеше есеге өсті.

Азаматтық қоғам институттарының – үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан Халқы Ассамблеясы, сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға белсенді қатысуы Қазақстандағы конфессиялық тұрақтылықтың нығаюында маңызды орын алады. Бүгінгі таңда халықтың түрлі деструктивтік, соның ішінде жалған діни идеяларды мойындамаудағы нақты азаматтық ұстанымын қалыптастыру маңызды.

Діндердің бейбіт қатар өмір сүруі, экстремизмнің таралуына қарсы іс-қимыл, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының басым міндеттері. Діни және этникалық негіздегі қақтығыстар, мәдени, әлеуметтік, саяси құқықтардың шектелуі, этникалық немесе конфессиялық белгілердің, діни экстремизм мен терроризмнің мемлекеттің саяси жүйесінің тұрақсыздығына, халықаралық қатынастардың шиеленісуіне себеп болуы мүмкін екендігін есте сақтау қажет.

Қазақстандағы діни бірлестіктер туралы заңнама халықаралық сарапшылар тарапынан кеңестен кейінгі елдердің арасындағы ең көкейге қонымдысы деп бағаланады. Қазақстандағы дін өзін этностық немесе саяси қауымдастықтарға қарсы қоятын бәсекелес сипатында емес, халықтың рухани мәдениетінің қайталанбас, сонымен қатар ерекше бітім беріп тұратын құрамдас бөлігі тәрізді. Республикада ислам мен православиенің және басқа да діндердің арасында жарасымды сыйластық қарым-қатынас қалыптасқан.

Біздің еліміздің түрлі конфессиялармен өзара әрекеттестік орнату тәжірибесін халықаралық ұйымдар мен шетелдік серіктестер, соның қатарында БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ зерттеп, зерделеуде. Біз қоғамда конфессияаралық үн қатысуды жалғастырып, рухани келісімді қазақстандықтардың күнделікті өмірінің ажырағысыз сипатына айналуына көңіл бөліп отырмыз.

Рухани келісім жөнінде Н.Ә.Назарбаев: *«Қазақстанды рухани келісім еліне айналдыру, осынау күрделі кезеңде де, болашақта да бірлік біздің ісімізде ғана емес, сонымен бірге біздің жүрегімізде және жанымызда болуына қол жеткізу біздің ортақ күш-қуатымыз арқылы мүмкін екеніне сенімдімін»* [1], – деген болатын.

Христиан дініндегі шіркеулердің сан түрлілігі Қазақстанға тән конфессияаралық толеранттылықты айқын көрсетеді. Бізде діндер мен наным-сенімдерді ұстаушылар арасында бітіспес дау көріністері болған емес [2]. Осы факторлардың ықпалымен ірі конфессиялардың қызметі қайталанбас бірегей қасиеттерге ие болуда.

**Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:** 1. Азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен әрекеттестік ұйымдастыру.

2. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық диалогты ұйымдастыру және қолдау.

3. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл, дін саласындағы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Біздің тағдырымызға көпэтносты және көпконфессияналды елде өмір сүру жазылған. Бүгінде қоғамымызда үлкен салмағы бар Ассамблея мақсаты – қазақ халқының жұмылдырушы рөлі мен Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени қауымдастығын негізге ала отырып, қазақстандық патриотизмді, азаматтық сәйкестік пен бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету.

Қазіргі таңда Қазақстанда діни бірлестіктің ішкі ісіне араласпауға, діни сенімдерге құрметпен қарауға, заң алдында түрлі діни өкілдері тең дәрежеге ие болуына негізделген саясат жүргізілуде. Бұл этносаралық келісімді ғана емес, дінаралық ынтымақты арттыруға да өз үлесін қосып отыр.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье автор пишет об огромном вкладе и роли в укреплении и сохранении межэтнического и межконфессионального согласия в Казахстане Лидера Нации-Президента РК Н.А.Назарбаева.

* * *

The author of the article writes about the great contribution and role of the Nation Leader – President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbaev to strengthening and preservation of interethnic and interconfessional consent in Kazakhstan.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1.**Назарбаев Н.Ә.** Қазақстан Халқы Ассамблеясы 10 жыл. – Астана, 2005 ж.

2.Дін саласындағы негізгі мәселелер бойынша материалдар жинағы. – Астана, 2014 ж.

# СЫРЫМ БАТЫР ТУРАЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР:
## бас қаһарман бейнесі және отаншылдық

**Бибігүл СҰЛТАНОВА, ҚМҚПУ, проф.м.а.**
**Рахила НАРАЛИЕВА,**
**Майра ТОЙҒАНБЕКОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушылары**

ХХ ғасырдың соңында орын алған ірі саяси оқиғалар әлем дамуы тарихын күрт өзгертті. Бұл өзгерістер қоғамымыздың рухани гүлденуіне жол ашып, рух бостандығы отаршылдық тұмшалаған халықтың тарихи сана-сезімінің оянуына негіз болды. Кезінде ұлтжанды азаматтардың белсенділігімен халықтың рухани мұрасы жиналып, жұртшылықпен таныстыру істері қолға алынды. Ал сол көптің мүддесі, намысы үшін арпалысып өткен дара тұлғалардың игі істері күні бүгінге шейін халық рухының биік, еңсесінің жоғары болуына тікелей байланысты. Ел тарихының объективті зерттелуі әдебиет тарихының дамуымен тікелей байланысты. Ықылым заманнан бері бүгінгі күнге дейін жеткен рухани байлығымызды қалпына келтіру, ақиқатын тарих кәдесіне жарату, болашақ ұрпаққа үлгі етіп қалдыру – кім-кімге де парыз. Ұлттық санасы қалыптасқан және өткен тарихынан тағылым ала білген халық қана өз дербестігін сақтай алады. Ұлттық рухты шыңдайтын да, ұлттық идеологияны қалыптастыратын да, тарихи сананы жаңғыртатын да өр, ержүрек, даңқты батырларымыз Осы орайда тарихқа деген көзқарас тарихшы ғалымдарымыздың тұжырымдарынан құралатындығын ескерсек, Отан тарихын жан-жақты зерттеу үшін ғалымдарымыздың алдында тарихи дерек көздерін ашу, зерттеу өзара салыстыра отырып, зерделеу міндеті тұрғанын айқын түсінеміз. Қазақ тарихына қатысты мол деректердің бір шоғыры Сырым Датұлы (1753–1802 жж.) өмірбаянына, батырлығына, ұлт бостандығы жолындағы күресіне қатысты жинақталған тарихи мәліметтер деуге болады.

Сырым бастаған көтерілістің қазақ халқының азаттық идеясын шыңдауда үлкен әсері мен ықпалы болды. Көтеріліс Кіші жүздегі хандық биліктің жүйесіне зиян келтіріп, оның түпкілікті жойылуын жақындатқан ірі аттаныс еді. Көтеріліс және оның көсемі туралы хабар ой мен қырға, қазақ даласына ғана емес бүкіл Орта Азияға кеңінен жайылды. Бүкіл үш жүздің басын құрайтын қазақ халқы Сырымның, оның сарбаздарының ерлігі мен батырлығын, тапқырлығын аңыз етіп, айтып жүрді. Қазақтың ауыз әдебиетінде Сырымға, ол бастаған ұлт-азаттық қозғалысына байланысты тамаша жырлар, әндер туды. Сырымның, оның төңірегіндегілердің шешендік сөздері ауыздан-ауызға тарап кетті.

Халық басына түскен ауыртпалықтың қордалана түсуі, әділдік іздеуші ерлер алдында өлшеусіз кедергі-қамалдар тууы – осылардың бәрі қашан да қай елде болмасын тарихи тұлғалар туралы шығармалар әдебиетте қанат жаюына ықпал еткені мәлім. Қазақ қоғамында әдеби процестер ауызекі шығармашылық пен жазбша бағытта өрбіді. Әдеби шығармаларға арқау болған сондай тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі Сырым Датұлы – Отандық тарихтағы ұлт-азаттық көтеріліс қолбасшыларының ішіндегі ерекше тұлғалардың бірі. Сырым батырдың өміріне, ол бастаған ұлт-азаттық көтеріліске арналған бірнеше ғылыми еңбектер [1, 354 б.] мен іргелі зерттеулер бар [2, 24]. Сырым Датұлы хақында қазақ әдебиеті тарихында оның жағымды бейнесі ақын-жыраулардың жырлары мен дастандарында, жазушылардың көркем туындыларында ерекше атап өтіледі. Оның басты себебі Сырым Датұлының есімі мен даңқы халықтың есінде уақыт өткен сайын жаңғырып отыруынан деп түсінген абзал. Кешегі патша заманында, одан бергісі кеңес заманы мен бүгінгі тәуелсіздік заманында да Сырымның есімі әдебиет тарихында ерекше орын алады. Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің сабақтастығы ерекше құбылыс. Оның айқын дәлелі халқымыздың Сырым батыр туралы даланың ауызша тарихы мен ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де мол мұралармен қамтылғанымен де құнды.

Рухы мықты, еркіндікті аңсайтын **қазақтың қас батыры туралы тәуелсіздік жылдарында жазылған көркем туындылардың ішіндегі ең сүбелісі – «Тар кезең» романы.** Орыстың зиялы адамдарының бірі, белгілі тарихшы Михаил Порфирьевич Вяткин: *«Тарих мынаны айқын көрсетеді. Ол – Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігі; өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтындығы; өз Отанының бостандығы үшін, оның мемлекеттігі нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескені… Қазақтар халық қамы үшін күрескен осы бір батырды ешқашан есінен шығармақ емес»* [3, 241б.], – деп дұрыс жазып еді. Расында да ақын-жазушыларымыз, тарихшыларымыз дүркін-дүркін батыр өмір сүрген дәуірге, ел басындағы тарихи трагедияға, батырдың елдік мұраттарына назар аударуда. Батыр болмысына әр қырынан зерттеулер жүргізуде. Ер жүрек батыр туралы баспа бетін көрген алғашқы көркем шығарманы Ғұмар Қараш жазды.

ХХ ғасырдың басында **ағартушы ақын, ойшыл, публицист Ғұмар Қараштың (1875-1921)** 1911 жылы Уфа қаласында басылып шыққан «Бала тұлпар» жинағында **«Сырым батыр» тарихи жыры жарияланды.** Ақын батырдың болмысын былайша жырлайды:

*Сырым деген ер болған*
*Халқының қамын жер болған* [4, 258 б.].

Ғұмар Қараштың тарихи дастанында Сырым батырдың Үргенішке барған кезі, жат жерде өзін мойындата білген ақылдылығы сөз болады. Дастанның көлемі шағын болғанымен батыр образын аша білген. Х.Досмұхамедов «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» және «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты мақалаларында: *«1785-1800 жылдардағы байұлы Сырым батырдың көтерілісі барысында Сырым Нұралы ханды тақтан түсіріп қуды, Есім ханды өлтірді, патша өкіметімен жауласты. Сырым ақырында жеңілді деп қысқаша мағлұмат береді. Сы-*

*рым он бес жылдай (1782-1797) күресті. Сырымның уақытында орыс үкіметі қазақ ішінде күшті емес еді. Саясатын ойдағыдай қылып ел ішінде жүргізе алмайтын еді. Бір қолымен хандарды сүйесе, екінші қолымен елді алдау үшін сипайтын еді. Патша үкіметі Сырымды әуелгі уақытта сипады. Сырымның арғы сырына түсінген соң-ақ, үкімет жалт беріп, Сырымға теріс айналды. Сырым патша үкіметінің сипағанына иланып қалды. Осы иланууы елден айырылуға себеп болды. Әуелгі уақытта Кіші жүз Сырымға тегіс-ақ еріп еді. Ақырында Сырым Үргенішке жаңғыз барды десе болғандай болып барып, дұшпандарының қолынан құрметсіз өлім тапты»*, – деп жазды [5, 51-52-бб.]. Х.Досмұхамедов Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі отарлауға қарсылық деп өзінің көзқарасын айтады. Х.Досмұхамедовтың жиырмасыншы жылдары жазған осы қысқаша мақаласында Сырым батыр қозғалысын дұрыс бағалаған, батырдың трагедиясын дұрыс көрсете білген. Шындығында мұны батырдың ғана емес, ұлттың трагедиясы деп түсінуімізге болады.

**1924 жылы жазылған Ығылман Шөрековтің (1876-1931/32) «Исатай-Махамбет» дастанында Сырым туралы қысқаша мәлімет беріледі.**

Мысалы:

*Хан-ие сонда сөйлейді:*
*Исатай, мені аяма!*
*Күнім туса көрермін,*
*Алла салса көнермін.*
*Келсе де ажал ерте-кеш,*
*Тағдырменен өлермін.*
*Қашаннан қазақ қайырсыз,*
*Қай ісіне сенермін?*
*Қарға қазақ шулаған,*
*Қастассам сені жеңермін.*
*Шаптым деп ханды мақтанба,*
*Үргеніште қалған Сырымдай*
*Сүйегіңді шетке көмермін,* –

деген жыр жолдары бар [6, 35 б.]. Ақын Сырымның Хиуа хандығында жүріп қаза болғаны туралы Жәңгір ханның ауызына сөз салады.

**Одан кейін Сырым Датов туралы қалам тартқан қазақ жазушыларының бірі – Сәбит Мұқанов.** С.Мұқанов «Сырым Датұлы туралы» атты мақаласында *«Сырым батырды кезінде халық ақындары, тамаша халық батыры образында түрлі себептермен жырлаған жоқ»* – деген пікір айтады. Жазушы Сырым туралы әдебиеттік материалдар жөнді болмағанымен, «Қазақтың XYIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктері» (1942) еңбегіне оның атын мына төмендегі себептермен кіргізгенін атап өтеді: *«...Біріншіден, Сырымнан ілгерірек өткен Бұқар жырау, патша үкіметінің отаршылдық саясатынан соққан ызғардың алыстағы деміне қалтыраса. Сырым батыр, сол ызғардың түтеген боранынан тұншықты, аязынан үсіді. ...Сырым батыр ол өртке шарпылып, оны сөндіруге жанталасты. Екіншіден, Сырымның көтерілісі, одан кейін, екі жүз жылға созылған қазақ халқының азаттық жолындағы ұлы күресінің басы»,* – деп әділ бағасын береді [7, 56 б.]. Жазушы аталған кітапта осы дәуірлер әдебиеті бойынша жиналған мол материалдарды жүйелеп, әдеби құбылыстарды халық тарихымен салыстыра қарайды. Жасыратыны жоқ С.Мұқанов бұл еңбегінде Сырымның тұлғасын таптық көзқарас тұрғысынан талдады.

**Сырым Датұлының қоғамдық-саяси қызметі тақырыбына қалам тартқан Ғабит Мүсірепов (1902-1985) 1980 жылы «Болашаққа аманат» атты төрт перделі тарихи драмасын жазды.** Тарихи драма 1981 жылы «Жұлдыз» журналының №1 санында жарияланды [10, 16-40 бб.]. Бұл тарихи драма халқымыздың ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде ашық та батыл көтерген шығарма. Ғ.Мүсіреповтің бұл тарихи драмасының негізгі идеясы ұлт азаттығы, халықтың өзін-өзі билеуі жөніндегі идеямен ұштасып жатады. Жазушы кейіпкеріне, яғни Сырымға: *«Қай ел болса да өзінің қандай ел екенін өз тізгіні өз қолында тұрғанда ғана көрсете алады»*, – деген өте батыл сөз айтқызып, батырдың асқақ арманы мен аманаты халқының тәуелсіздігін жазушы асқан шеберлікпен қалың оқырманға жеткізе білді. Ғ.Мүсіреповтың қаламынан туған бұл шығармаға ғалым Х.Әдібаев пен Ж.Ысмағұлов: *«Сырым Датұлының өмірі мен билік қызметі жайындағы бұл еңбек кезінде цензура бақылауынан қағаберісте өтіп кетсе де, әдеби-драматургиялық сын тарапынан да тиісті бағасын ала қоймаған туынды. Ал шындығында, ұлт-азаттық қозғалысы мен ұлттардың өзін-өзі билеу идеясын қазақ әдебиетінің ғасырлық жаңа дәуірінде дәл осындай ашық та батыл көтерген басқа шығарманы біз онша көп біле бермейміз»,* – деп баға береді [11, 230 б.].

Орыс ғалымы Белинский *«Тарихшының міндеті – ненің болғанын айту, ал ақынның міндеті – соның қалай болғанын көрсету. Тарихи драманың мазмұны тек қана мемлекет өмірінен алынуы керек»* – деген болатын.

Ғабит Мүсірепов тарихта болған Сырымның бейнесі мен сол замандағы қазақ елінің жағдайын тарихта болған шындық тұрғысында суреттеген. Сырым батыр Нұралы ханға, сұлтандарға қарсы шығумен қатар, орыстың отарлық, езгісіне де да қарсылық білдіріп, олармен аянбай күрескен. Қазақ еліне қысым көрсеткен губернатор мен атамандардың әскери бекіністеріне жасағымен батыл шабуыл жасай білген. Сол кездегі орыс патшасы Екатерина Сырымның көтерілісінен қорқып, ақыры оның қойған талаптарына келісуге тура келген. Сырым батырлығымен қатар, ол шешен тілді, ақылды, алғыр болғанын ел аузындағы аңызәңгімелерден де білуге болады. Тарихи шындық. Басы ноқтаға сыймайтын біртуар, ардагер тұлға болды. Қазақ ерлерінің бойында болған сонау Шыңғыс хан заманынан бергі ержүректік, батырлық, қолбасшылық, көсемдік, шешендік, жыраулық Сырым батыр бойында бар еді. Одан кейінгі дәуірлерде бұл қасиеттер Махамбет бойында сақталды. Махамбетті жазушы Мұқтар Мағауиннің *«сахара бардтарының соңғы тұяғы»* дейтіні сондықтан. Сырым батырды ел-жұрты қолдады.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Тәж-Мұрат М.** Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. –Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004.-384 б.
2. **Досмұхамедұлы Х.** Таңдамалы (Избранное). –Алматы: Ана тілі, 1998. -348 б.
3. **Шөреков Ы.** Исатай-Махамбет. Дастан мен өлеңдер. (Құрастырған Б.Амашин.) –Алматы: «Жазушы», 1976. -160 б.
4. **Мұқанов С**. Қазақтың XYIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктері. А. 2009.
5. **Бейісов Ғ.** Тамұқтан өткен тағдыр. Деректі әңгіме. -Алматы: «Өлке», 2002. -400 б.
6. **Тілешов Ж.** Сырым батыр // Қаз. әдебиеті, 21 тамыз, 1992 жыл.

# КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ
## *және соғыс тактикалары*

**Балжан РАУШАНБЕК,**
**тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты**

**Жасақты әскер, соғыс өнері, қорғаныс ісі** – байырғы түркі қоғамының ішкі-сыртқы саясатында басты орында тұратын міндеттердің бірі. Өзін-өзі қорғай алмайтын елдің болашағы бұлыңғыр болып келеді. Қарулы күштер алып империяға да, жаңа шаңырақ көтерген жас мемлекетке де қажет. Өз әскерін ұстай алмаған ел басқанын әскерін асырайды екен. Бұл қағидаларды байырғы түркі қоғамы қапысыз ұққан. Өйткені байырғы түркі мемлекетінің дүниеге келуі, территориялық тұрғыдан ұлғаюы, табғаштармен күресте азаттыққа жетуі алыс-жақын көршілеріне өзін мойындатуы – бәрі қарулы күштер арқасында жеңіспен аяқталған қақтығыстар, соғыстар нәтижесінде жүзеге асқан еді. Түптеп келгенде, елдің экономикалық әлеуетін нығайту, халықтың санын ұлғайту аш халықты тоқ қылу, жалаңаш халықты киіндіру сол бір дәуірлерде үнемі демесек те, жиі-жиі бұрқ ете қалатын соғыс арқылы да мүмкін болып жататын.

Қазақ халқының тарихында мемлекет дәрежесіне дейін көтеріліп, ел болып қалыптасу мен қаншама ғасырларға созылған соғыстарда табысқа жетуіне әскери тактикалардың ықпалы ерекше болды. Көшпелі халықтарда соғыс жүргізудің, бүкіл әскермен айқас өткізудің, шабуыл жасау мен шегінудің түрлері тактикалары мен әдіс-тәсілдері өте көп болғаны белгілі. Жау жеріне жорыққа аттанғанда көшпелілердің бірнеше топтарға бөлініп, әр жерден шығып, белгіленген мерзімде, белгіленген жерде, жау елінің шекарасына жете жиналатын әдісі болған. Әр жерден ағып шыққан кішкене өзендердің бір арнаға құйып, үлкен дарияға айналатыны сияқты, әр жерден, әр тұстан шыққан әскер топтары бір мезгілде шекарада жиналып, жау еліне тұтқиылдан соққы берген. Бұл әдісті көшпелі халықтар жау еліне тұтқиылдан шабуыл жасағанда қолданды.

**Көшпелілердің ертеден қолданылып жүрген соғыс тактикаларының бірі** – ұзаққа созылатын шайқаста әскер шаршамас үшін, барлық әскерді бірнеше қосынға бөліп, оларды айқасқа кезекпен кіргізеді. Шегініс – көшпелілер үшін майданнан қашу емес, тактиканың бір түрі. Шегінуді жаудың әскери шебін бұзып, қатарын тастап қозғалтуға, мәжбүр ету үшін немесе жауды бекінген қамалынан шығаруға көндіру үшін әдейі жасайтын. Соғыс кезінде барлау жүргізу жұмыстарына көп көңіл бөлінеді. Жолдарға күзеттер қойылып, бірнеше шақырым жерлерге аз адамдардан шолғыншылар жіберілетін. Жау келетін жолдарда төбелердің үстіне қарауылдар қойылып, ондай төбелерді қазақтар «қарауылтөбе» деп атайтын. Ол төбелерде тұрған қарауылдар қауіп төнгенде хабар беретін оттар жағып, оны «ұран от» деп атаған [1,172-б.].

**Ұлы қолбасшылардың бірі Шыңғыс қаған жауды өзіне бағындыруда көшпелілердің тамаша соғыс өнерін қолданып, осы өнердің дамуына өте қомақты үлес қосты.** Соғыс кезінде қазақ әскерлері бірнеше сатылардан тұрды. Яғни ондық, жүздік, мыңдық, түмен болып бөлінеді. Көшпелілердің осыған ұқсас тағы бір ерекшеліктері әскери бөлімдерді орталық, оң және сол қанат, авангард (алдыңғы бөлім) және тосқауыл деп жіктеді. Алдыңғы бөлім басты күш болып, негізінен садақ, найзамен қаруланған жасақтардан тұрды. Алдыңғы қатарлы бөлімдер өте жауапты деп есептелгендіктен оның қатарына өте ержүрек, алғыр сарбаздарды іріктеп алып отырды. Бұл бөлімнің қолбасшылығына ханның ең сенімді адамдарының бірі, туысы, әмірлер, бектер тағайындалды.

**Қазақ әскерінің келесі сапы оң қанат яғни «маймана» деп аталса, сол қанаты «майсара» деп аталды.** Бұл екі топтың сарбаздары көшпелі әскери құраманың ең басты екпінді бөлімдері болды. Оның алдыңғы қатарында өте тәжірибелі, көптеген қанды соғыстарды басынан кешкен сарбаздар тұрды. Оң және сол қанат әскери бөлімдерінің әскербасылығына сұлтандар, әмірлер бектер, баһадүрлер жетекшілік етті.

**Қазақ жасағының төртінші бөлімі «орта» деп аталды. Бұл әскери бөлімнің басы-қасында хан тұрды.** Осы құрама екі қанаттың ортасын алып сап түзді. Ханның ордасы осы орталық бөлімде де немесе тылда да орналаса алатын. Ханның шатыры көбінесе биік шоқы немесе жотаның басына орналасуы заңды құбылыс еді. Себебі биік жерге орнығып алған бас қолбасшы майдан даласында болып жатқан соғыстың барысын көзімен көріп, керек кезінде қажетті тактикалық айла-әдістер қолданып отыруға ұтымды еді. Бұған қоса, іріктеліп алынған ханның жеке күзетіне жауап беретін ұлан жасақталып, хан ордасы төңірегіне орналастырылды. Аталған ұланның сапына аса тәжірибелі, көптеген сынақтан өткен, ханға жан-тәнімен берілген батырлар мен сарбаздар жинақталды [2, 143-б.].

**Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының әскери өнері оның әскери тарихи болмысын айқындап берді.** Көшпелілердің әскери жүйесінің мұрагері қазақтар өз заманына сай соғыс тактикасын одан әрі дамыта білген. Әскердің құрылымы, соғыс жүргізу тактикалары мен әдіс айлалары, ұрыстың барысына ықпал еткен батырлар жекпе-жектері, жауынгерлердің рухани және тұлғалық болмысы, қазақ әскери өнеріндегі жекпе-жек, негізінен, ауқымы кең, тың тақырып. Демек, өзінің кезегін күтіп тұрған, әлі зерттеуді қажет ететін күн тәртібіндегі мәселе.

Қазақтар небір ұрыс жүргізудің тактикалық тәсілдерін соны ұтымды қолданған батырлардың атымен атайтын болған. Мысалы, Абылай Бұқар жыраудан өз батырларының жағдайын сұрағанда: *«Жанатай Талқы арқылы өтеді, Бөгенбай Құлжандап өтеді, ал Хан-Баба қайтып келеді»*, депті. Мұндағы **«Құлжандап өту» – ерлік пен айла көрсетіп, мықты ұрыс жүргізіп, жау қолынан сытылып шығады** дегенді білдіреді екен. Бұл ұрыс әдісі ертеректе батыл жауынгер әрі керемет тактика болған Құлжанның атымен аталып кетіпті.

**Саны көп деп ойласын деп атқа адам бейнесін, киіндірілген қуыршақтарды қондырып қойған.** Бұл әдіс әдетте қарсыласына үрей туғызады. Егер жаулары басым түссе, олар жауларына арт жағынан қууға жол берген. Олар бір-бірінен бөлінген кезде іздеріне түсіп қуа жүріп, майдандағыдан бетер қырғынға ұшыратқан.

**«Ай қораланды» – қазақ әскерінің жоңғарлармен қақтығысында көп қолданылған әдістердің бірі.** «Ай қораланды» тәсілі – жауын айналдыра сырттан қоршап алып, содан соң біртіндеп қыса түсу. Мысалы, 1726 жылғы Сарысу өзені бойындағы Айран төгілген деген

жердегі қазақ-жоңғар айқасында қазақтар жағы осы әскери әдісті пайдаланған.

**«Қоян қашты» – өздері әдейі қашып, бөлініп қуған жауды қоршап алып, жойып жіберу.** Алдыңғы әскер легін жау көріп қалса, оған жақындап барып, садақпен бірнеше рет атқан. Жау сескенбесе, оны алдау үшін кейін шегініп, негізгі әскердің торуылына ілестіріп келген, сөйтіп қоршауға түсірген. Егер жаудың күші аса басым екеніне көзі жетсе, одан бір немесе екі күндік жерге қаша шегініп кетіп, басқа жасырын жолға түсіріп, торуылдай жүріп, қырғынға ұшыратқан. Егер бұл әдіспен ала алмаса, он-он екі күндік жерге шегініп кетіп, қауіпсіз бекіністі жерге орналасып алып, бөлшектеніп жеткен жауды жеңу амалын тапқан. Бұл амал да 1726 жылы Айран төгілген деген жердегі ұрыста қолданған.

**«Тұлғама».** Қазақтар шабуылда өздерінің тұлғама немесе «тұлғамыш» деп аталатын тәсілін қолданған. Бұл сөз көне түркі тілінде «қоршап алу» және «қарату» деген ұғымдарды білдіреді екен. Тұлғама – жауды қоршап алып, қоршаудағы жауға не оның тылына шабуыл жасау.

**«Жылжымалы қамал».** Екі жақтың күші бірдей түсіп, жаумен бетпе-бет кездессе, қазақтар сап-сап болып бірнеше қатарға бөлінетін. Әдет бойынша алдыңғы қатардағы атты жауынгерлер саптарын сүйір ұшты етіп құрады. Бұл оларға жұмсақ жерге кірген қазықтай, жау шебін оңай бұзуға керекті. Әр топтың араларына және артқы жағына шабуылға шыққан жауды кідірту үшін арбалар қоятын. Осы арбалардың артында керек кезінде ұрысқа түсуге дайын тұрған тағы да әскер болатын. Ал егер жау жағының күші басым келіп, шабуылды олар бастайтынына қыпшақтардың көздері жетсе, соғысу тәсілін басқаша жүргізетін. Үстіне өгіз, түйе терілерін жапқан арбалардан дөңгеленте бекініс жасайтын. Арбалардың шетінде жағалай тұрып алып, шабуылға шыққан жауына оқ жаудыратын. Жау қай жағынан келсе де, дөңгелене құрылған бекіністегі қазақтарды ала алмайды. Өздері оққа ұшады. Оның үстіне қазақтар әлгі арбадан жасалған дөңгелек бекіністерінің араларында қисық-қисық жол қалдырып, жау күшінің әлсірегенін білсе, өздеріне таныс қисық жолдарымен жау шебіне ат қояды. Ал шабуыл жасаған жау бұл жолдарды пайдалана алмайды. Өгіз, түйе терілерімен жабылған арба қорғанына қазақтардың бекінгенін білсе, әдетте жау ұрыс ашпайтын, өз бетімен кейін шегінетін.

**«Моңғол диірмені».** Жау кенеттен шабуылдаған жағдайда қазақ әскері қапталды қабыстырып, шеңбер жасайды да, атпен айнала шауып жүріп, жауға қарай садақтан оқ жаудырады. Жау қоршауының ішінде қалып қойса да, сыртында болса да осылай айнала оқ жаудырып, жеңіске жеткен [4, 29-б.].

Жаудан қорғану үшін мықты қамал тұрғызып, сыртын айналдыра ор қазып, оны сумен толтырған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде, 1643 жылы Жетісу қазақтары тау шатқалдарын берік қорғанысқа айналдырып, жауға тұтқиылдан соққы берген. Жауды жеңу үшін ұлыстың мақсатына сай, жер және уақыт жағдайын, инженерлік тосқауылдарды ескере отырып, атыс аймағын не атыс жүйесін әзірлеген.

**Қазақ хандарының әскері, негізінен, атты әскер болған.** Атты әскер ауыр, орта, жеңіл болып бөлінген. Ұрыстарда бұл әскер тобы шешуші рөл атқарып, жекпе-жек шайқастарда пайдаланылған. Түркі елдерінде жеңіл түрі кең дамыған. Олардың атты әскерінде шалымдылық пен айлакерлік өте жоғары болған. Көшпенділердің кез келген жауынгерлік жорығы атпен байланысты болып келеді. Қазақ хандары XV-XVII ғасырларда арнаулы атты жасақ ұстаған. Олардың құрамы жаугершілік заманда 3000-нан 5000-ға дейін жеткен. Қазақ атты жасақтары жазда жиналып, қысқа қарай ханды қорғайтын аз ғана сарбаздан басқасы тарап кетіп отырған. Атты әскерге қарағанда, әскердің байырғы әрі негізгі түрі – жаяу әскердің сан құрамы басымырақ болған. Бұл әскер уақыт талғамай, кез келген жерде табан тірескен ұзақ ұрыс жүргізе алған. Олар әскердің өзге түрлерімен қоян-қолтық қимыл жасай отырып, шабуылға шығады, жау тұрағын басып алады, қорғаныс кезінде жау шабуылын тойтарып, бекінген тұрағын берік ұстап тұра алады, қарсы шабуылға шығып, дұшпанға ауыр соққы беру міндеттерін атқарады. Олар қалқан, сауыт, дулыға секілді қорғаныс құралдарын иемденген. Дұшпанға соққы беру үшін ауыр және орта жаяу әскер түрлері жинақы, түзу шеп құрып соғысқан.

**Соғысқа кірмес бұрын қазақ әскер басшылары қалай шайқасулары керектігін ханмен бірлесіп ойласқан.** Әскери көсемдер, қолбасшылар соғысқа қатыспай, биік төбеден бақылаған және оның айналасында әйелдер, жас жігіттер тұратын болған.

Кейде олар жау жағы әскер саны көп екен деп ойласын деп, атқа адамның қуыршақ бейнесін мінгізіп қойған. Көбінесе олар жаудың қарсы алдына тұтқындардан құралған әскерді жіберген. Ал шыңдалған күшті әскерді алыстан, оң және сол қанаттан жіберген, олар бұл әдісті жау көрмеу үшін қолданған. Осы әдіспен жауларын ортаға қамап, қоршауға алған. Бұл әдіс Дешті Қыпшақ көшпенділерінде және жоңғарлардан қорғану үшін қолданылған қазақ халқында әскери үрдіс ретінде қалыптасып қалған [5, 15-б.].

**Қорыта келгенде өткен ғасырларда ерлік пен елдіктің үлгісі аз болған жоқ.** «Мың өліп, мың тірілген» қазақ батырларының елін жауға бермей, соғыста айла-тәсілдерін жүзеге асырып, жеңіске жетіп отырған. Жоғарыда баяндалған көшпелілердің әскерді жүйелеу, құрылымын және соғыс тактикасын ұйымдастырудың дәстүрлі түрлерін өте күрделі ойластырғанын көреміз.


## РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается проблемы искусства войны и тактики казахского народа. Главное внимание уделяется на военные навыки, которые казахские ханы и батыры использовали в борьбе за независимость Казахского народа. Также дается описание на виды и особенности тактик ссылаясь на первоисточники.

## RESUME

This article will talk about the art of war and the tactics of the Kazakh nation. It's about military skills used by the Kazakh khans, and Batir, who fought for the independence of the Kazakh nation. With accurate information, it will describe the types of tactics and features of their application.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Шалбаев А.** Көшпелілердің соғыс жүргізу әдіс-тәсілдерінің қалыптасуы мен дамуы // ҚР Әлеуметтік Ғылымдар Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қ.Т.Жұмағұловтың 60 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: 2008. – 171-174-бб.

2.**Дауытбекова М.Қ, Исаева А.И.** Қазақ халқындағы батырлық дәстүрлер // оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2016. – 246-б.

3.**Картаева Ш.Е.** Қазақ халқының әскери өнері және жауынгерлік дәстүрі (XV-XVI ғ.) // Тарих ғылымдарының кандидаттық диссертациясы. – Алматы: 1999. – 190-б.

4.Тактика тарихы // Айбын Республикалық әскери-патриоттық журналы. – Алматы: 08(102) тамыз 2016. – 28-31-бб.

5.**Жылқышыбаева Қ, Басшыбаева А.** Қазақ хандығы: әскери міндет және әскери өнердің дамуы (XV ғ. II жартысынан XVIII ғ. I жартысына дейін) // Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. – Алматы: №2 (133), 2015. – 14-16-бб.

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ:

## *зерттеудегі жаңа әдістер, салыстырмалы-тарихи әдіс*

**Алтынай РАМАЗАНОВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология**
**және этнология факультетінің 2-курс магистранты**

**Тарихи зерттеу әдістері дәстүрлі түрде мынадай екі үлкен топқа бөлінеді:** ғылыми зерттеудің жалпылама әдістері және арнайы тарихи әдістер [1,386-б.]. Солардың ішіндегі әлемді ғылыми танудың негізгі принциптерінің бірі – салыстырмалы әдіс. Жалпы, салыстыру ғылыми танымның ең маңызды әрі кең таралған әдісі десек, қателеспейміз. Өйткені, салыстыру барысында қарастырылып отырған фактілерді түсіндірудің мүмкіндігі мен зерттелетін оқиғаның мәнін ұғынуға жол ашылады [2, 172-б.].

Дәстүрлі түрде аталмыш сараптама түрі эмпирикалық тарих шеңберінде жүргізілді. Дегенмен, соңғы онжылдықта тарихи макроәлеуметтану, әлемдік жүйелік сараптама және теоретикалық тарихтың басқа да бағыттары аясында тарихи салыстырудың теория үшін маңыздылығы әлдеқайда сезілуде. Осыған орай, теоретикалық тарихтың заманауи классиктері салыстырмалы-тарихи тәсілдердің әр түрлі нұсқаларын қалай құрастырып және ұғындырып жүргеніне назар аударайық.

**Солардың бірі – «Макроәлеуметтік зерттеуде салыстырмалы тарихты қолдану» деп аталатын Теда Скочпол мен Маргарет Сомерстің еңбегі.** Соңғы жиырма жылдықтағы ықпалды әлеуметтанушылар аталған еңбегінде салыстырмалы-тарихи әдістің негізгі үш типін бөліп көрсетеді: макрокаузалды сараптама, салыстырмалы тарих теорияны параллельді және кереғар, яғни қарама-қайшылықта көрсетуші ретінде пайдаланылады.

Скочпол мен Соммерс өз ұстаздары, Гарвардтағы «Макросараптамалық салыстырмалы тарих» мамандығының жетекшісі Б.Мурдың ұстанымын негізге алады және ол аталмыш әдісті былай сипаттайды: *«Жекелеген елдің тарихын түсінуге ұмтылыс барысында салыстырмалық перспективасы өте пайдалы және жаңа мәселелердің қойылуына жол ашады. Салыстыру қабылданған тарихи түсініктер үшін қатал тексеріс рөлін атқаруы мүмкін. Сондайақ, салыстырмалы тәсіл жаңа тарихи қорыту, түйіндеулерге әкеледі».*

**Қос зерттеуші макрокаузалды сараптамада жекелеген немесе бірлескен тұрғыда екі классикалық әдісті басым түрде қолданады:** ұқсастық әдісі мен айырмашылық әдісі [3]. Осы тұста XIX ғ. өмір сүрген ағылшындық позитивист Дж. Милль өзінің «Логика жүйесі» атты еңбегінде тәжірибелік зерттеудегі төрт әдістің екеуі ретінде осы айырмашылық және ұқсастық әдістерін ең алғашқылардың бірі болып атап көрсеткенін айтқан жөн.

Аталмыш әдістердің бірлескен қолданысына мысал ретінде Теда Скочпол XVIII ғ. соңындағы Бурбондық Франциядағы, 1911 ж. кейінгі империялық Қытайдағы және 1917 ж. наурызындағы патшалық Ресейдегі оқиғаларды салыстырады. Барлық ерекшеліктерге қарамастан, үш жағдайда да әлеуметтік революциялық дағдарыс айтарлықтай ұқсас себептердің нәтижесінде орын алды.

**Скочпол мен Сомерс макрокаузалды тәсілге сөзсіз артықшылық береді.** Олар салыстыруда дәл осындай қаталдық пен нақтылыққа қол жеткізу мүмкін емес екендігіне көз жеткізеді. Басты басымдығы теоретикалық түсіндіруге бағытталғандығы, қате теорияларды жоққа шығару мүмкіндігінде болып табылады [3]. Жоғарыда көрсетілген мысалдар шет елдер тарихына байланысты келтірілген. **Ал енді салыстырмалы-тарихи әдіс типінің бірі макрокаузалды сараптаманың ұқсастық әдісін отандық тарихты зерттеу барысында қолданып көрелік.** Ол үшін XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығы дипломатиясын зерттеу объектісі ретінде аламыз. Жалпы, бір уақыттарда қазақтардың тарихында мемлекеттілік болмаған деген тұжырымдар айтылып келгені баршамызға аян. Басқаша айтқанда, ол дегеніміз Қазақ хандығы сыртқы саяси қатынастар жүргізбеген, яғни дипломатиялық тарихының болғандығына күмән келтірілгенмен бірдей. Оған профессор Т.Омарбековтың *«Тәуелсіздікке дейін біздің барлық тарихымыз «Қазақ жерінде мемлекет болмаған» деген принципті басшылыққа алып жазылды»* және тарихшы Н.Ә.Атығаевтың *«Хандығымызға қатысты бұрында тұрпайы көзқарас көп болды»* [4],– деп ашына айтқан сөздері дәлел бола алады. Әрине, аталмыш мәселеге Қазақстан тарихына қатысты хронологиялық тұрғыдан XV ғасырдан бастап КСРО ыдырауына дейінгі ортағасырлық қолжазбалар мен құжаттар жиынтығының ел шекарасынан тыс ғылыми кітапханаларда, шетелдік мұрағаттарда сақталуы да өз септігін тигізбей қоймады [5].

Республика шекарасынан тыс сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды ашу үшін біршама істер атқарылды. Мысалы, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы көмегімен қазақ мемлекеттігінің тарихын объективті зерттеуде мәдени құндылығы бар шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен Қазақстанның XV-XX ғасырлар тарихы бойынша құжаттар көшірмелерін іздестіру және алу шаралары мүмкін болды [6].

Ендігі кезекте жоғарыда аталған XVI-XVII ғғ. Қазақстан тарихына қатысты материалдарды қолданып, мақала тақырыбына өзек болып отырған салыстырмалы-тарихи сараптаманың ұқсастық әдісін пайдалану арқылы Қазақ хандығы тұсында дипломатиялық қызмет болғандығын растап көрелік. Ол үшін дипломатиялық қызмет тарихы тереңнен бастау алатын Еуропалық дипломатия тәжірибесімен қатар қойып, салыстыруды жөн көрдік.

**Күнделікті мемлекеттік қызметтің айрықша түрі ретінде қазіргі түсініктегі дипломатия XVI-XVII ғғ. Еуропада пайда болды.** Билеушілер арасындағы хат алмасу, елшілікті қабылдаумен айналысатын арнайы сыртқы саяси ведомстволардың қалыптасу уақыты да осы кезеңге сәйкес келеді. Сонымен бірге аталмыш уақытта билеушілер сарайларында шетелдік мемлекеттердің тұрақты өкілдіктері орналасты [7, 8-б.].

Профессор Қ.Байзақованың редакциясымен әзірленген «Жаңа замандағы халықаралық қатынастар тарихы» еңбегінің XVI-XVIII ғғ. дипломатия және халықаралық қатынастардың негізгі мәселелері бөлімінде Еуропада XVI-XVIII ғғ. кезеңінде қақтығыстарды күшпен шешу әдісі басым болғандығы айтылады. Соғыс халықаралық мәселелер шешімінің

ең ұтымды құралы ретінде мойындалды. Соғыстардың басым бөлігі династиялық, яғни әулеттік сипатқа ие еді. Ең шиеленіскен бәсекелестік екі ірі еуропалық Бурбондар (француздық) мен Габстбургтер (австриялықтар) династиялары арасында өрбіді.

XVI-XVIII ғғ. Европада халықаралық қарама-қайшылықтардың соғысқа ұласқан төрт негізгі қақтығыстар ошағы болды: сауда және отарлық гегемония орнатуға қатысты; «шығыс мәселесі»; «балтық мәселесі» және поляк территориясын бөлісуге қатысты әскери қимылдар. Аталмыш төрт торап өзара байланысып, халықаралық аренадаға саяси күштердің орналасуындағы күтпеген әрі күрделі әрекеттерді тудырып, бір-біріне ықпал етті [8, 10-б.].

Ал, енді ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан профессор М.Х.Әбусеитова өз еңбегінде: *«Дипломатия арқылы ел билеушілері сыртқы саясатты не соғысу арқылы не халықаралық байланыстарды нығайту арқылы жүргізген. Билеушілердің сыртқы саясаты дәстүрлі екі әдіс: бітім және соғыс әдістері арқылы жүзеге асып отырды»* [9],– деп жазады және жоғарыда атап өткен еуропалық сыртқы саясатты жүргізу әдісімен ұқсастықты аңғартады.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ хандығы тарихында да қақтығыстар болды. Егер XVI ғ. басында Сыр бойындағы қалаларды иелену үшін бәсеке болса, XVI ғ. II ж. – XVII ғ. бұл күрес орасан зор көлем алып, Қазақ хандығы мен шайбанидтер, кейін аштарханидтер арасындағы қақтығыстарға жалғасты. Оларда жеңіп шыққан күштілер алғашқы ірі әскери-саяси бірлестіктер құрылуына, сол замандағы өзінше бір «әлемдік» державалар құрылуына бастады. Сондай-ақ, XVII-XVIII ғғ. Қазақ тарихындағы жоңғарлармен арадағы ұзаққа созылған күресімен мәлім.

Европадағы халықаралық қатынастардың жаңа қағидалары мен ережелерінің қалыптасуы барысында мемлекеттік мүдде сыртқы және ішкі саясаттың басты принциптерінің бірі ретінде мойындалады. Мемлекеттік бірліктің, еуропалық мемлекеттер шаруашылық өмірінің орталықтандырылуы сол уақыттағы саясаттың ең жоғарғы өлшемі, барша мемлекет үшін ортақ игілік саналатын «мемлекеттік мүдде» қағидасын құрастыруға негізделді. XVI ғ.с.-XVII ғ.б. «табиғи шекара» және «саяси тепе-теңдік» қағидалары нақты нормативті сипатқа ие болды және мемлекет сыртқы саяси қызметінің негізгі қағидаты деңгейіне көтерілді.

XVI ғ. елшілік міндеттері мен дипломаттар қызметін анықтаушы, елшілік құқықтары аясындағы өзара байланыстардың принциптері мен дәстүрлерін айқындайтын алғашқы жұмыстар шыға бастайды. Г.Гроций трактатының бір бөлімі елшіге тиесілі құқықтарды баяндауға арналған. Ол XVII ғ. басында дипломатиялық тәжірибеде орын алған елшілік дәстүрлерді суреттеген. Ойшыл елшінің негізгі екі құқығын атап көрсетті: біріншіден, ол жіберіліп отырған монарх немесе жоғары билік иесімен қабылдану құқығы, екіншіден, елші тұлғасының, оның нөкерлері мен иелігінің қолсұқпаушылығы [8, 13-б.].

Нақ осы еуропалық мемлекеттердің сыртқы саясатында қолданылған қағидалар Қазақ хандығының дипломатиялық тәжірибесінде де кездеседі. Ол жөнінде әкелі-балалы дипломаттар Қайрат және Арман Исағалиевтер өздерінің бірлескен «Дипломатия дәрістері» атты еңбегінде былай жазады: *«Қазақ хандығы алғашқы күндерден бастап, өзіне тән ішкі және сыртқы саясатты жүргізуді қолға алды. Сол кездегі сыртқы саясаттың басты мақсаты – шетелдік басқыншыларға қарсы күрес, өз жерін қорғау, территориясын кеңейту болатын. Бұл ойды іске асыру үшін әр түрлі бағыттағы шараларды пайдалануға тура келді. Біріншісі – халықаралық дау дамайларды бейбіт жолмен немесе соғыс арқылы шешу болса, екіншісі тараптар келісімімен некеге отыру, ал үшіншісі саяси әскери одақ құру болды»* [10, 8-б.].

Сонымен бірге, Қасым хан өзі билік жүргізген жылдары қазақ қоғамындағы құқық-нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарды. Бұл заң қылмыс, әскери мәселелерді қамтыған бөлімдерден өзге елшілік қызметін реттейтін және шешендік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнерін анықтайтын «Елшілік жоралары» аталатын бөлімнен құралды. Кейін аталмыш бастама Есім ханның «Ескі жолы» атты заңдар жинағымен жалғасын табады. Ал, Тәуке хан билік құрған кезде қазақтардың әдеттегі құқық нормалары бір жүйеге келтіріліп, «Жеті жарғы» деген атаумен мәлім болады. «Жеті жарғыда» орта ғасырдағы қазақ қоғамының патриархаттық-феодалдық құқықтарының негізгі принциптері мен нормалары баян етіледі [11].

Ендігі кезекте, сыртқы саяси байланыстарды жүргізуде шешуші рөл атқарған елші-дипломаттардың қызметіне, оларға қойылған талаптарға тоқталып, Қазақ хандығы мен Европа мысалында салыстырып қарайық.

Дипломат – ең ежелгі, яғни тарихтан білетініміздей ежелгі дәуірлерде арнайы өкілеттілікке ие тұлғалардың көмегімен соғыс пен бейбітшілік мәселесі шешілетін, шетжерлік қонақты қабылдаудың ерекше рәсімдерін жүзеге асыратын мамандықтардың бірі [12,7-б.].

Орта Азия және Қазақстан халықтары да дипломатиялық тапсырмалар үшін діни адамдарды тағайындаған. Сөзіміздің айғағы ретінде М.Сәрсембаевтың «Қазақстан және Орта Азия тарихындағы халықаралық құқық» еңбегінен мына үзіндіні келтірейік: *«Қазақ ханының канцеляриясында іс жүргізуші молда болды және оның міндетіне басқа елдерден келетін хаттарды қабылдау, аудару мен мазмұнын ханға жеткізу кірді. Басқаша айтқанда, ол сыртқы байланыстар жүргізу барысындағы ханның әр түрлі құжаттарын рәсімдеумен шұғылданды* [13]». Молда болсын, саудагер болсын, елшілер атақты және билеушімен құрметтелетін, оның туыстары не жақын сенімді адамдары қатарынан болған. Шығыста елшілер үшін қойылатын талаптар өте жоғары еді.

**Қазақ ханы Қасымның заңдар жинағында да елшіге қатысты талаптар көрсетіледі:** әр түрлі салалардағы кең ауқымды таным, мемлекет жағдайын жақсы білу, жат елдің салтанатты қабылдау ерешендік өнерге иелік ету.

**Аталмыш талаптар XVI ғ. еуропалық елшілерге де қойылған.** *«Ол тек жақсы христиан емес, сондай-ақ теолог-ғалым, Аристотель және Платонмен таныс философ, математика, сәулет өнері, музыка, физика, азаматтық құқық пен канондық құқықтарды білуі және классик болуы тиіс. Елші тек латын тілінде жазып және сөйлеумен шектелмей, грек, испан, француз, түрік тілдерін де меңгеруі қажет; тарих, география, әскери ғылымдарды тереңінен біліп, әркез өзімен Гомерді алып жүруі тиіс»* [14, 21-б.].

Сондай-ақ, XVI-XVII ғ. Европадағы жаңа дипломатиялық салтанаттылық рәсімінің қалыптасқан кезеңі болды. XVI-XVII ғ. папалық сарайда мәселен, келесідей тәртіп орнатылған болатын. Папаның сал-

танатты қабылдауы шіркеу әкімшілік басқармасынан (консисториядан) құралған кардиналдар алқасының қатысуымен өтеді. Елші баскиімсіз, тік тұрып папаны тыңдауға тиіс болды. Император, Венеция республикасының елшілері Король залында, яғни үлкен залда, ал өзге елшілер Герцог залында, яғни кіші залда қабылданған. Осылайша, елшілерді қабылдау рәсімі әр елде әр қалай еді, ол ең алдымен елде қалыптасқан салт дәстүрлерге байланысты болды [12, 80-б.].

Қазақ хандығы және басқа Орта Азия мемлекеттерінде ұстанған салтанатты рәсім ережелері ұқсас болғандығын айта кеткен жөн. Мысалы, Орта Азиялық хандар үшін сол жақ, жүрек орналасқан бөлік құрметті орын ретінде саналған. Ал, моңғолдар үшін оң жақ әлдеқайда сыйлы деп танылған. Бұл дәстүр кейіннен Алтын орда мен Қазақ хандығында жалғасын тапты [15].

Ж.Е.Жаппасовтың «XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарымқатынастарының тарихы» атты ғылыми еңбегінде Қазақ хандығына В.Степанов бастаған орыс елшілігі жіберілуінің барысы былайша нақты баяндалған: *«1595 ж. 28 наурыз күні патша Ф.Иванович елшілік басшысы В.Степанов үшін жазылған грамотаға қол қойған. Бұл грамотада елшінің қайсы жолдармен және қандай көліктермен жүруі туралы да айтылған. Елшілік құрамында В.Степановтан басқа Тәуекел ханның елшісі, Иран шахы Аббастың өкілі, бұларға ерген үш татар және тілмаш Г.Мельников болған. Нұсқауда елшінің өзін-өзі қалай ұстау керектігі, Тәуекел ханға айтатын жауабы, тіпті ханға деген сыйлықтарын қашан және қалай тапсыру керектігіне дейін көрсетілген. Нұсқау бойынша орыс елшісі келіссөздерді тілмаш арқылы Тәуекел ханмен жеке отырып жүргізуі керек. Сол кездегі дипломатиялық салт жоралары бойынша патша жіберген грамотаны хан өз қолымен қабылдайтын болған [16]»*. Бұл мысалдағы орыс патша жіберген грамотаны қазақ ханының өз қолымен қабылдауы екі мемлекет арасындағы жақын қарым-қатынасты аңғартады.

XVI-XVII ғғ. өмір сүрген итальян ойшылы Макиавелли «Государь» еңбегінде дипломатиялық өнер «мемлекеттік мүдде» қағидасына бағынуы тиіс екендігін және билеуші тура жолды ұстана отырып, қажет болғанда қулық амалдарды да қолдана білуі, яғни мақсатқа жету жолында барлық айла-тәсілдердің қажеттігін баса айтады. Бұл еуропалық дипломаттың сөзін іс жүзінде қазақ хандары да қолданып, сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізген. Соның бірі Хақназар еді. Хақназар хан шибанилық билеушілер арасындағы күресте оларды алма-кезек қолдап, Қазақ хандығының сыр бойындағы ұстанымын нығайтады. Ташкент билеушісінің ықпалын әлсірету үшін Абдаллахпен «анттасу шарты» арқылы одақтасады. Сол арқылы Сырдың орта ағысы бойындағы бірнеше қаланы шибандықтардан қайтарып алады. Абдаллахтың тым күшеюіне жол бермеу үшін бір кезде Баба сұлтанға да қолдау көрсетеді. Сөйтіп Түркістан аймағының бірнеше қаласын сыйға алады. Осылайша, Хақназар хан ешбір соғыссыз Сырдың орта ағысындағы қалалар мен өңірлерді Қазақ хандығының құрамына қосып алады [17, 69-б7].

Қорытындылай келе, салыстырмалы әдісті сипаттау барысында айтылған көптеген құбылыстар іштей ұқсастықтарға ие және ол тек кеңістіктік және уақыттық айырмашылықта болуы мүмкін деген тұжырымдама расталып отыр. Олай дейтін себебіміз, дипломатиялық қызметі сонау ертеден бастау алған Еуропадағы сыртқы саясатты жүргізудегі «мемлекеттік мүдде», «шекараларды кеңейту» секілді негізгі қағидалар Қазақ хандарының тәжірибесінде де қолданылғандығы, елшілік және жалпы мемлекеттің құқықтық нормалары сол кезеңде қазақ тарихында да болғандығы, одан бөлек елшілерді салтанатты қабылдау рәсімі ережелері сақталынып, династиялық неке, көрші мемлекетпен әскери-саяси одақ құру, билеушілер арасында сыйлық алмасу дипломатиялық байланыстарды нығайтудың әдіс-тәсілдері ретінде белсенді түрде қолданылғандығы осы мәселелерге қатысты жазылған отандық және шетелдік зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінен мысал келтіре дәлелденіп отыр.

## РЕЗЮМЕ

В предлагаемой статье делается попытки использования новых научных методов в изучении дипломатии Казахского ханства в XVI-XVII вв. С этой целью автор сопоставляет и сравнивает дипломатическую деятельность, внешнюю политику, а также методы их осуществления у Казахского ханства и европейских государств.

**Ключевые слова:** анализ, Казахское ханство, Европа, дипломатия, внешняя политика, государственный интерес, посол, посольство.

* * *

This article is an attempt to use new scientific methods in the study of diplomacy Kazakh Khanate in the XVI-XVII centuries. For this purpose the author compares diplomacy, foreign policy and methods of their implementation in the Kazakh Khanate and the European states.

**Keywords:** analysis, the Kazakh Khanate, Europe, diplomacy, foreign policy, national interest, ambassador, embassy.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.Глава 19. Методы исторического исследования// http://www.socionauki.ru/book/files/tmh/386-408.pdf

2.**Ковальченко И.Д.** Методы исторического исследования.М.:Наука,1987.-440 с.

*3.***Розов Н.С.** *Историческая макросоциология:* методология и методы. Новосибирск, НГУ, 2009, 412 с.

4.Көшпенділер құрған мемлекет немесе Қазақ хандығына қарсылықтың төркіні// http://qazaqadebieti.kz/2215/k-shpendiler-r-an-memleket-nemese-aza-handy-yna-arsyly-ty-t-rkini

5.**Козыбаев И.М.** Дипломатия Казахстана: страницы истории. - Алматы: өркениет, 2001. - 207 с.

6.**Абусеитова М.Х.** Новые открытия в истории изучения казахского ханства// http://www.history-state.kz/en/kazakh-handygy-article10.php

7.**Хафизова К.Ш.** Китайская дипломатия в Центральной Азии. XIV-XIX вв. Алматы:Ғылым,1995.-288 с.

9.**Байзакова К.И.** История международных отношений в новое время. Часть I. (1640-1918 гг.).- Алматы, 2005.

10.**Әбусейітова М.** Қазақ хандарының дипломатиясы// http://e-history.kz/media/upload/4232/2015/07/30/f4b91baff8e1c01be7903c998c723f5b.pdf

11. **Исағалиев Қ., Исағалиев А.** Дипломатия дәрістері.- Алматы: Ұлағат баспасы,2013.-308 б.

12. XV ғасыр – XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы// http://inter-plus.ucoz.ru/load/kazakstan_tarikhy/xv_asyr_xviii_asyrdy_basynda_y_aza_khandy_y/4-1-0-38

13. **Әліпбаев А.Р.** Дипломатия тарихы: дәрістер жинағы.- Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 148 б.

14. **Сарсембаев М.А.** Международное право в истории Казахстана и Средней Азии.Алматы,1991.- С.49.

15.**Сатоу Э.** Руководство по дипломатической практике. М., 1947.

16.**Векторы развития дипломатического протокола в Казахском ханстве//** http://gonzo.kz/blog/3250-bauyirjan_baybek_pisal_o_kazahskom_hanstve

17. **Ж.Е. Жаппасов**. XVI-XVIII ғғ. қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихы. – А.: Қазақ университеті, 2011. - 147 б.

18.**Кәрібаев Б.** Қазақ хандары. А.: Сардар, 2015 ж.- 128 бет.

# ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ
## *және оның Қазақстандағы бөлімдерінің қызметі*

**Айдана СЕРІКҚЫЗЫ,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс магистранты**

XIX ғасыр ортасы мен XX ғасыр басындағы Қазақстан жерінің Ресей империясына қосылуының жағымсыз әсерлерімен қатар жақсы нәтижелері де болды. Соңғысының бірі – Қазақстан жерінің рухани және материалдық байлықтарының зерттелуі. Біз қарастырып отырған тарихи уақыттағы маңызды мәселе – орыс зерттеушілерінің (ғалымдар, саяхатшылар) қазақ жерінің табиғатын, тұрмыс-тіршілігін, халық фольклорын, ауыз әдебиетін, сауда дамуын, экономикадағы өндірістік бастамаларды, денсаулық сақтау, ағартушылықты зерттеуі және болашақ Қазақстан мемлекеттілігінің дамуы үшін маңызды болған ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы болып табылды. Бұл процессте Қазақстан жерінде Орыс географиялық қоғамы мен оның бөлімшелерінің құрылуы үлкен рөл атқарады.

**Императорлық Орыс географиялық қоғамы (ОГҚ) 1845 ж. 6 тамызда Санк-Петербургте құрылды.** Қазақ жеріндегі бөлімшелері оның ажырамас бір бөлігі бола білді. Оған мысал ретінде Батыс-Сібір бөлімшесі туралы ереженің 8-бөлімінде: *«Ол қоғамның ажырамас бөлшегі, сондықтан да Қоғамның мол қазынасы мемлекеттік герб пен мөрге ие. Бұл бөлімше жыл сайын өз атқарған істері жайлы есеп беріп отырады және ол Императорлық Орыс географиялық қоғамының жылдық есебіне қосылып отырады»,*– делінген [1,1-б.].

**ОГҚ-ның Батыс-Сібір бөлімшесі 1877 жылы Омбы қаласында құрылды.** Алғашқы төрағасы – И.Ф.Бабков, жұмысты басқарушы – М.В.Певцов болды. Бөлімше өзінің құрылған күнінен бастап жұмысын арнайы бекітілген уставпен, Жоғары Министрлердің бұйрықтарымен реттеп отырды. Жалпы жиналыс, дәріс, ғылыми экспедицияларды ұйымдастыру, басылымға шығару және мәдени-ағартушылық қызметі белгілі тәртіппен жүзеге асырылып отырды. Арнайы атқарылып жатқан жұмыстарға бақылау жүргізу ІІМ және өлкенің әкімшілік басқарушысының құзіретіне кірді.

**Батыс-Сібір бөлімшесінің ережесінде былай делінген:** «*Орта Азия және Батыс Қытай жерінің географиялық, геологиялық, нақты-тарихи, этнографиялық, статистикалық, археографиялық мәселелерін зерттеу және Батыс Сібір жеріне зерттеушілік мақсатта келген ғалымдарға көмек көрсету, жергілікті халықты осы жұмысқа белсене атсалысуға шақыру басты мақсат болып табылады»* [1,3-б.]. Осы мақсатта география мен археологияға байланысты құнды мәліметтер жинау үшін көптеген экспедициялар ұйымдастырылды және бұған өлкетанушылар жұмысқа тартылды. Аты әлемге мәшһүр зерттеуші-ғалымдар мен әр түрлі энциклопедиялық сөздікке енген экспедиция жүргізген адамдардың есімімен аталған өзендер, көлдер, сарқырамалар, таулар, жазық далалалардың барлығы қоғам қызметімен қатар айтылады [2, 290-б.]. Бұл ғалымдар өз білімдерімен, ғылыми және қоғамдық беделімен қоғамға қолдау көрсетті және өз жұмыстарын бөлім басылымдарында жариялап отырды. Батыс Сібір бөлімінің ғылыми қызметіне көп еңбек сіңірген – П.П.Семенов-Тянь-Шанский, академиктер П.К.Козлов, В.А.Обручев, Ю.М.Шокальский, Г.Н.Потанин, М.В.Певцов, Н.М.Ядринцев, Ш.Уәлиханов, В.В.Докучаев, Д.А.Клеменц, А.Н.Бөкейханов, т.б. ғалымдарды айтуға болады.

**Экспедициялық жұмыстар − қоғам қызметінің бір ажырамас бөлігі.** Бұл бөлімде Батыс Сібірге, Алтайға, Орталық Азияға, Қазақстанға, Моңғолияға, Қытайға үшжүзден аса экспедициялар жүргізілді. Нақтырақ айтатын болсақ: *«Экспедицияның негізгі бағыты Тобыл мен Томск губерниясын, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарын Алтай таулы аймағын, оңтүстік Енесей губерниясын, Солтүстік-Батыс Қытай және Батыс Моңғолия жерінің территорияларын қамтиды»* [3. 9-б.]. Батыс-Сібір бөлімшесі құрылған күннен бастап қырғыз (қазақ) жеріне үлкен мән берді және кең ауқымда зерттелген аймақтарының бірі болды. 1878-1917 жылдар аралығында қырғыз жерінде отыз алты экспедиция жұмыс жасады. Олардың ішінде Ақмола облысы Көкшетау уездінде И.Я.Словцовтың экспедиция құрамы нақты-тарихи зерттеу жүргізді. Ал, Г.Г.Анзимиров басқаруында болған ғалымдар Көкшетау, Зеренді, Сандықты тауларына жасаған экспедияның мақсаты – геологиялық сараптама жасау үшін материалдар жинақтау болды. Сонымен бірге, А.М.Никольскийдің экспедициялық тобы Балхаш көліне географиялық сипаттама жасады [4, 87-б.].

**Батыс-Сібір бөлімінде әртүрлі экспедициялар мен зерттеулердің есептері қабылданып, тың жаңалықтар басылымдарға жарияланып отырды.** Бөлімнің өз ішінде белгілі бір мерзім ішінде «Записки» шығарылып отырды. Оған дәлел ретінде 1879-1916 жыл аралығында отыз тоғыз кітап болып, сонымен бірге «Хабаршының» («Извести») үш томы (төрт кітап), «Есептердің» жиырма кітабы басылып шығарылды. Ең бастысы бөлімнің ағартушылық қызметі күннен-күнге жандана түсті. Оның айрықша көрінісі ретінде оншақты ғылыми дәрістер оқылды, көрмелер ұйымдастырылды, талқылаулар мен дискуссиялар өткізілді, мәдени құндылықтарды көтермелеп отырды. Құрылған жылдары қоғам мүшелері әскери адамдар мен шенеуніктер болғанмен кейіннен жергілікті халықтың ішінен интеллигенцияны қабылдауы қоғам қызметінің маңызын одан да жандандыра түсті. Жас әрі білімді азаматтардың қабылдануы қызықты баяндамалар мен қызулы талқылаулардың жүргізілуіне өз ықпалын тигізді.

**Бөлімнің ішінде кітапханалар ашылды, олардың қоры Ресей және басқа да мемлекеттердің түпкір-түкпірінен келген матералдармен толығып отырды.** Бұл қордың негізін Батыс Сібір зерттеушілер қоғамы қалаған болатын. Он жылдық қызметінде көп нәтиже бере қоймаған бұл қоғам өз қызметін тоқтатты, оның кішігірім кітапханасы және М.Венюктің сыйға тартқан үш жүз жиырма томдық кітабы Орыс Географиялық қоғамының ғылыми меншігіне өтті. Кітапхана құрылғаннан Батыс-Сібір бөлімінің ғылыми орталығы ретінде бағаланды. Қоғам және кітапхана Ресейдің сексен бес қаласымен, Еуропаның он сегіз

қаласымен, Азия, Солтүстік және Оңтүстік Америка елдерімен ғылыми және мемлекеттік байланыс орнатып отырды [3, 24-б.]. Бұл байланыс бөлім қызметінің жоғары деңгейде болғанын дәлелдей алады. Ғылыми ортада өзінің беделін және өзіне деген сұранысты жоғарылату үшін кітапхана және мұражай қорын үнемі толықтырып отырды. 1878 жылы экспедиция нәтижесінде жинақталған жануарлар мен өсімдіктер, табиғи минералдар коллекциясын жинақтау нәтижесінде өлкетану мұражайы ашылды. Ізденуші ғалымдардың зор еңбегінің нәтижесінде мұражай қорында нақты-ғылыми және гуманитарлық сипатта көптеген құнды коллекциялар жинақталды. Оларды ғылыми зерттеулерде, экскурсия мен дәрістер өткізу үшін және халықаралық, жалпыресейлік, сібірлік көрмелерді өткізу үшін үнемі пайдаланып отырды. Мұражай үнемі ағартушылық қызметті белсенді атқарып отырды. Батыс-Сібір бөлімшесінің анықтамалық бөлімінде 1894 жылы мұражайды бес жүз алпыс жеті адам тамашалаған болса, 1898 жылы төрт мың бес жүз жетпіс төрт адам көруге мүмкіндік алғандығы жайында айтылған. Ал бөлім қызметкерлері келушілерге экспанаттарды таныстыру үшін арнайы кезекшілікке тұрған.

**Батыс-Сібір бөлімінің төңкеріске дейінгі қызметіне тоқталайық.** Экспедиция жұмыстарының қорытындысы ретінде Бөліммен *«үш жүзден аса ғылыми баяндама, сексен бес том «Записки», «Хабаршы» («Известия») және де басқа басылымдар, жүз мыңнан аса экспанат жинақталған мұражай, отыз мың томдық кітап қоры бар кітапхана»* жұмыс жасады. Осы уақыт ішінде Бөлім аймақтың ғылыми, ақпараттық және ағартушылық орталығына айналды. Зерттеушілер қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне байланысты мол қазына жинақтауының нәтижесінде Қазақстан ғылымы әлдеқайда байып қалды. Қазіргі күнге дейін отандық тарихшыларымыз қоғам мүшелерінің еңбектерін дереккөзі ретінде пайдаланып келеді.

**Біздің жерімізді зерттеуге деген қызығушылық артқан сайын, көптеген өлкетанушылар жұмысқа тартылды.** Орыс географиялық қоғамының қолдауымен Батыс-Сібір бөлімінің ішінен Семей қаласында бөлімшесі ашылды. Бұл бөлімшенің ашылу машақаттарын Статистикалық комитет өз мойнына алды. Оған Семейдің әскери губернаторы А.Ф.Карпов көмек көрсетті. **1898 жылдың наурыз айында Батыс-Сібір бөлімінің бастығы Ю.И.Шмидтке №236 хатта:** *«Аз зерттелген біздің аймақтың бір топ адамдары, Семей бөлімшесін немесе ғылыми мақсатта құрылатын бөлек бөлім ашуға деген қызығушылық танытып отыр»,–* делінген [5,1-б.]. Жоғарғы хатта баяндалғандай жергілікті өлкетанушылардың қалауы мен бөлімнің алға қойған мақсаты бір жерден шыққандықтан, енді бөлімді үлкейтуге деген мұқтаждық пайда болды. *«1902 жылы 13 сәуір Семей өлкесі үшін маңызы бар мерзім: осы күні Семей қаласында Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ашылды. Бұл Статистикалық комитеттің ізбасары ретінде, Семей өлкесіндегі өлкетанушылық қызметті атқаратын бірден-бір мекеме ретінде танылды»* [5,5-б.].

**Бөлімшенің басқарушысы – Н.Ф.Ницкевич, жұмыс басқарушы – Н.Я.Коншин болып тағайындалды.** Бөлімшеге тоқсан жеті адам мүше болуға ұсыныс танытты, оның ішінде алпыс тоғызы Семей қаласында тұратын: *«А.Ф.Карпов – әскери губернатор, Н.Ф.Ницкеевич – вице-губернатор, В.И.Маевский – Семей облыстық басқару кеңесшісі, Н.А.Владимирский – семейлік дәрігер-инспектор, Н.Я.Коншин – Семей облыстық статистикалық комитет хатшысы және т.б.»* [5.38-б.]. Семей бөлімшесі құрылған күннен бастап, қазақ халқының рухани және материалдық байлықтарын зерттеуге белсене кірісіп кетті. Семей мұражайы бөлімше меншігіне өтті. Мұражай бөлімшенің мекемесі ретінде, тұрғындар арасында археологиялық, нақты-тарихи, этнографиялық, ауылшаруашылық, өндірістік салалар бойынша экскурсиялар жүргізу арқылы ағартушылық қызметті атқарды. Маңызды мәселелер бойынша ғылыми дәрістер, бөлімше жиналысында берілетін есептер, барлығы қатыса алатын баяндамалар оқылды. Ал өлке тарихына байланысты Г.Н.Потанин мен В.В.Сапожников сияқты зерттеушілердің баяндамалары халық арасында үлкен сұранысқа ие болды. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері *«Семей бөлімшесінің жазбаларында (записки) жарияланып отырды. Шығарылып отырған басылымдар кітапхана қорын толықтырып отырды. Кітапхана тарихы 1883 жылдан бастап Семейлік Статистикалық комитетімен тығыз байланысты болғанмен, 1901 жылдың 14-маусымнан бастап «комитет өз жұмысын аяқтауына байланысты, кітапхана облысты зерттеудегі жиналған материалдары және барлық кітаптық қорымен бөлімше қарамағына өтеді»* [5, 47-48-бб.]. Бөлімше қарамағында жұмыс істеген уақытында кітапхана қоры *«1903 жылы үш мың жеті жүз он бес кітап болса, 1911 жылы алты мың алты жүз алпыс тоғыз томға ұлғайды»*[6,15-б.].

**Қазақстан жерін зерттеуге үлкен үлес қосқан Орыс географиялық қоғамының тағы бір бөлімі – Орынбор бөлімі еді.** Ол 1968 жылы Орынбор генерал-губернаторының бастамасымен ашылды және Батыс Қазақстанды зерттеді. Бұл бөлімнің зерттелу аймағына Орынбор губерниясының, Орал және Орталық Азия территориясы кірді. Басқарма бастығы ретінде Торғай облысының генерал-майоры Л.Ф.Баллюзек тағайындалды. Оның көздеген басты мақсаты *«Орынбор базасында Азияттық қоғам құру, әлемдегі алтыншы, Ресей бойынша үшінші (Қазан университеті мен Ғылым Академиясынан кейін) ориенталистика орталығын құру еді»* [7, 25-б.]. Бөлімді құрушылар қазақ жерін зерттеуде мол тәжирбесімен қатар Ресейдің басты орталықтарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Бөлімге Ресей шенеуніктері, зерттеуші-ғалымдармен қатар, қазақ интеллигенциясының талантты азаматтары кірді. Олардың барлығы біріге отырып, қазақ тарихын, нақты-география, халықтың ауыз әдебиетін, этнографиясына байланысты көп мәліметтер жинақтады. Орынбор бөлімінің қызметін жалпы қорытындысы ретінде, өлкені зерттеу бойынша жүз қырық бір жұмыс жарияланды, «Запискидің» төрт басылымын, «Хабаршы» мен «Еңбектің» («Труды») он бес басылымын шығарды. Сонымен бірге көптеген зерттеулер мен очерктер басқада газет-журналдарға басылып шығарылды.

**Орталық Азия мен Қазақстанды зерттеуде 1896 жылы құрылған ОГҚ-ның Түркістан бөлімінің атқарған жұмыстары да орасан зор.** Құрылған жылы қоғамға жетпіс екі адам мүше болды. Басқа бөлімдердегі сияқты экспедициялық жұмыстар жиі ұйымдастырылды. Іле Алатауын зерттеуде мүше ретінде білікті топограф маманды алғандықтан зерттелген аймақтың картасын жасауға мүмкіндік алынды. Бөлім барысында атқарылған жұмыстар арнайы басылымдарға басылып, кітапхана қорына өткізіліп отырды.

**Өкінішке орай, ОГҚ-ның Верный қаласында Жетісу бөлімін ашу мәселесі жүзеге асырылмады.** Оған себеп елдегі тарихи-саяси жағдайлар еді. Бөлім ашылған жағдайда Жетісу жеріндері көптеген мәселелер зерттелуі арқылы, біздің мәдени мұрамыз одан да мол қазынаға қол жеткізер еді.

**ОГҚ XIX аяғы мен XX ғасыр ортасында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ғылыми мұрасын зерттеу нәтижесі тарихи-танымдық маңызға ие болды.** Оның жан-жақты қызметі болашақ Қазақстан жеріндегі тарихи, географиялық, этнографиялық зерттеулердің бастамасы болды және көптеген ғылымдардың дамуына алғышарт болды. Бәріміз білетіндей ОГҚ құрылуының бастапқы мақсаты жергілікті жерден табылған шикізат өнімін болашақта үкіметтің өз мақсатында пайдалану еді. Бірақ та зерттеуші-ғалымдардың табанды еңбектерінің нәтижесінде, тек үкіметтің бұйрығын орындап қана қоймай, ғылым үшін, қарапайым халық үшін көптеген мұра қалдырды.

Орыс географиялық бөлімдерінің қызметі тек ғылыми ізденістермен шектелмеді, сонымен қатар мұражай мен кітапханалардың мұрасын толықтыру, көрмелерге қатысу, басылымдар мен ғылыми баяндамалардағы мәліметтермен таныстыру арқылы халық арасында ағартушылық пен халықтың ғылымға деген ынтасын арттырды. Ал бұл өз кезегінде біздің бүгінгі күндегі ғылымымыз бен тәуелсіз мемлекетіміздің дамуына негіз болды.


## РЕЗЮМЕ

Русское Географическое общество, созданное в XIX веке всесторонне изучало множество государств Центральной Азии. В том числе, немало было сделано Западно-Сибирским отделом и его Семипалатинским подотделом, Оренбургским отделом и Туркестанским отделом исследования природных богатств на территории Казахстана и духовной культуры казахского народа. В данной статье излагается история становления отдела, о гражданах, являвшихся его членами и их трудах, результатах экспедиций, музеях и библиотеках, открытых на базе отдела.

**Ключевые слова:** общества, отдел, наука, духовный, просветительная, экспедиция, музей, библиотека.

* * *

Russian Geographical Society, established in the nineteenth century, comprehensively explored variety of the states of Central Asia. Among other things a lot was made by West Siberian department and its Semipalatinsk sub-department, Orenburg department and Turkestan research department of the natural resources in the territory of Kazakhstan and spiritual culture of the Kazakh people. This article describes the history of the formation of the department, history about citizens, who are the members of this department and their works, results of the expeditions, museums and libraries, opened on the basis of the department.

**Key words:** society, department, the science, spiritual, educational, expedition, museum, library.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Казбекова Н.А.** Научная и культурно-просветительная деятельность отделов императорского русского географического общества на территории Казахстана во второй половине XIX - начале XX веков. // Вестник КарГУ. – 2007.– http://articlekz.com/article/5246

2.**Захарова Н.А**. Роль ЗСО ИРГО в изучении Сибири. История создания и научно-экспедиционная деятельность отдела в 1877-1912 гг. // Известия Омского государственного историко-краеведческого музея. – 1998. – № 6. – 290 с.

3.**Скалабан И.А**. Западно-Сибирский отдел Императорского Русского Географического общества в последней четверти XIX-XX вв. (1877-1919): автореф. дис. ... канд.ист. наук. – Новосибирск, 1994. – С. 9.

4.**Толочко А.П.** Роль Западно-Сибирского отдела Русского Географического общества в исследовании Степного края (конец XIX - начало XX вв.) // Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность. Международный Евразийский форум (III научн. конференция): тезисы докладов и сообщений.– Омск: ОГУ, 2003.С. 98.

5.**Ильясова А.С.** Деятельность Западно-Сибирского Отдела Русского Географического общества по изучению Северо-Восточного Казахстана во второй половине XIX - начале XX века: дис. ... канд.ист.наук. – Павлодар, −2006.−157 с.

6.**Герасимов Б.** Двадцатилетие Семипалатинского Отдела Государственного Русского Географического общества. 1902-1927 гг. – Кзыл-Орда: Издание общества Изучения Казахстана. / 1927. – С. 5.

7.**Галиев В.З.** Ссыльные революционеры в Казахстане (вторая половина XIX в.) – Алма-Ата: Казахстан, 1978. С. 75.


# КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ:

## *Арыс қаласы тұрғындарының мысалында (1956-1991 жж.)*


**Дана ҚАНАЕВА,**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты**


**Күнделікті өмір тарихын зерттеу – бүгінгі отандық тарих ғылымындағы жаңа бағыттардың бірі.** Басты бағыты, қарапайым халықтың күнделікті өмір сүруін немесе белгілі бір әлеуметтік топтың тарихи жағдайда өмір сүруін зерттейді. Күнделікті тарих – тарих ғылымының жаңа саласы, оның басты зерттеу пәні – сан қилы, тарихи-мәдени, саяси-оқиғалық, адамның үйреншікті, әдеттегі іс-әрекеттерінің аясы.

**Мұрағат қорларындағы деректерде Арыс ауданы (бұрынғы Сырдария округі) 1928 жылы құрылды.** Ол Арыс ауданының, Қараспан ауданының 1929 жылғы шекаралары, Шаян ауданының 11 ауылдық Советі мен Арыс жұмысшы поселкесі шекаралары көлемінде құрылған. Халықтың тығыздығы жағынан 1 шаршы шақырымға 5,3 адамнан келген. Бүкіл Одақтық атқару комитетінің 1932 жылдың 10 наурыздағы қаулысына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы құрылып, Арыс ауданы осы облыстың құрамына енді және 11 наурызда жұмысшы поселкесі мәртебесі берілді [1].

Арыс қаласының тұрғындары да басқа қазақстандықтар сияқты Кеңес Одағының материалдық-техникалық базасын жасап, жаңа қоғам орнату жолында, өздері орнатқан социалистік қоғамды қорғап, оның байлығын еселей түсу жолында жанқиярлықпен

еңбек етті. Осынау орасан зор міндеттерді орындауда, яғни қалың бұқараны жұмысқа жұмылдыруда халықтың өз ішінен шыққан ер-азаматтардың орны айрықша болды. Бұл орайда, ойға аудан басқарған азаматтардың бірінші оралатыны тағы бар. Әрине, олардың бәрі бірдей арыстықтардың ыстық ықыласына, үлкен сүйіспеншілігіне бөленген жоқ. Десек те, олардың өздерінің таным-білігіне, парасат пен адамгершілігіне іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетіне сай, сонымен бірге қаласын-қаламасын өз заманының талабына сәйкес жұмыс істегендігін айтпасқа болмайды. Мұндай тұжырымның шаруашылық, кәсіпорын, ұйым мен мекеме басқарған азаматтарға да қатысы бар. Аудан мен қала тарихын кезең-кезеңімен сөз еткенде еліміздің жарқын болашағы үшін маңдайының терін, жүрегінің қанын төккен қарапайым азаматтар мен ел тізгінін ұстаған ел ағаларының еңбегі мен ерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі болуға тиіс. Солардың ішінде елдің ыстық ықыласына бөленген Қаһар Ибрагимов, Шаймерден Сатымбеков, Пернехан Салықбаевтар болды [2].

**1956 жылдың 31 шілдесінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Арыс поселкесіне қала мәртебесі берілді.** Бұл Арыс ауданының саяси қоғамдық өмірінде үлкен оқиға болды. Еңбекшілер депутаттары, Арыс қалалық Кеңесінің депутаттары, қалалық атқару комитетінің төрағалығына арыстықтардың шынайы қамқоршысы – **Қаһар Ибрагимовты** бірауыздан сайлады. Қаһар Ибрагимовтың басшылығымен қаланың шекарасы кеңейтіліп, көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау мәселелеріне айрықша назар аударылып, аудан бюджетінен тиісті қаржы бөліне бастады.

**1950-1960 жж. Арыс темір жол торабының кәсіпорындарында түгелдей техникалық қайта жарақтандыру жұмыстары жүргізілді.** Арыс стансасының ұжымы Нижнеднепровск стансасының озық іс-тәжірибелерін өз істерінде қолданып, составтарды тарату мен құрастыру бір орталықтан диспетчерлік пункттен басқарылды. Шағын механикаландыру ісі қызу қолға алынды. Тепловоз депосында тарту күші түгелдей тепловозға ауыстырылды. 60-жж. басында ТЭ-3 сериялы тепловоздарды жөндейтін цех пен ТЭП-10 цехы салынып, пайдалануға берілді. Мұнда тепловозшылардың өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалған тұрмыстық комбинат іске қосылды. Вагон депосы мен жол дистанциясында, белгі беру және байланыс станциясында, шпалға май сіңіру заводында көлемді жұмыстар атқарылды. Бұл кезеңде стансада А.Д.Мельников, Х.Нуритдинов, тепловоз депосында В.Ковалев, В.Костин, С.Тасқожаев, вагон депосында Н.Яхонтов, И.Марчук, жол дистанциясында Л.Ф.Чергейко, А.Куликов, белгі беру және байланыс дистанциясында И.С.Федяков, И.Е.Зильберт деген азаматтар басшылық жасады [1.216.].

**1961 жылы 1 қыркүйегінде шопан балаларына арналған №13 мектеп-интернаты Арыс қаласынан ашылд**ы. Бірнеше корпустан тұратын жаңа мектеп-интернаттың жатын орны, тамағы, киімі, т.б. мемлекет есебінен болды. Осы жылдың тамыз айынан бастап қалалық музыка мектебі жұмыс істей бастады. Баян, скрипка, фортепиано кластары талапты оқушыларға есігін айқара ашты. Музыка мектебіне 1961-1968 жж. Ли Алексей Николаевич деген жоғары білімді музыкант жетекшілк еткен. Сонымен қатар, бұл жылдары қалада 9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 17 шақырымдық су құбыры тартылды. 100 орындық жаңа аурухана іске қосылды, теміржол ауруханасы күрделі жөндеуден өткізілді. Сауда, тұрмыстық қызмет саласы жақсарды. 18 сауда орны, химиялық тазарту фабрикасы, монша-кір жуу комбинаты, тұрмыстық қызмет көрсету үйі, тағы да басқалары пайдалануға берілді. Көптеген құрылыс ұйымдары толық қуатында жұмыс істеп, автомобиль және жолаушылар тасымалдау кәсіпорындары, газ тарату мекемесі құрылды. 1960 жылдың екінші жартысында Арыс қаласынан аэропорт ашылды. Оның басшысы болып Ұлы Отан Соғысының ардагері, әскери ұшқыш Алтынбек Ешназаров тағайындалды [3.194].

**1963-1988 жыл аралығы Арыс ауданы мен Арыс қаласы үшін өсу, өркендеу, кемелдену кезеңі ғана емес, даңқ тұғырына көтерілу жылдары болды.** 1-Арыс станциясында 1976 жылы солтүстік жөнелту паркі пайдалануға беріліп, орталықтандырылған бағыттаушылар маршрутты-релелік орталықтандырылған МРЦ-1 бекетіне қосылды. 1980 жылы үлкен диаметрлі екі жедел пошта жұмыс істей бастады. Әсіресе, 1981-1985 жж. Арыс-Ақдала, Арыс-1-Арыс-2 қосымша жолдары, жөнелту паркінде жаңадан 18 темір жол салынды. Сұрыптау паркінің 71 темір жолы жұп дөңеске жалғастырылды. Сондай-ақ, тақ дөңесті қайта жарақтандыру жұмыстары қолға алынып, үлкен диаметрлі жедел поштаның екінші кезеңі аяқталды. 1985 жылы сұраптау стансасында басқару жүйесін автоматтандырудың бірінші кезеңі бітті. 1986 жылға қарай жөнелту паркіндегі №43,45,46,47 жолда 200-250 метрге ұзартылып, Арыс-Шеңгелді телімі электрленді. Бұл телімді электрлендіру, яғни тепловоз тарту күшінен электровоз тарту күшіне ауысу поезд салмағын 4500 тоннадан 6000 тоннаға арттыруға мүмкіндік берді. 1986 жылы Арыс-Түлкібас телімі, 1989 жылы Арыс-Қызылсай телімі электрлендірілді. Сумен жабдықтау кәсіпорындары насосты тарту стансасы қалаға алғашқы суын 1964 жылдың 25 қарашасында бере бастады. 1975 жылы қалдық суларды тазалаудың канализациялық кешені пайдалануға берілді. Қазақ темір жолының басшылығы теміржолшы мамандарын даярлауды одан әрі жақсарту мақсатымен 1967 жылы Арыс техникалық теміржолшылар мектебін ашып, 1980 жылдың басына дейін жүздеген маман теміржолшы даярлады. Мектептің директоры болып Назархан Шағырбаев тағайындалды. 1982 жылы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің №386 бұйрығымен №103 орта кәсіптік училище ашылып, мектеп өз қызметін тоқтатты.

Теміржолшылар қаласы облысқа тікелей бағынған кезеңде, №1810 жылжымалы механикаландырылған колонна құрылысшылары (бастығы Е.Мақашев, Л.Әбдірайымов) Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы көшедегі көп қабатты 28 пәтерлі, Әбдіразақов атындағы көшедегі көп қабатты 24 пәтерлі, А.Байтұрсынов атындағы көшедегі көп қабатты үйді, КССП өндірістік базасы, орталық аурухананың қосымша құрылысы, Агропромбанк, қалалық перзентхана, «Малыш» балабақшасы, 280 орындық «Айгөлек» балабақшасы, автопарк, автобаза, мал дәрігерлік тауарлар базасы, қалалық отын базасы, С.Сейфуллин атындағы мектептің қосымша құрылысы, «Қазселькомплект» облыстық базасы ғимараттар мен өзінің әкімшілік үйін; СМП-711 (бастығы Хрисостомди) 202 орындық Арыс шипажайы, 90 пәтерлік тұрғын үй, орталық қазандық, №32 орта мектеп, стансияның әкімшілік және қызмет үйлері, универмаг ғимараттарын; СМП-602 (бастығы Щтыцкий) құрылысшылары тораптық аурухана, Әл-Фараби, Майлы қожа атындағы көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлерді, Фрунзе атындағы көшедегі көпқабатты үй ғимараттарын; СМП-207 қалалық әкімшілік үйі, жаңа су тарту станциясы; Горем-13 (бастығы И.Н.Пак) Б.Момышұлы атындағы орта мектеп, ІІ-Арыс

станциясындағы 2-3қабатты қызметтік үйі; «Местпромға» қарасты ПМК тігін фабрикасы, «Облжилкомхоз» тресінде қарасты ПМК құрылыс жөндеу учаскесінің өндірістік базасы; «Облпотребсоюздың» ПМК-сы «Қарлығаш» мейрамханасы «Мырғалымсайсвинецстройға» қарасты құрылыс ұйымы Ергөбек атындағы мәдениет сарайы ғимараттарын салып, пайдалануға берілді. Бұдан да басқа көптеген өндірістік мәдени-тұрмыстық нысандар бой көтерді. Теміржол кәсіпорындарының бәрі шаруашылық есебінен ондаған тұрғын үйлер салды. Шымкент теміржол бөлімшесі (бастығы Ә.Салықбаев) «Локоматив» стадионын қайта құру жұмыстарын жүргізіп, жанкүйерлер орындығын 1500-ге жеткізді. Сонымен бірге теміржол торабында қайта жарықтандыру, электрлендіру жұмыстарына байланысты, бірқатар құрылыс монтаж ұйымдарының құрылысты дер кезінде, әрі сапалы атқарып шыққанын айтуға болады [4.94].

Партиялық билік пен атқарушы органдар алпысыншы-жетпісінші жылдары ел экономикасын дамытып, халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуда ауқымы кең, өрелі міндеттерді ойдағыдай атқарды. Қазақ халқының сталиндік саяси-қуғын сүргін, Ұлы Отан Соғысының зардаптарынан ес жиып, елдікке бет бұрғаны да осы тұс екені тарихи шындық. Бұл кезеңдерде орта білім жаппай міндетке айналып, жоғары оқу орнын бітірген жас кадрлар халық шаруашылығының барлық саласында белсенді жұмысқа кірісті. Мұның нақты көріністерін білім беру мен денсаулық сақтау салаларынан анық байқауға болады. 1968 жылы С.М.Киров атындағы, қазіргі С.Қожанов атындағы орта мектептің қазіргі ғимараты пайдалануға берілді. Мектеп бұл кезеңде шын мәнінде кадрлар шыңдайтын мекемеге айналды. Мектепті 30 жылдан астам уақыт ұлағатты ұстаз, КСРО және «ҚазССР ағарту ісінің үздігі», қаланың «Құрметті азаматы Пернебек Үсенбаев» басқарды. 1955-1960 жылдардың жас мұғалімдері болған: Жұлдызхан Маханбетов, Ханзада Жұмабаева, Нұрәділ Әуелбеков, Қондыбай Тасқынбаев, Орынбасар Құлтеков, Әбжаппар Нұрымбетовтар білім саласында аянбай еңбек етті.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ бастауыш, кейінірек жеті жылдық оқу орны ретінде жұмыс істей бастаған, №21 қазақ мектебі қалыптасып, 1967 жылы Ә.Жангелдин есімі берілді. Мектепке бұл жылдары Гүлнәзия Алтынбекова, Мылтықбай Қарабаев, Елтай Орманов, Сағат Жүнісов басшылық жасады. Бұлардың бәріне халыққа білім беру саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткені үшін КСРО мен Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің үздігі және Арыс қаласының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Қаладағы Қазақ темір жолына қарасты В.М.Комаров №8 және В.В.Куйбышев атындағы №9 орыс орта мектептері педагогикалық ұжымдары да бала оқыту мен тәрбиелеудің сыннан өткен озық технологиялары мен методикалық әдістерін тиімді пайдалана отырып жоғарғы нәтижелерге қол жеткізді, т.б. Қала тұрғындарына медициналық қызмет көрсетудің мәдениеті мен сапасы кадрлардың көбеюіне байланысты жақсара түсті. Қалалық орталық және тораптық ауруханалардың әрқайсысында аурухана төсегі жүзге жақындап, стационарлық дәрігерлік көмек жолға қойылды. Ауруханалар жаңа медициналық құрал-жабдықтар алды. Дәрігерлер В.Е.Клейнин, Л.Н.Щепоткин, Б.А.Мақсұтов, В.Н.Ким, Қ.Боранбаев, Ш.Нұржанов, Ә.Мұсабеков, Ә.Жарымбет, Ж.Ш.Кенжеханов, Б.Тасқынбаева, Р.Сәрсенбаева, С.Медетбеков, т.б. білікті дәрігерлер науқастарды дәрі-дәрмекпен де, жылы сөздерімен де емдеп, олардың ыстық ықыласына, құрметіне бөленді.

Қаладағы туберкулезге қарсы емдеу диспансері, тері және жұқпалы аурулар ауруханалары, санитарлық эпидемиологиялық стансасы, тағы басқа да денсаулық сақтау мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайды. Кеңес Одағында, оның құрамдас бөлігі Қазақстанда алпысыншы жылдары басталып, жедел дами бастаған социалистік меншік, турасын айтсақ, мемлекеттік меншік коллективтік және кооперативтік меншіктерді біржола тұқыртып, олардың дамуының жолын кесті. Меншікті түгелдей өз уысына ұстаған совхоздар мен кәсіпорындар жүйесі – мемлекеттік меншік – адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға тиісінше назар аудармады. Дамудың өзегінде еңбек адмдарының еркін құлшынысы емес, әміршілдік-әкімілдік жүйеге негізделген темірдей тәртіп жатты. Ұлтшылдық пен бюрократизмнің көріністері белең алып, қоғамды парақорлық пен сыбайлас жемқорлық жайлай бастады. Бұл індеттің құрығы шалғайдағы шағын ауылдарға дейін жетті.

Билік басындағыларға да, қарапайым еңбек адамдары да қоғамға «бір сілкіністің» қажеттігін күн өткен сайын айқын сезінді. Міне, осы тұста, дәлірек айтсақ, 1985 жылдан бүкіл жүйені жетілдіруге бағытталған өзгерістердің «Қайта құру» деген атпен тарихқа енгені аян. Қайта құрылулар экономикалық-әлуметтік терең дағдарыстарды шеше алмағанымен, саяси салада бірқатар табыстарға қол жеткізді. Социалистік және капиталистік державалар – Кеңес Одағы мен АҚШ арасындағы текетірес пен қырғиқабақтық бейбіт сипат алып, демократиялық үдерістер қанат жая бастады [5].

**Қоғамдағы терең дағдарыстарды тек нарықтық қатынасқа көшу арқылы ғана жеңуге болатынына айқын көз жетті.** Алғашқы қадамдар да жасады. Бірақ, билік соцалистік қоғамды сақтап қалуға барынша жанталасқанымен, оның қысқа тарихи мерзімде басқа, мүлде басқа арнаға бет бұратынын болжай алмады.

Арыс қаласында да қайта құруға байланысты ірілі-ұсақты шаралар қызу қолға алынып, оларды жүзеге асыру басталып кетті. Дегенмен, көптеген іс-шаралар қағаз жүзінде қалып қойды. Мәселен, баспанасы жоқтарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған «Тұрғын үй» бағдарламасының тағдыры дәл осындай болды.


## РЕЗЮМЕ

В данной статье показывается новая социальная история жителей города Арыс. Непрерывный исторический процесс – отражается в событиях и в отдельных исследованиях по-разному. Повседневная история – считается важнейшим основным направлением в современной исторической науке.

* * *

This article shows the new social history of the city Arys.

History noticed in developments in the individual mind in different ways this process. Casual history in considered the most important basic trends in modern historical science.


## ӘДЕБИЕТТЕР


1.**Салықбаев П., Әлібекұлы С**. Арыстың елі – намыстың елі. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2006 – 216 бет.

2.**Ағыбай Ә.С.** Арыс орталық Азия қақпасы. **/Ә.Ағыбай, А.Биболов, Г.Тоққұлы./** - Алматы: Саят, 2001 – 96 бет.

3.**Аяпұлы Мәдіахмет.** Арыс өңірінің тарихы. – Алматы: Мұраттас, 2001 – 194 бет.

4.**Омаров А.** Қазақстан теміржолдарын электрлендіруге арналған отыз жыл. – Алматы: «Баур және К», 1995 – 94 бет.

5.**Жолдасов С.** Шежірелі Оңтүстік: /Көне заманнан бүгінге дейін/- Алматы: Қаз.ақпарат, 2002 – 236 бет.

# ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫНЫҢ ДЕЛИМИТАЦИЯСЫ

**Айтолқын ТЕМІРБАЕВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс магистранты**

**Шекараның қалыптасуы** – экономикалық, саяси, этнографиялық, тарихи, әскери, т.б. факторлардан туындаған күрделі үдеріс. Ежелгі өркениеттер кезінде мемлекет шекарасы ретінде су, жер сияқты табиғи бөгеттер саналды. Бүгінде әрбір мемлекеттің өз шекарасы бар, және мемлекеттік шекара туралы нақты тұжырым пайда болды.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі саяси міндет ретінде қойылған. Өз қауіпсіздігіміз бен аумақтық тұтастығымызды қамтамасыз ету үшін біз күшті мемлекет болуға және көршілерімізбен достық қарым-қатынас орнатуға тиіспіз. Сондықтан жақын және тарихи көршіміз ҚХР-мен өзара тиімді негіздегі осындай сенім мен тату көршілік қатынастарымызды жалғастырудамыз [1, 34-б.].

**Ұлттық шекара** – 1975 жылы БҰҰ-ның Жарғысы мен ЕҚЫҰ-ның Қорытынды актісінің бекіткен халықаралық құқықтың негізгі принциптерінің бірі. Осы құжаттарға сәйкес, мемлекет әскери басқыншылықтың алдын алып, халықаралық құқықты бұзатындай тура немесе жанама күш қолданудан және осындай қауіп төнген жағдайда оның жолын кесуге тиіс.

Шекараны өзгерту халықаралық құқыққа сәйкес бейбіт жолмен, өзара келісім бойынша жүзеге асырылады. Шекаралардың мызғымастығы елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігінің маңызды ерекшелігі және халықаралық құқық субъектісі ретінде мемлекет ұғымымен тығыз байланысты [2, 87-б.].

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны делимитациялау тарихы екі кезеңнен тұрады: біріншісі** – ҚХР-мен шекараны анықтау және келісімдер жүргізу; **екіншісі** – Ресей Федерациясымен және үш Орталық Азия мемлекеттерімен шекара мәселелерін шешу [3, 87-б.].

1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауынан ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келген шекара мәселесі аяғына дейін шешілмей қалды. 1991 жылы тамызда КСРО-ның халықаралық шартты міндеттемелері жаңадан құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрамындағы мемлекеттерге берілді. 1991 жылы Орталық Азия аймағында жас республикалардың егемендік алуларына байланысты, ҚХР шекара мәселесін әрбір бұрынғы одақтас республикалармен жеке-дара қарастыратын болды. Қытай үкіметі бірінші кезекте Орталық Азия аймағы елдерімен арадағы шекара-территориялық мәселелерге қатысты Кеңес Одағы заманынан басталған келісімдерді қайта жалғастыруды қолға алды. Өйткені, ҚХР территориясының тұтастығы, қауіпсіздігі мен мызғымастығы тек қана оның шекарасы мен территориясына қатысты мәселелердің толық, анық және түбегейлі шешілуі жағдайында ғана мүмкін екендігін түсінді. Сондықтан да, Қытай басшылығы 1992 жылдың бірінші жартысында алғашқы мемлекетаралық қатынастардың бастауы ретінде Қазақстан мен Қырғызстан Республикаларымен (Тәжікстан өзінің ішіндегі қарулы азаматтық соғысына қатысты бұл келісімдерге қатыспады) даулы территориялар мен шекара сызығының өтуіне қатысты таласты қарастыратын екіжақты кеңестер жұмысын жүзеге асырды. Сонымен бірге Пекин шекаралық тақырыптағы келісімдерді көпжақты форматта өткізу туралы Мәскеудің ұсынысын қабылдап, 1992 жылдың қыркүйегінде Минск қаласында (Белоруссия) Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай өкілдерінің («4+1» формуласы) бірлескен жұмыс тобы құрылды. Келіссөздер барысында бұрындары Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы шекара мәселесіне қатысты келісімдер шешімдері мақұлданып, Пекин әр тараппен екі жақты келісімге келді [4, 179 - 181-бб.].

1993 жылғы Қазақстан Ресубликасы мен Қытай Халық Республикасы «Мемлекеттік шекара туралы» декларациясының 13-бабында: *«Тараптар бұрын Кеңес – Қытай шекара мәселелері туралы келіссөздерінде қол жеткізілген келіссөздерді растай отырып, екі елдің қазіргі шекарасы туралы шешілмеген мәселелерде келіссөздерді жалғастырады. Оны жалпы мойындалған халықаралық құқық нормаларына сәйкес тең кеңес өзара түсіністік пен екі жаққа да әділ, тура шешім табу үшін түсіністік танытатын болады. Осының негізінде шекараны анықтау мемлекетаралық келісім арқылы жүзеге асады»,* – делінген [5, 137 – 138-бб.].

**Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы даулы шекара мен талас территорияларға қатысты келісімге келген алғашқы мемлекет, ортақ шекара сызығы бар (1,7 мың шақырым) Қазақстан болды.** Қазақстан Республикасының дипломатиясы жаңа тарихи жағдайларда Қытаймен шекаралық мәселелерді реттестіруді Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін нығайту үшін, сондай-ақ түрлі саладағы ынтымақтастықты кеңейту үшін қосымша мүмкіндіктер ретінде қарастырды.

Қытай Халық Республикасы мен егемендік алған Қазақстан Республикасы арасындағы шекара мәселесі 1992 жылдың 24-28 ақпан аралығында ҚР премьер-министрі С.А.Терещенконың ҚХР-ға жасаған сапары барысында көтеріліп, Қытай – Қазақ шекарасында шекара арқылы қосымша өткізу пункттерін ашу туралы құжаттарға қол қойылды. Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасымен мемлекеттік шекарасын белгілеу жөніндегі жұмысы әлемдік тәжірибеде қабылданған қағидаларға сәйкес жүргізіліп, осы бағытта Үкімет, Қауіпсіздік Кеңесі, Шекаралық мәселелер жөніндегі үкіметтік комиссия өз жұмыстарын нақты жүзеге асыра бастады.

1994 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Кеңесінің премьері Ли Пэн Қазақстан мен Қытай шекарасындағы 69 нүктеге делимитация туралы «Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекарасы туралы» келісімге қол қойды [6, 146-б.]. Келісімнен тыс қалған 15 пен 16, 48 бен 49 шекаралық нүктелер арасындағы мәселе қарастырылды. Олар Сарышелді өзені (Алматы облысы) мен Шағаноба және Баймырза асуы (Семей облысы) аймақтарындағы талас тудырған қазақстандық 944 шаршы шақырым территория мәселесі еді.

**Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы шекараны реттестіру мәселесінің екінші кезеңі 1997 жылы қыркүйекте басталды.** 1997 жылы 23 қыркүйекте ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің премьері Ли Пэннің Алматыға келген екінші сапарында Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында Хан Тәңірі шыңының ауданындағы Қытай – Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы «Қосымша келісім» қабылданды. Бұл келісім алдыңғы кезеңде қабылданған (1994 ж.) келісімнің жалғасы еді. Келісім бойынша Қытай мен Қазақстан арасындағы 11 шақырымға байланысты шекара анықталды. Ең негізгі мәселелердің бірі болатын, яғни «даулы аудандар» туралы мәселенің шешімі сол күйінше шешілусіз қалып отырды. Ал осы жердегі ҚХР мен ҚР-ның мемлекеттік шекарасындағы «даулы аудандар» деп отырғанымыз – Алматы облысының Алакөл ауданындағы Сарышелді өзенінің аңғарындағы, яғни 48-ші және 49-шы шекаралық нүктелер арасындағы аудандар және Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Шағаноба мен Баймырза асулары, яғни 15, 16-шекаралық нүктелер арасындағы аудандар кірді [7, 256-б.]. Бұл даулы шекаралық нүкте тек 1997 жылдың қыркүйегінде қосымша келісім негізінде нақтыланды. «Қосымша келісім» бойынша, Шағаноба және Баймырза (Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы) асулар ауданы учаскесіндегі батыстан Шағаноба асуына дейінгі Сауыр (қытайша «Сайри – Ола») жотасының баурайы, Жүректау алқабы, сонымен қатар Шағаноба және Керегетас кірді. Қазақстан Республикасының шебінде екі шекаралық заставалар мен орман шаруашылығы толығымен және мал шаруашылығы аудандарының көпшілігі сақталынды. Ал Адырбай және Талдыайрық өзендерінің жоғарғы ағысының аңғарлары, сондай-ақ Баймырза асуы ауданындағы Тарбағатай жотасының оңтүстік баурайын қамтитын аудан Қытай Халық Республикасының құрамына өтті [8]. Бір айта кететін жайт, Қазақстан тарапы Қытай үкіметінің өтініші бойынша шекара аймағында Кеңес дәуірінде Қытайдың «ықтимал шабуылына» қарсы біртұтас қорғаныс жүйесі негізінде тұрғызылған инженерлік-фортификациялық құрылыстарды жоюға келісім берді [9, 58-б.].

**Ал Қытай – Қазақстан қарым-қатынастарында екінші «талас тудыратын аудан» – Сарышелді ауданы**. Сарышелді аймағының учаскесіндегі Сарышелді өзенінің шығыс бастауынан Черемхова өзенімен қосылатын жерге дейінгі өзеннің сол жақ жағалауы, Черемхова өзенінің бүкіл арнасы және Шолақ (Содабань) асуының ауданын қамтитын аймақ Қазақстан Республикасының аймағына өтті. Қазақстан Республикасының шебінде шаруашылық жүргізудің дәстүрлі аудандары, мал жайылымы, шабындықтар және орман алқаптарының бір бөлігі сақталынды. Ал Сарышелді өзенінің оңтүстік жағалауы, сонымен қатар оның Құлағансай жылғасының солтүстік құйылымы Қытай Халық Республикасының аймағына өтті. Бұл қосымша келісім бойынша Шағаноба аймағының 70 пайызы Қазақстанға, ал Қытайға 30 пайызы өтті. Ал Сарышелді өзені аумағының 30 пайызы Қазақстанда қалып, ал қалған 70 пайыз аймақ Қытай шекарасына өтті. Келісім бойынша талас тудырған 944 шаршы шақырым территорияның 407 шақырымы (43 пайыз) Қытайға, ал 537 шақырымы (57 пайызы) Қазақстан тарапына өтті [10, 245-б.].

**1998 жылы мамыр айларында ҚХР премьері Ли Пэн тағы да Қазақстанға келді.** Бұл кездесуде аталған 69 нүкте бойынша шекараны анықтауға қол жеткізілді.

1999 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ҚХР-ға жасаған сапары барысында Пекинде «Қытай – Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Шартқа» қол қойылды. Осы құжатқа қол қоюмен екі елдің арасында ұзаққа созылған келіссөздер процесі толығымен аяқталып, Қытай – Қазақстан мемлекеттік шекарасы заңды түрде рәсімделді. Әрине, бұл келісім екі ел арасындағы шекара аймағында тұрақтылық пен өзара сенімділік жағдайының орнауына әсерін тигізді. Мемлекеттік шекараны делимитациялау жұмысы барысында ҚХР мен ҚР-ның үкіметтік делегациялары 1993 жылғы «ҚХР мен ҚР арасындағы Достық өзара қатынастар негіздері туралы бірлескен Декларациясына» сүйенген. Себебі, бұл құжат – екі елдің бір – біріне деген аймаққа байланысты қойылатын таластардың туындауын жоққа шығаратын құжат ретінде танылған.

Барлық фактілерді жинақтай келіп, 1999 жылы 24 наурызда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың қолы қойылған, ҚХР мен ҚР арасындағы 1997 жылғы және 1998 жылғы Қытай – Қазақ шекарасы туралы қосымша келісімдерін ратификациялау (заң жүзінде бекіту) туралы Қазақстан Республикасының заңы шықты [11]. Бұл қабылданған заң екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны толық делимитациялауға байланысты жасалынған қосымша келісімдердің толықтай Қазақстан Республикасының заңдарына сай рәсімделгендігін мойындай келіп, 1999 жылғы 7 сәуірде өз күшіне енді.

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекараны делимитациялау (белгілеу) мәселесі қиын да әрі ұзақ мерзімді үрдістердің бірі болып табылады. Мемлекеттік шекараны делимитациялау – саяси, экономикалық, географиялық, тарихи, мәдени, ұлттық, құқықтық және басқа да аспектілерді өте мұқият қарастыруды талап ететін күрделі мәселе. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекараны делимитациялау жөніндегі келіссөздер 1992-1998 жылдары жүргізілген.

**ҚР мен ҚХР арасындағы кездесудің қорытындысы бойынша, Қазақстан – Қытай шекарасында дәл белгіленген аудандық шекара белгілері жөнінде сипатталған төмендегі халықаралық шарттарға қол қойылды:**

1.1994 ж. 26 сәуір – «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан – Қытай шекарасы жөніндегі келісім» [12].

2.1995 ж. 15 маусым – «Қазақстан – Қытай шекарасы туралы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Үкімі [13].

3.1997 жыл 24 қыркүйек – «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан – Қытай шекарасы жөніндегі Қосымша келісім» [14, 132-б.].

4.1998 жыл 4 шілде – «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Қазақстан – Қытай шекарасы жөніндегі келісім» [13, 135-б.].

5.1999 жыл 5 мамыр – «Қазақстан Республикасы,

Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекараны анықтау туралы келісім» [13, 142-б.].

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында мемлекеттік шекараны делимитациялау мәселесіне байланысты қол қойылған осындай құжаттар шекарадағы тұрақты жағдайды орнатуға, қандай да бір қарулы қақтығыстардың туындамауына, достық қатынастағы елдің халықтарының байланысын қолдауына барынша жағдай жасады. Ал бұл өз алдына Қытай мен Қазақстанның шекара аймағындағы сенімділік шараларының артуына, сонымен қатар тату көршілік қарым-қатынастардың дамуына мүмкіндік береді. Қытаймен шекаралық мәселесін ретке келтіріп, Қазақстан өзінің дегеніне жету үшін барлық әрекеттерді қолданатындығын дәлелдеп, өз ұстанымын бекітті.

Қазақстан – Қытай шекарасын нақтылау 2001 жылдың желтоқсанында аяқталды, қорытындылар екі ел басшыларының 2002 жылғы Пекиндегі кездесуінде заңды күшке ие болды.

Қазақстан бар-жоғы он жылдың ішінде шығыстағы көршілермен шекара мәселесін толықтай шешуге қол жеткізді, ал КСРО кезінде бұл мәселе 30 жыл бойы шешімін таппай келген. Аумақтарды баламалау ҚР сияқты ҚХР-дың да қызығушылықтарына сәйкес келгендіктен, бұны тең дәрежедегі келісім деп атауға болады. Қазақстан өзінің стрaгетиялық әріптесі ҚХР-мен әріптестікке қол жеткізуі – Қазақстан басшылығы мен дипломатиясының еңбегі.

Осылайша Қазақстан мен Қытай арасындағы екі жақты қарым-қатынас тарихының үлкен дипломатиялық жұмысы аяқталып, жаңа дәуір басталды. Ол – достық дәуірі, әріптестік және даму жолындағы қадам.

**Қазақстан Қытаймен шектесетін 15 елдің ішінде шекара мәселелерімен толық келісімге келген алғашқы мемлекет болды.** Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық келісімдер ҚР Пре зиденті Н.Назарбаевтың тарихи еңбегі екенін айта кеткен жөн. Шекаралық келісімге келу екі ел арасындағы екіжақты құқықтық келісім базасының қалыптасуына жол салып, алғашқы дипломатиялық қарым-қатынас орнаған бес жыл ішінде елуге жуық шарттар мен келісімдерге қол қойылды [17, 18-б.]. Қазақстан – Қытай шекарасы – «достық пен әріптестіктің» шекарасы.

## РЕЗЮМЕ

В статье дается определение местоположения и направления государственной границы между Казахстаном и Китаем. Совместная граница составляет около 1740 км. 26 апреля 1994 года между КНР и Казахстаном был заключен договор «О казахстанско-китайской государственной границе». 10 марта 1999 года Парламент Казахстана ратифицировал данный договор. Между Казахстаном и КНР дипломатические отношения были установлены 27 августа 1992 года. С этого момента между этих стран юридически завершился процесс делимитации.

**Ключевые слова:** Казахстан, Китай, государственные границы, делимитация, договор.

* * *

In a scientific article reported to determine the location and direction of the state border between Kazakhstan and China. Shared border is about 1740 km. April 26, 1994 year an agreement was signed between China and Kazakhstan «On Kazakh – Chinese border». March 10, 1999 year the Parliament of Kazakhstan ratified it. Between Kazakhstan and China diplomatic relations were established on august 27, 1992 year. From that moment between these countries ended a legal delimitation process.

**Keywords:** Kazakhstan, China, state borders, delimitation, agreement.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1.**Назарбаев Н.** Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл- ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. –Алматы: Білім, 1998. –240б.

2.**Савкович Е.В.** Пограничное урегулирование на западе КНР В 1990 – 2000 – е гг. (Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан) // Вестник Томского государственного университета. – 2010. – № 336 – С. 87.

3.Правда о государственной границе Республики Казахстан. Под общей ред. **К.К.Токаева.** – Алматы: Жибек жолы, 2006. –228 с.

4.**Комиссина К., Куртов А.** Россия – Китай – страны Центральной Азии: к новому качеству международных связей // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – № 2. – С. 179 – 181.

5.Казахстан – Китай: 1992 – 1997 / Отв. ред. К.Султанов. –Алматы, Пекин, 1997. –С. 137-138.

6.**Медеубаева Ж.М.** История формирования внешнеполитической доктрины Республики Казахстан (1991 – 2010 годы). Монограф. – Астана, 2012. – 288 с.

7.**Тоқаев Қ.К.** Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Астана: GAUHAR, 2002. – 568 б.

8.**Токаев К.К.** Что кроется за соглашением о границе с Китаем // Казахстанская правда. – 1998, 15 июля.

9.**Халанский И. В.** Политика КНР в постсоветском сегменте Центральной Азии: решение пограничного вопроса // Вестник Кыргызско-Российского славянского университета. – 2015. – Т. 15. – № 5. – С. 58.

10.**Султанов Б.К., Музапарова Л.М.** Становление внешней политики Казахстана. – Алматы : КИСИ при Президенте РК, 2005. –356 с.

11.Республика Казахстан. Закон от 24 марта 1999 года №351-1. О ратификации Дополнительного Соглашения между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой о казахстанско-китайской границе // Казахстанская правда. 1999, 27 марта.

12.Соглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой о казахстанско-китайской государственной границе от 26 апреля 1994 г. [Электронный ресурс – Портал Республики Казахстан]. Режим доступа http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsi/dok_pernsi.htm – Загл. с экрана.

13.**Сыроежкин К.Л.** Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству. Книга 3. Сборник документов. –Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2010. – 524 с.

14.Дополнительное Соглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой о казахстанско-китайской государственной границе от 24 сентября 1997 г. [Электронный ресурс – Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан]. Режим доступа: http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000352 _ – Загл. с экрана.

15.Китай глазами Казахстанцев. Под. редакцией Б.К.Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте Республики Казахстан. 2012. –280 с.

# ТРАДИЦИИ И ОБЫЧАИ В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ КАЗАХОВ

**Майя БОЛАТХАН,**
**магистрантка 2-курса КазГосЖенПУ**

Как известно, менталитеты различных этносов неадекватно выражены, что связано как с различиями природно-географических условий проживания народа, характером их трудовой деятельности, спецификой внутренней структуры этноса, а также тем, какие общественно-экономические формации пережил тот или иной народ. Так, непосредственная близость к наблюдаемому и воспринимаемому, укорененность в бытии, близком к природе, выразились у казахов в особом понимании времени, пространстве, внутреннего мира человека, смысла его бытия, нравственных устоев. Все это имеет реальные корни в действительном бытии, отсюда проистекает национальный образ мира. По словам Кшибекова, менталитет казахского народа неразрывно связан с кочевым образом жизни и резко отличается от менталитета народов Европы [1, с. 4]. Менталитет казахского народа как основной стержень национального самосознания, подвергается изменениям, подвижен.

**Менталитет казахского народа – совокупность разных черт, сформированных в разное время:** это и патронимизм, и черты советской ментальности, и черты патернализма, как уважительного отношения к своему родному государству, которое будет заботиться о своих гражданах (казахстанцах), рост этнического самосознания, стремление не замыкаться в рамках своей культуры, а воспринять ценное в других культурах, в частности, русской, некоторый космополитизм и сближение с русской культурой, как общей культурой народов, проживающих в Евразийском пространстве. Но в то же время, несмотря на трансформационные процессы в национальном сознании, черты казахской национальной ментальности как духа народа продолжают сохраняться.

**Менталитет народа наиболее ярко проявляется в его национальном характере и языке.** Так, чертами национального характера казахов являются:

**-доверчивость и детская наивность, простодушие, широта души**, ср.: *«Қазақтың мінезінде сәбилік көп қой; ол сенгіш, кең, дарқан. Мүмкін ен далада еркін сайран құрып, табиғат дүлеймен ғана тіресіп өскеннен де шығар. Ол ұсақтыққа бара бермейді. Сенген, құрмет тұтқан адамына көл-көсір, жер-ана берген байлықты маңдай терімен тауып отырса да, сатпайды, сыйлайды. Өйткені саудагер емес: оны ар көреді,* ср.: *«Күздікте, тары орғанда: бірер қабын қалаға апарып сатсаңдаршы дегенде: «Қойшы, Митрей, сонан не болар дейсің. Еркек басымызға ұят ол. Сен анау бір қабын ала кет. Көже-қатық қыларсың, дейтін еді. Оны Судаков әлі ұмытқан жоқ»* ( М.Сүндетов. Ескексіз қайық) [2, 171].

- **отзывчивость**, ср.: *«Странно – Мухит обернулся назад, пригляделся к свету – Неужели дядя Канат? – Моя машина, – подтвердил Галымжан – Это степь, отозвался Мукаш, – Путника, потерпевшего беду, не оставляют на полдороге»* (С.Санбаев. Времена года нашей жизни) [3, с. 430];

- **гостеприимство, радушие**, ср.: *«Жөн-жөн, шырақтарым, жолдарың болсын,– деді Ағыбай да өңін, жылыта қоймай. «Қонақ – ырыс», дейді аталарымыз. Қонақтың келгені жақсы»* (К.Жұмаділов. Сәйгүліктер) [4, с. 13-14]. *«Как водится, его угощали и в этом доме. Казахское радушие оборачивалось делом обременительным: сколько домов – столько и угощений. К тому же в доме Абды был приготовлен высший деликатес – вареная баранья голова. И в первый момент Карпов растерялся. Ему доводилось слышать; что по давнему обычаю гостеприимства баранью голову подают особо почетному гостю. Тот делит ее ножом и угощает гостей ниже рангом»* (М.Ауэзов. Племя младое) [5, с. 325]. *«Жарқын бұның жұлдызы өзінің ғана емес, өңгенің де көсегесінің көгергенін тілейтін кең қолтық, ақ пейіл адам екенін мықтап ұқты»* (І.Есенберлин. Алтын аттар оянады) [6, с. 284]; *«Әділгерей еріксіз мырс етіп күліп жіберді: – Әй, аңқылдаған ақ көңіл досым – ай!»* (Қ.Жұмаділов. Сәйгүлектер) [7, с. 146].;

- **уважительное отношение к старшим**, ср.: *«Салаумәлейкүм! – деп Бозайдар сәлем берді. – Әликсалам! О, батыр жол болсын! – Шымырбай, жасы үлкендігін көрсетіп жөн сұрады – Әлей болсын. Ауданға бара жатыр ем»* (М.Скакбаев. Ұят туралы аңыз) [8, с. 266] *«– Асалаумағалейкум, Толеке! Ал, жол болсын. Әлей болғай. Амансыңдар ма?!»* (М.Сүндетов. Кызыл ай) [9, с. 225].

Конкретизация гостеприимства проявляется в соблюдении ритуала угощения, одаривания гостя, например: *«Қазақтын жөн-жоралғысынан безбес болар»* (М.Сералиев. Замандастар) [10, с. 121]

Этнические стереотипы, заложенные в национальном сознании казахов, конкретизируются и упрощаются путем сближения абстрактных понятий с какими-то конкретными образами, расшифровки их путем ритуализированного представления в традициях, обычаях, обрядах. Например, знак уважения к старшим, получения от них благословения в этническом стереотипе поведения казаха проявляется в обычае просить благословения у старших, например: *«Үлкен кісілердің батасын алып, алдынан бір-бір өтіп шығуым керек»* (Д.Досжанов. Таразы) [11, с. 154].

Этнический стереотип одаривания за радостную весть также ритуализируется в конкретной форме, например: *«Сүйінші, сүйінші! Ерқара көкем келді!»* (Ж.Еділбаев. Буырқанған бұлақтар) [12, с. 121]

Этнический стереотип конкретизации абстрактных понятий *«Қадамы құтты болсын»*, *«үйдің шырағы өшпесін»* ритуализируется в соблюдении обычая подливания масла в огонь, например: *«Табалдырықтың алдына жаңа сойылған жас тері төселеді. Оң аяғымен аттаған келін сүрінбесе, таймаса – қадамының құтты болғаны»* (Ә.Кекілбаев. Құс қанаты) [13, с.33]. Свадебный обряд *«подливания масла в огонь» первоначально имел религиозную форму, т.е. осознавался в форме ценностных представлений религии, когда магические действия были направлены на то, чтобы оградить молодых от всего, что было способно причинить им вред. Огонь был покровителем жилищ, домашним святилищем. Огонь имеет качество очистительное. Очищают, проводя меж двух огней. Такой обряд очищения называется аластау. Отсюда фразеологизм «екі оттың*

*арасынан өткізу»* (провести между двух огней).

**Определенным стереотипизированным ценностным представлением, является жертвоприношение** (құрбандық, садақа). Обычно приносят в жертву белого верблюда («ақ түйенің қарны жарылды», или барана с желтой головой (ақсарбас) или белого с лысиной. Обряд жертвоприношения белого верблюда совершается в радостных случаях, на могилах предков, или в честь какого-то важного события в семье или в жертву аруахам. В национальном самосознании казахов значительное место отводится культу почитания предков. На могилах каялись, приносили присягу. Путнику, которого ночь заставала в степи, рекомендовалось ночевать возле могил. Проезжая мимо одинокой могилы или кладбища, путник сходил с коня и некоторое время шел пешком в знак уважения к мертвым, стоя лицом к могиле. Гнева аруахов боялись. Одно из самых тяжелых проклятий звучало так: «Аруақ атсын!»

**Духи выдающихся людей пользовались особым почитанием.** Именно их имена произносились в особо трудных случаях, например: *«Аруах … Аруах…! Это кричал Бурундук, призывая в свидетели своей победы души предков»* (И.Есенберлин. Отчаяние) [15, с. 165].

**Почитание предков отчетливо проступает и в погребальной поминальной обрядности.** У казахов похороны и поминки были общественным событием, почетные старики шли в дом умершего и приступали к организации похорон. Они устраивали совет (кеңес), в разные стороны разъезжались всадники, посланные пригласить окрестное население и живущих в отдалении родственников на похороны (аза). Перед прочтением заупокойной молитвы (жаназа) всем гостям (представителям родов) преподносились дорогие подарки (жол), а также деньги. Помимо подарков присутствующим раздавали и отрезы тканей (жыртыс). На похоронах старухи в придачу к «жыртыс» могли дать иголки, нитки, шерсть, браслеты, серьги, кольца, украшения, лоскутки, что выражает связь живых с покойником. По представлениям казахов, с помощью оторванного кусочка одежды благодатная сила (қасиет) умершего передается оставшимся в живых.

**Национальное самосознание казахов актуализируется через систему его этноценностных ориентаций, проявления национального характера – менталитета.** Своеобразие казахского менталитета заключается в его обусловленности природно-географическими условиями проживания, типом хозяйственной деятельности, кочевым образом жизни, спецификой этнической структуры, сложившейся в виде родоплеменной иерархии и сословно – этнических групп. Именно природно-географическая среда, занятия кочевым скотоводством, родоплеменная этническая структура и существование патронимии способствовали формированию особого психического уклада казахской нации – менталитета, как жизненно необходимых правил человеческого общежития.

**Наиболее ярко менталитет народа проявляется в его национальном характере и языке.** Так, чертами национального характера казахов являются: доверчивость и детская наивность, простодушие, широта души;отзывчивость; гостеприимство, радушие; уважительное отношение к старшим и др.

## АҢДАТПА

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық болмысы қарастырылған, оны ұлттық мінезі мен тілінен аңғаруға болады.

* * *

The article bright mentality of the Kazakh people is considered, which is manifested in his national character and in a language.

## ЛИТЕРАТУРА

1.**Кішібеков Д.** Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999. [1, с. 4].
2. **М.Сүндетов.** Ескексіз қайық, [2, с.171].
3. **Санбаев С.** Времена года нашей жизни, [3, с. 430].
4. **К.Жұмаділов.** Сәйгүліктер, [4, с. 13-14].
5. **Ауэзов М.** Племя младое, [5, с. 325].
6. **Есенберлин І.** Алтын аттар оянады, [6, с. 284].
7.**Қ.Жұмаділов.** Сәйгүліктер, [7, с. 146].
8.**М.Скакбаев.** Ұят туралы аңыз, [8, с. 266].
9.**М.Сүндетов.** Кызыл ай,- Алматы: Жазушы,1978. [9, с. 225].
10.**М.Сералиев.** Замандастар - Алматы: Қазақстан,1972. [10, с. 121].
11.**Д.Досжанов.** Таразы - Алматы: Жазушы,1992. [11, с. 154].
12.**Ж.Еділбаев.** Буырқанған бұлақтар - Алматы: Жазушы,1980. [12, с. 121].
13.**Ә.Кекілбаев.** Құс қанаты - Алматы: Жазушы,1989. [13, с.33].
14.**И.Есенберлин.** Отчаяние, [15, с. 165].

# ИЗУЧЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ СПОСОБОВ ОБРАБОТКИ ВОЙЛОКА

## с учетом современных возможностей производства и область его применения

**Айнур НИЯЗОВА,**
**магистрант университета «Алматы»**

**Войлок – материал, который обладает теплоизоляционными и звукоизоляционными свойствами и получается в процессе валяния.** Валяние – технологический процесс получения войлока, который образуется за счет переплетения, сцепления волокон. Шерсть имеет чешуйчатый слой, что позволяет волокнам шерсти хорошо сцепляться между собой при воздействий горячей воды или пара, при этом создавая эффект сокращения и прочную связь волокон. Процесс валяния шерсти называется войлоковалянием. Во время валяния войлока изделие которое изготавливается уменьшается и усаживается, за счет этого плотность и прочность войлока растет.

*«Усадка войлока варьируется от 30 до 80 процентов, плотность имеет максимальное значение*

*на уровне 0,55 г/см 3. При увеличении плотности наступает перенапряжение волокон и изделие разрушается»* [1].

***«Виды шерсти для валяния:***

*-остевая шерсть (используется для валяния грубых изделий, не контактирующих напрямую с нежной кожей, например валенок, полусапог, сумок);*

*-сливер (расчёсанная овечья шерсть, без остевых волосков чаще всего неокрашенная, используется для набивания игрушек, создания основы изделия, с последующим наложением шерсти других цветов);*

*-очес (очес шерсти, состоящий из мелких волосков, используется для валяния полотна, фетра, мягкого войлока);*

*-выбеленка (очес овечьей шерсти, вытянутая и выбеленная, используется в качестве светлого тона, и для домашнего окрашивания);*

*-верблюжья (расчесанная шерсть верблюда, используется для валяния игрушек и др. изделий без использования шерсти-основы);*

*-ангора или мохер (шерсть ангорской козы, с шелковистым блеском. Используется для декора и отделки изделий);*

*-полутонкая шерсть (пуховые волосы от 25 до 29 микрон в диаметре (тонине) используется для сухого и мокрого валяния, для отделки изделий и декора);*

*-тонкая шерсть (пуховые волосы от 19 до 25 микрон в диаметре (тонине) используется для сухого и мокрого валяния, для отделки изделий и декора);*

*-топс (пуховые волосы до 19 микрон в диаметре (тонине) используется для сухого и мокрого валяния, самая дорогая шерсть);*

*По выделке шерсть делят на вату (короткие волокна) и гребенную ленту (длинные волокна, расчесанные и уложенные в виде ленты от 1 метра длиной)»* [2].

**Шерсть – наиболее загрязненный волокнистый материал.** В период линьки животных стригут и вычесывают, получаемую шерсть используют в основном в текстильном производстве. Два раза в год, осенью и весной стригут грубошерстных овец. Шерсть после стрижки называют руно. Шерсть сортируют, потому что руно не бывает одинаковой в разных частях. Состриженная с овец шерсть содержит жир, почвенные загрязнения, растительные примеси. Поэтому шерсть предварительно очищают, так как такие загрязненные компоненты не позволяют вести промышленную переработку. Такие загрязнения шерсти зависят от породы, пола и возраста животного и его климатических условий, состава кормов. Шерсть овцы содержит меньше жира чем шерсть барана.

Для лабораторных испытаний и приема шерсти по качеству делается классировка образцов шерсти, но не всей шерсти, а 10-20% шерсти. Сортировку в промышленности делают так: сначала разделяют руны по длине, тонкости, цвету и состоянию, затем на конвейерных линиях осуществляется ручная сортировка. После сортировки появляется шерсть разного ассортимента для обработки, переработки.

Моечные машины с водными растворами промывают шерсть. Для промывки в водных растворах используют моющие синтетические средства, которые обеспечивают нейтральную среду, что позволяет шерсти оставаться неповрежденным. После всего этого шерсть хорошо сушат и упаковывают.

Войлок лидер среди натуральных материалов и очень востребован. Так как он является природным сырьем, его используют в разных областях производства. Благодаря современным технологиям изготавливать войлок стало существенно проще. Рулонные полотнища из шерсти прочные, эластичные и гибкие, поэтому их легко кроить, крепить. Сегодня мы можем увидеть грубошерстные, тонкошерстные и полугрубошерстные ткани и войлоки разных цветов, благодаря стойким красителям.

Вначале специальные щипальные, трепальные аппараты разрыхляют волокна шерсти, готовую шерсть смешивают и замасливают смесовые аппараты. Следующий этап войлоковаляния включает в себя изготовление ваты на чесальных аппаратах, где слои ваты накладывают друг на друга, при этом формируется заготовка чуть больше нужного размера. Затем свойлачивающие аппараты с прогретыми плитками хорошенько уплотняют готовую заготовку, пропитывая ее щелочью или кислотным раствором. После валяльные машины подготавливают изделия нужного размера и плотности, где специальные аппараты вытягивают изделие. Затем отделку шлифуют, очищают от ворсинок, прессуют и обрезают.

***«Виды войлока:***

*1. Шерстяной.*

*2. Полушерстяной.*

*3. Минеральный (из минеральной ваты).*

*4. Химический (из химических волокон).*

**Назначение войлока:**

*1. Технический*

*1.1. грубошёрстной.*

*1.2. полугрубый. 1.3. тонкошёрстный»* [1].

Технический войлок получают из синтетических материалов, это волокна оксидов кремния, алюминия, хрома, циркония и т.д. Технический войлок обладает теплофизическими качествами, поэтому его применяют в производстве как огнеупорный материал, а также в качестве теплоизолятора жилых домов. Он в основном производится в виде лент и используется в производстве фильтров и сальников в машиностроении, судостроении предохраняя детали от загрязнения, попадания пыли и воды. Войлочные прокладки востребованы в приборостроении и как изолятор для звукоизоляции. Грубошерстные и тонкошерстные виды технического войлока используют для эффективных фильтров очистки воздуха и топлива. Также существуют виды войлока, которые обладают высокой стойкостью к агрессивной среде и изготавливаются на базе вискозных нитей, такой войлок называют графитированный войлок.

*«2. Бытовой. 2.1 подошвенный. 2.2. обувной. 2.3. шорный»* [1].

Бытовой войлок обладает высокой прочностью, популярен благодаря высокому уровню своей экологичности и безопасности. Его используют в пошиве спецодежды, в различных бытовых нуждах, в производстве качественной мебели и создании каких-либо элементов к ней.

**3. Строительный.** Строительный войлок – теплоизоляционный строительный материал, который в основном изготавливают из низкосортной шерсти, различных растительных волокон и отходов из производства пряди и крахмального клейстера.

*«После того, как войлок подвергают механической обработке, он приобретает вид полотнищ шириной и длиной 2000 мм. Теплопроводность такого войлока составляет около*

*0,06ВТ/(м0С), а плотность составляет 150 кг/м 3». «Строительный изоляционный войлок имеет плотность 0,16 г/см 3 и используется для создания в промышленном и гражданском строительстве звуко и теплоизоляционных прослоек, изготовления амортизационных прокладок»* [3].

Строительный войлок используется в теплоизоляции трубопроводов и различных оборудовании. Он также применяется в утеплении дверей, окон и наружных углов в домах, в звуковых и тепловых изоляциях потолков и стен. При печных работах в противопожарных целях используют строительный войлок, который пропитан глиняным раствором. Войлок пропитывают трех процентным раствором фтористого натрия, в целях избежания появления моли, затем материал хорошенько просушивают.

Обладая такими уникальными качествами, как экологичность, натуральность при этом не раздражая кожу, войлок является отличным материалом. **Поэтому используется в разных вариациях и ценится за такие качества:**

- высокая теплопроводность – качественный утеплитель.
- хорошее поглощение звуков – отличный звукоизолятор.
- способность впитывать влагу в превышающих собственный вес количествах.
- непроницаем для пыли и грязи.
- устойчив к химическим, механическим воздействиям и повышенной температуре.
- нетоксичен.
- служит очень долго – долговечность, прочность.
- экологический чистый продукт – безопасен для человека и окружающей среды;
- отсутствует в составе вредные компоненты.
- натуральность, эластичность дает материалу гибкую структуру.
- не горит, а только тлеет.

«Имея такие разные технические характеристики и виды, войлок является универсальным материалом в следующих областях производства: в автомобильной промышленности; в производстве мебели для дома и офиса; в строительстве; в медицине; в производстве средств гигиены; в машиностроении; в сельском хозяйстве» [4].

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1.http://www.ultratkan.ru/poleznye-stati/obshhie-ponjatija-tehnologii-izgotovlenija-vojloka/ Общие понятия технологии изготовления войлока.

2.http://irapr.ru/ валяние-из-шерсти-методические-реком / Блог Ирины Преображенской. Художественный войлок. Лекция по дисциплине «Основы декоративно-прикладного и технического творчества».

3.http://www.gvozdem.ru/spravochnik-materialov/v/stroitelnyy-voylok.php Строительный войлок.

4. http://wooltex.biz/proizvodstvo Производство.

*Ұстаз зерттеуі*

# КИРОВТЫҢ МАҚАНШЫҒА КЕЛУІ

БК(б)П ОК-нің секретары және ұйымдастыру бюросының мүшесі Сергей Миронович 1934 жылы қазақ жеріне келген сапарында Тарғыбатайдың күнгейіндегі переселендер ауылын аралайды. Петровск, Восток, Благодарное ауылдарының егіс алқабында 2-4 тамыз күндері болады. Аудандық партия комитетіндегі жалғыз жеңіл машинамен келіпті. Жанына шоферы және райкомнан бір қызметкер ілесіпті. Алғаш Үржар ауданына бір ШТЗ тракторы 1929 жылы келіп, трактор саны енді төртеуге жеткенімен, жұмыстар негізінен қолмен атқарылатын шақ еді. Кировтың аяғында көне етік, галифе шалбар. Қарапайым киінген. Сақалын қырмапты. Елден оқшауланбай дала қосында орақшыларман түнейді. Еңбек адамдарымен қатар отырып, соларға дайындалған астан бірге ішеді. 1929 жылы ұжымдастырудың қарсаңында Москвадан Иван Поважный деген өкіл келген. Ол: *«Алда қиын кезеңдер болатыны жайлы, осы бастан азық-түлік қорын жинақтап үнемдеуді»* ескертеді. Бұдан әрі ол Талдықорған жаққа сапарын жалғастырады. Содан әр отбасы бидай тұқымдас дақылдардың қорын іркіп, картопты молайтып переселендер 1932 жылдың апатынан мұртын балта шаппай дін аман шығады.

Ал, Кировтың мақсаты қазақ жерінде болған зұлмат ашаршылықтың зардабын көзбен көріп, оны жою барысындағы ел тіршілігіне серпіліс беру екен. 2 күн бойы құнды кеңес беріп, белсенділермен егіс алқабын жаяу аралайды. Үлкендермен қатар жастардан Ф.Величко, И.Гужевой, Н.Потемкин, т.б. ілесіпті (Толық дерек берген- осы жастар). Соңғы күні еңбеккерлермен жиналыс ашады да, келесі ауылдарға кетеді. Ізінше қалың жаңбыр жауады. Сол кездесулердің бірінде қария кейуана оған сұрақ қояды: «1918 жылы соғыста Мақаншыдағы өртенген (Танымал Алаш қайраткері Отыншы Әлжанов Қызыл қырандармен кескілескен соғыста осы шіркеуде жанып кетеді. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. I том. Алматы. 1998 ж. 667-бетте *«Отыншы Әлжанов 1873, бұрынғы Семей обл. Зайсан у. Нарын болысы – 1918, Семей обл. Мақаншы кенті»* – деп жазылған. Ал орыс халқының түсінігінше: «Туда зашли белые» – дейді) шіркеудің орнына жөнделіп, қайта тұрғызылған жаңа шіркеудің безендіру жұмысының аяқталмай қалғаны, қазір астық қоймасы боп тұрғаны туралы және 1928 жылы күзде оны 2 жылдай ұйымдастырып салдырған туысы 2 дәулетті адамның ұсталып кеткенін айтып, түрмеден, айдаудан қайтаруын сұрайды. Киров үндемей тұрып-тұрып, басын шайқайды. Кировтың сол кездегі Сталин үкіметіне оппозициялық бағыт ұстанғаны да белгілі. Мүмкін 1932 жылғы қазақстандағы нәубетке орай қажетті деректер жинастырып келді ме? Ол көп ұзамай жұмбақ жағдайда қаза болады. Кейін Кирилловка ауылы оның есіміне орай «Кировка» аталады. Ашаршылықтан әлі толық ес жимаған бұл өңірдің қазағы Киров сапарынан бейхабар еді.

**Рамазан НҮСІПОВ,**
**Шығыс Қазақстан облысы,**
**Үржар ауданы,**
**Көктерек ауылы.**

# ОҚУШЫНЫҢ БІЛІМ МАРШРУТЫМЕН ЖҰМЫСЫ

**Гүлсара ЫСМАҒҰЛОВА (Исмагулова),**
**Жаңақала мектеп-гимназиясының**
**жоғары санатты тарих пәні мұғалімі**

Күнделікті сабақты сапалы ұйымдастыруда әрбір шығармашылықпен жұмыстанатын мұғалімнің алдында көптеген мәселелер туындап отырады. Соның бірі «Сабақта барлық оқушылармен және әрбір оқушымен жеке бір мезгілде қалай жұмыстануға болады?» деген сауал. Бұған көмектесетін блоктік-модульдік технология негізі болатын оқушының маршруттық картамен жұмысы.

**Маршруттық картаның басты талабы** – топтық жұмыс барысында жекелеген оқушының толықтай немесе ішінара жеке жұмыстануына жағдай туғызу. Осы әдіспен өткізілген 11-сыныптағы «Қазақстандағы индустрияландыру саясаты» тақырыбындағы сабақты қарастырайық.

**Сабақтың мақсаты:** топтық жұмыс арқылы өзіндік сын-көзқарастарын қалыптастырып, әр оқушы өз ойларын нақтылап, дәлелдеуге үйренеді.

Сабақ барысында Блум өлшемдеріне негізделген тапсырмалар алты блокқа, яғни «аялдамаларға» топтастырылып берілді. Әр аялдамадан соң «Бұл аялдамадан қандай «жүк» алдым?» кері байланыс парағы толтырылады.

**№1 аялдама. Білу. Әрбір дұрыс жауап 1 балға бағаланады.**

**Барлығы – 20 балл. Сұрақ-жауап**:

1.Индустрияландыру басталды.

2.«Кіші Қазан» бағытының авторы.

3.«Кіші Қазан» идеясының мәні.

4.Ф.Голощекиннің ұраны.

5.Индустрияландыру жылдары қарқынды жүргізілді.

6.Орталық Қазақстанды зерттеген академик.

7.И.Губкин «бұл аймақ елдегі мұнайға аса бай облыстардың бірі» деп меңзеген аймақ.

8.1927 ж. салына бастаған ірі құрылыс.

9.Түркісіб жалғастырған өңірлер.

10.Түркістан-Сібір теміржолы салынуы барысында басшылық жасаған қайраткерлердің бірі.

11.«Қазақстан отар болып келді, солай болып қала бермек...» деп айтқан қайраткер.

12.Бірінші бесжылдық жылдары ашылған кәсіпорындар.

13.Соғысқа дейінгі бесжылдықта салынған кәсіпорындар.

14.Түркістан-Сібір теміржолы құрылысы барысында қатардағы жұмысшыдан басшыға дейін көтерілген тұлға.

15.Индустрияландыру жылдары білікті жұмысшы кадрлар мен инженер мамандар әкелінді.

16.Индустрияландыру саясатын жүзеге асыруда қолданылған әдіс.

17.Түркі Сіб құрылысында болған жұмысшылар саны.

18.1920-1930 жж. Жезқазғанның мыс кенін зерттеген қазақ ғалымы.

19.Ф.Голощекиннің Қазақстанда билік еткен мерзімі.

20.Индустрияландыру туралы шешім қабылданды.

**№2 аялдама. Түсіну. Әрбір дұрыс жауапқа 2 балл, барлығы: 10 балл.**

Сәйкестендіру тапсырмасы. Төменде келтірілген терминдерді жауабымен сәйкестендіреді.

**Индустрияландыру. Фабрика. Цех. Инженер. Комбинат** – сөздерінің мағынасы түсіндіріледі.

**№3 аялдама. Қолдану.** Интерактивті тапсырма. (Интеллектуалдық ойын. learningapps.org сайтындағы жеке кабинеттегі (http://Learningapps.org /display?v=pjfyeafac17) алдын-ала дайындалған тапсырмалар беріліп, қорытындыланады. Әрбір дұрыс жауапқа 2 балл, барлығы – 16 балл).

**№4 аялдама. Талдау. Әрбір дұрыс жауап – 3 балл, барлығы: 12 балл.**

**Мәтінмен таныса отырып, ретімен орналастырыңыз:**

1. «Өндіріс жабдықтарын өндіру 4,5 есе, мұнай өндіру 4 есе қысқарды, мыс және полиметалл кендерін шығару, мыс балқыту тоқтап қалды, көптеген кең орындары мен көмір шахталарын су басты немесе электр стансаларының қирауы, жабдықтардың бүлінуі, т.б. себептерден жұмыстарын тоқтатты. Транспорт, әсіресе, теміржол көлігі апатты жағдайда болатын: паровоздардың жартысынан көбі және вагондардың 90%-ға жуығы күрделі жөндеуді қажет етті, жүздеген көпір қиратылды, бәрінен де жол шаруашылығы көп зиян шекті, жарамсыздарын алмастыруға рельстер мен шпалдар жетіспеді.»

2. «Сәдуақасов VI Бүкілқазақстандық партия конференциясында (1927 жылғы 15-23 қараша) «Мен екі жыл бойы біздің өнеркәсібіміздің басты буыны алып құрылыстар салу емес, жергілікті ұсақ және орта өнеркәсіпті дамыту екендігін насихаттап келемін... Ұсақ және орта өнеркәсіпті дамыту мәселесінің Қазақстан экономикасын одан әрі жетілдірудегі маңызының күн өткен сайын артып келе жатқандығын біз қазір ескеруіміз керек»,– деп ерекше атап өтті.»

3. «Риддер кәсіпорындарын қалпына келтіру жұмыстары қайтадан қолға алынды. Қарағанды және Екібастұз көмір өндірістері, Спасск зауыты, Успен кең орны және басқа да тау-кен өндірісі орындары мен тау-кен зауыттарының кәсіпорындары тоқтап тұрды, Қарсақбай мыс балқыту зауыты мен Байқоңыр – Қарсақбай-Жезқазған тар табанды теміржолын қалпына келтіру жұмыстары басталды.»

4. «КСРО-ның алғашқы бесжылдық жоспарында Қазақстанның мұқтаждыққары мен мүмкіндіктері тиісті деңгейде ескерілмеді. Сондықтан да КСРО-ның Еңбек және Қорғаныс Кеңесі мен Халық Комиссарлары Кеңесінің ... жылғы 1 қыркүйектегі қаулысында «халық шаруашылығы құрылысының бесжылдық жоспарында Қазақ АКСР-нің мұқтаждықтары мен онын құрылысындағы мүмкіндіктер толық есепке алынбаған», – деп атап өтуі кездейсоқ емес.» (wikipedia.org).

**№5 аялдама. Жинақтау.** Дұрыс жауаптың әрбіреуі 2 балмен бағаланады, барлығы 8 балл.

**1920-1930 жж.** өнеркәсіпке баға беріп, өз пікіріңізді білдіріңіз:

| Өнеркәсіптің дамуының «+» және «-» жақтарын анықтап, жазыңыз. | |
|---|---|
| «+» Нәтижелері. | «-» Қиындықтары. |
| Қазақстан одақтағы индустриалдық аймақтың біріне айналды. | Тоталитарлық жүйенің орнығуына ықпал етті. |
| Қазақстанның жұмысшы табы қалыптасты. | Жергілікті халықтың мәдениеті, ділі, тілі аяқасты бола бастады. |
| Қалалар дамыды, урбандалу үдерісі жүрді. | Қазақстан шикізат көзі болып қала берді. |
| Ғылыми зерттеу орталықтары пайда болып, қазақ ғылымының негіз қаланды. | Инженер мамандар сырттан әкеліні, жергілікті ұлт өкілдерінен дайындалмады. |

**Аялдама №6. Қорытындылау немесе бағалау. «Еркін микрофон».**

«XX ғ.б. индустрияландыру саясаты және оның салдарын жою, қазіргі Қазақстанның индустриалдық-инновациялық әлеуеті» тақырыбындағы ашық әңгімеге барлық оқушы қатыстырылады. Ауызша берілген әрбір жауап төмендегіше бағаланады:

Келтірілген дәйектердің нақтылығы – 2 балл;

Баяндаудың жүйелілігі мен реттілігінің сақталуы – 3 балл;

Өзіндік сын-пікірлерінің болуы – 3 балл;

Тыңдалымның сәттілігі – 2 балл.

**Барлығы: 10 балл.**

**Рефлексия. «Жүк түсіру»** Әр аялдамадан алған білімдерін соңғы аялдамада «түсіреді», яғни әрбір оқушы өзінің не біліп, үйренгендіктерін ортаға салады.

**Бағалау.** Бағалау критерийлері бойынша төмендегіше бағаланады.

Барлық критерийлер бойынша максималды 46 балл, соның ішінде: «5» – 38-46 балл. «4» – 30-36 балл. «3»– 3-30 балл.

Маршруттық картамен жұмыстана отырып оқушы:

-Топтағы өзінің рөлін түсінеді, өзіндік уәжі қалыптасады;

-Өз ойын жеткізе отырып, оны жүйелеуге және дәлелдеуге үйренеді;

-АКТ-ны пайдаланудың жолын жетілдіреді;

-Нақты және біліміне сай бағаланады;

-Білім деңгейі артып, ол өз кезегінде пәндік білімінің тереңдеуіне жол ашады;

-Пәнге деген қызығушылығы артады.

**Батыс Қазақстан облысы,**
**Жаңақала ауданы,**
**Жаңақала ауылы.**

# САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ НЕМЕСЕ «LESSON STUDY»

**Айнұр РЫМЖАНОВА,**
**физика-математикалық бағыттағы**
**Назарбаев Зияткерлік мектебінің тарих пәні мұғалімі**

**Lesson Study (сабақты зерттеу)** – қазіргі заманда нәтижелі білімге ұмтылған әлем елдерінің барлығында дерлік қолданылып келе жатқан педагогикалық әдіс. **Пит Дадлидің нұсқаулығында былай жазылады:** *«Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл. Ол XIX ғасырдың 70-жылдарында Жапонияда бастау алып, осылайша Батыста қолданылатын «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілінен 70 жыл бұрын қолданыла бастаған.*

*Lesson Study-ге шараны бірлесе жоспарлап, өткізетін, қадағалайтын, оқыту мен оқуды талдай отырып, өз қорытындыларын қағаз бетіне түсіретін мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесіне жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді, кейін ашық Lesson Study өткізу немесе жұмыс сипатталған құжатты жариялау арқылы әріптестеріне таратады.*

*Қазір уақытта Шығыс Азияда Lesson Study Жапониямен қоса, Сингапурде, Гонконг пен Қытайда қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар батыс елдерде де, соның ішінде АҚШ-та, Ұлыбританияда, Швецияда және Канадада қолданылуда.»* [1].

**Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға берген білім-білігімен ғана бағалау жеткіліксіз.** Бүгінгі мұғалім еңбегі – өсіп келе жатқан ұрпақтың жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табуына, талдай алуына, тиімді пайдалана алуына икемділіктерін қалыптастыруға тиімді жағдай жасауымен бағаланады. Ендеше *«Біздің жүргізіп жүрген сабақтарымыз қаншалықты оқушыны дербес, өзгермелі заманға бейім етіп тәрбиелеп жатыр?»* деген сұрақ қазіргі кез келген мұғалімнің көкейтесті сұрағына айналғаны сөзсіз. Заман талабына сай оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде Lesson Studyді қолдану тиімді екенін өз тәжірибемізде дәлелдедік.

Сабақты зерттеу барысында жоспарлауды, оқытуды, қадағалауды, оқыту мен оқуды талдауды бірлесе жүзеге асыру үшін және өз қорытындыларымызды тұжырымдау үшін ең алдымен сыныпты таңдап, сол сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен кәсіби әңгіме жүргізілді. *«Lesson Study бастауыш және орта мектептерде негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады»* [2]. Аталған қағидаға сүйене отырып 10-сыныпта гуманитарлық пәндерден сабақ беретін және сол сыныптың кураторын қамтыған зерттеу тобы құрылды.

**«Сабақты зерттеу» тобының жұмысы мынадай алгоритм бойынша жүзеге асатыны Пит Дадлидің нұсқаулығына сүйене отырып жоспарланды:**

- күнделікті жинаған материалдары мен жүйелі бағалау деректерін оқушылардың оқу мен даму басымдықтарын белгілеу үшін қолдану;

-алдағы уақытта әзірленетін немесе жетілдірілетін, белгіленген міндеттерге жауап беретін оқыту

әдістемесін бірлесіп анықтау;

-үш «бақылаудағы оқушыны» анықтау, олар әрайсысы сыныптағы белгілі бір топтың өкілі болуын қамтамасыз ету, мысалы, оқу үлгерімінің деңгейі жоғары, орта, төмен оқушылар;

-Lesson Study-ді бірлесіп жоспарлап, сабақты өткізу барысында зерттелетін үш оқушыны үнемі назарға ала отырып, оқыту әдістемесін пайдалану және оның нәтижелерін мұқият зерттеу;

-бақылаудағы оқушылардың дамуы мен оқуына басты назар аудара отырып, Lesson Study өткізу және оны қадағалау. Аталған үдерістерді бірнеше сабақ бойы қайталап, жетілдіру;

-бақылаудағы оқушылардың Lesson Study туралы ойларын білу үшін олармен сұхбаттасу;

-Lesson Study-ді талқылау;

-қолданылатын әдіске бақылаудағы оқушылардың қалай қарайтынын, олардың жеткен жетістіктерін, оқуда көрсететін нәтижелері мен кездесетін қиындықтарын білу, сонымен қатар алынған тәжірибені келешекте оқыту мен оқу әдістемесін әзірлеу үшін пайдалану мақсатында Lesson Study-ге талдау жүргізу;

-мектеп мұғалімдеріне таныстырылым жасау немесе коучинг өткізу арқылы Lesson Study тәсілін қолдану нәтижелерін көпшілік қауымға ұсыну [1].

**Топты құру барысында негізінен ұстанған қағидамыз** – 10-сыныпта сабақ барысында 24 оқушының зейіндерін шоғырландырып, назарын сабақтың барлық кезеңінде белсенді қалыпта ұстап отыру үшін, қандай әдісті қолдануға болады деген сұраққа сәйкес туындады. Lesson Study тобына Рымжанова А.Е. (тарих пәнінің мұғалімі), Иманбаева Г.О. (қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі), Жетпісбаева Ж.М. (география пәнінің мұғалімі), Сұлтанова Н.А. (куратор) енді. Топ мүшелерінің алғашқы отырысында Пит Дадлидің «Сабақты зертттеу нұсқаулығымен» танысып, талқылау жүзеге асты.

10-сынып оқушылары негізінен белсенділігі жоғары, бәсекеге бейім болғандықтан, сабақтағы топтық жұмыс барысында кейбір оқушылардың белсенділігін жоғары деңгейдегі белсенді оқушылардың әрекеті төмендетіп жіберетіні байқалатын. Сыныптың білім деңгейі жақсы, оқу еңбегін ұйымдастыра білу қабілеттері жоғары, сыни ойлау және оны қолдану дағдыларының деңгейі де салыстырмалы деңгейде алда болды. Қазіргі XXI ғасырда шәкірт бойында қалыптасып, дамытуға міндетті талаптың бірі – оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамыту, сын тұрғысынан ойлауды жетілдіру қажеттілігі.

**Сабақты зерттеуді жоспарлауда Джон Хопкинс Университетінің дарынды балаларға арналған әдістемелер жинағынан алынған «Іздеу» моделін таңдауға ұсыныс жасалды** [1]. Себебі, бұл модель қажетті ақпаратты оқушылардың өздері тауып, талдап қана қоймай, күтілетін нәтижеде талқыланған мәселенің шешу жолдарын қарастыруға арналады. Ондай модель сәтті жүзеге асқан жағдайда, оқушылар қажетті ақпаратты дайын күйінде емес өздігінше «іздеу» арқылы тауып, сараптайды.

Алғашқы кездесулердің бірінде зерттеу жүргізетін әртүрлі білім алушы топтың шынайы өкілі болған үш оқушыны: жоғары, орта, төмен көрсеткіштері бар топтардың үш өкілін таңдап алынды. Сабақты зерттеу барысындағы жұмыс істейтін әрбір оқушының қазіргі деңгейі мен зерттеу соңында әр оқушыдан қандай нәтиже күтілетіні туралы қысқа жазбалар дайындалды. Сабақты өткізбестен бұрын сабақ жоспары топта талқыланып, қажетті ұсыныстар айтылды. Алғашқы зерттеу сабағы тарих пәнінен басталды. Мұнда сыныпты топқа бөліп, өткен сабақты пысықтап алғаннан кейін, әр топқа әр түрлі тақырыпта дереккөздері мен ақпараттар таратылды. Сабақтың кезеңдері, «Іздеу» әдісінің қадамдары, жетістік критерийлері түсіндірілді, оқушылар өз рөлдерін бөліп алып, жұмысқа кірісіп кетті. Бұл жерде топтың әр мүшесі белсенді болды, топтың бірігіп жұмыс істеуіне мүмкіндік берілді. Әрқайсысы өз деңгейлері жеткенше тапсырманы қызығушылықпен орындап шықты.

**«Іздеу» моделінің қадамдары:**

-Басты тұлғаның ерекше қасиеттерін зерттеңіздер;

-зерттеу кезеңінде туындаған мәселені анықтаңыздар;

-Мәселені шешу жолын іздестіруге кірісіңіздер;

-Басты тұлғаның тап болған мәселелері мен зерттеген ортасын, ол тап болған жағдайларды анықтаңыздар;

-Іздеудің нәтижесімен таныстырыңыз, іздеп тапқан мәселенің шешімін ортаға салыңыздар.

**Джон Хопкинс университеті мамандарының ұсынысы бойынша, «Іздеу» моделі** – жоғары сынып оқушыларына арналған тиімді тәсіл. Біздің топ мүшелері 10-сыныптың танымдық қабілеттерінің ерекшелігіне сай осы модельді орта сыныптарда қолданып көру оқушылардың қабілеттерін дамыта түсетіні тәжірибе барысында байқалды.

**Зерттеу сабағын ұйымдастыру, Бағалау, Іс-әрекет ретімен орындалды.** “LS” тәсілін іске асыру барысында, оқушылар өздерін еркін ұстады. Бақылауға алынған үш оқушы үнемі назарда болды. Бақылаушылар түрегеп жүріп бақылады. Алдын ала бақылауға алынған оқушыларға мінездеме берілді, болжаулар жасалды. Жоспарлау үдерісінде жасалған алдын ала болжамды салыстырып, “зерттелетін оқушы” оқуын қадағалап, айырмашылықтар себебі анықталды. Сыныптың тұтастай оқытылуы қамтамасыз етілді. Бірінші Lesson Study-ді талдап, оқушылар пікірін білгеннен кейін, екінші Lesson Study география пәнінің жоспары құрылды. Оқушылардың пікірлерін ескере отырып, жаңа тақырыпты өз беттерімен меңгеру үшін «Іздеу» моделі мен ойын элементтерін қоса отырып ұйымдастыру жоспарланды. Себебі, оқушылар тақырыпты өз беттерімен талдап, модельді қолдана алағанымен, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты және ұсыныстары бойынша «ойын технологиясы» элементтері қосылса, оқушылардың қызығушылықтарын арттыра түседі деп болжалды. География пәнінде жаңа тақырыпты меңгертуде оқушылар «Іздеу» әдісі бойынша жұмыс жасады. Мәтінді бірінші өздері оқып, топта талдап, басқа топтарға жариялым жасады. Бұл жерде белсенді диалог орнады, барлық оқушылар диалогқа қатысты. Әрине, «модель» талабы бойынша негізгі мәселелерді нақты анықтай алмаған топтар да болды. Бақылаудағы үш оқушы тапсырманы әр деңгейде орындады, әрі ерекше қабілетті оқушылар топтық жұмыста көшбасшы болып отырды. Ал, В деңгейлі оқушы мәселені шешу жолдарын анықтауда күткен нәтижеге жете алмады, бірақ сабақтың қалған бөлімдерінде белсенді болды, дегенмен бұл оқушыда өз біліміне сенімсіздік байқалды. Сабақ соңында оқушылармен сұхбаттасқан кезде бақылауға алынған оқушылар сабақты меңгеруге «Іздеу» әдісінің тиімді болғанын айтты.

Үшінші Lesson Study кезеңінде қазақ әдебиеті пәнінен бірлескен жоспар құрылып, ұйымдастырылды. Әдебиеттің сынын, теориясын, тарихын оқушыға меңгерту қажет, сондықтан сабақ үдерісінде

сұрақ-жауап, дәлелдеу, талдау, салыстыру, жинақтау, қайта қорыту әрекеттері арқылы жүзеге асыруды жоспарладық. Осы бағытты ұстана отырып, зерттеушілік әңгімені (Александер 2004) енгізуді жөн көрдік. Өйткені зерттеушілік әңгіме қарым-қатынас жасаудың барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды, әркім өз пікірін ұсынады. Алайда жұмыс барысында кейбір оқушылардың тиісті білім-білік дағдысы толық болғанмен, топ алдында дәлелдеу, сөйлеу дағдылары жетпей жатқаны байқалды. Оқушылардың зерттеу жұмысына төселмегені, бұл әдіс оларға күрделі болғаны байқалды.

**Жалпы белсенділік, бәсекелестік – екіжақты үдеріс.** Рефлексивтік–практик (Дональд Шон) ретінде теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, тәжірибе барысында «сабақты зерттеуді» негізгі нысанға алып, сыныпта, оқу және оқыту үдерісінде белсенділік, бәсекелестік жағынан өзгеріс енгізіп, «іс-әрекеттегі толғаныс» жүргізіп отырсақ, бұл біздің тәжірибемізге сын қарауға, неге осындай іс-әрекет жасағанымызға мүмкіндік беретініне, тәжірибемізге қатысты бірқатар ойлар мен сұрақтар анықтауға мүмкіндік беретініне көз жеткіздік.

**Lesson Study бізге тәжірибелі маман ретінде де, НЗМ мұғалімі ретінде де кәсіби жетілуімізге көмектесті.** Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырдық. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, *Lesson Study* дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырдық, соның нәтижесінде біз *Lesson Study* барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстыра алдық. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болды. *Lesson Study* тәсілін тәжірибемізде пайдаланғаннан кейін, зерттелген жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле алдық, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастадық. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, *Lesson Study* мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік беретініне көз жеткіздік.

**Қорыта айтқанда Пит Дадлидің айтуынша әріптестермен бірлесе отырып жоспарлау, яғни «сабақты зерттеу» төмендегідей нәтижеге жеткізетіні анық:**

«Lesson Study тәсілі тиімді, себебі ол мұғалімдерге:

•әдеттегіге қарағанда балалардың білім алғандығының анағұрлым анық, әртүрлі қырларынан және егжей-тегжейлі дәлелін көруге;

•мұғалімнің пікірі бойынша балаларды оқыту барысында не болуға тиіс, ал шындығында жағдай қандай екендігі арасындағы айырмашылықты көруге;

•оқытуды нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп қалай жоспарлау керектігін түсінуге;

•Lesson Study-ді басты мақсаты оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ететін мұғалімдердің желілік қоғамдастығы аясында іске асыруға (Dudley, P. 2011a);

•Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолдануға көмектеседі.».

Қазақстанның білім саласында, атап айтқанда өскелең ұрпаққа сапалы білім беруде, әлем практикасындағы Lesson Study-ді кең қолдану, күтілетін нәтижеге апаратын тиімді тәсілдердің бірі дер едім.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1.Джон Хопкинс университетінің Талантты жастар Орталығының (АҚШ) (Center for Talented Youth) бағдарламасы бойынша жинақ. Астана, 2014.

2.**Құдайбергенова Қ.С.** Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізінде, монографиялық еңбек, Алматы: Дархан, 2008.

3.**Матюшкин А.М.** «Что такое одаренность: выявление и развитие одаренных детей: классические тексты». [«Дарындылық деген не: дарынды балаларды табу және дамыту: классикалық мәтіндер»]. – М.: Омега-Л, 2008.-368 бет.

4. Мұғалімге арналған Нұсқаулық. Кембридж Университеті бағдарламасы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы, Бірінші (ілгері) деңгей. 2012.www.cpm.kz

5. Методическое пособие – Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2014

6. **Пит Дадли.** Lesson Study: Нұсқаулық. 2011, Lesson Study UK www.lessonstudy.co.u

7. «LESSON STUDY» как способ совершенствования практики обучения. Астана, 2012.


**Талдықорған қаласы.**

## ӨЗ ПӘН БІРЛЕСТІГІҢІЗДІ ТАНЫТЫҢЫЗ!

**“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Пән бірлестігі сөз алады» айдарымен әр мектептің пән бірлестігінің іс-тәжірибесі жарияланады.**

**Шарт: әр пән бірлестігінен кемінде 5 мұғалім 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық бірлестік мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) бірлестіктің соңғы 2-3 жылдағы жетістіктері туралы 1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 1-2 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы бірлестіктің ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына фотосымен, жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүлдегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.**

**Редакция алқасы.**

# «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

**Гүлзира САРИЕВА,**
**№72 жалпы білім беретін мектептің директоры**

*«Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек»*
**Н.Ә.Назарбаев.**

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кезекті халыққа жолдауын: *«Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті»,* – деп бастады. Бұл орайда елең еткізген жаңалық – тұңғыш мемлекеттік ресми идеология, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы. Бұл – Қазақстан Республикасының ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз.

Түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлы: *«Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк (Тұй-ұқық) негізін қалаған идея...»* екендігін жазған. Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Осыдан 13 ғасыр бұрын Көк Түріктер мәңгілік ел саясатын іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

**Мәңгілік ел дегеніміз** – мемлекеттің ірі державалар мен бәсекеге төтеп беріп, өзін сақтай білу саясаты. Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы – мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция (тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ Түркештер тұрды. Қырғыздар, Қидандар, Татабилер, Таңғыттар, Басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді.

Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. Қорқыттың бұл әрекетін халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғы жалғастырады. Асан қайғының Жерұйықты іздеудегі мақсаты – халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел болуын қалағандығынан.

**Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н.Гумилев «От Руси к России» атты еңбегінде:** *«Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған моңғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды»,* – дейді. әйгілі ғалым еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Н.Назарбаевтың бастамасымен қалыптасып жатқан Еуразиялық идеясының негізінде Ресейлік емес, түріктік ынтымақтастыққа қол жеткізіп, көне түріктердің мәңгілік ел идеясының өміршеңдігін дәлелдеуіміз керек. «Тұтас түрік елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған істері едәуір. Елбасы Түрік бірлігі идеясын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап көтеруде. Ел азаматтары мен Қазақстан саяси элитасының ұлттық идеология қалыптастыру жолындағы ойларын Елбасы сараптады. «Біртұтас Түркістан идеясы», «Түркістан конфедерациясы», «Еуразиялық одақ идеясы», «Қазақстандық ұлт идеясы», «Жерұйық», «Атамекен», «Қазақ Елі идеясы» сынды ұғымдар арқылы мемлекет құрушы қазақ халқы мен тарихи тағдыр тоғыстырған ұлттарға ортақ болarлық идея, мемлекеттік мәнге ие болarлық идеология қарастырылды.

Мәңгілік Ел идеясы – қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология. Елбасы Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: *«Тарихтың алға қойып отырған өктем талабы әрбір түрік еліне әртүрлі салада саяси, экономикалық, мәдени және гуманитарлық тәсілдермен бірігу проблемасын шешудің бәріне бірдей тең институттық тетіктерін жатпай-тұрмай іздестіруді міндеттейді»,* – дей отырып, түрік мемлекеттері интеграциясының тиімді жолдарын іздеу қажеттілігін көрсетті. Елбасы Н.Назарбаев 2000 жылы 14 желтоқсанда латын алфавитіне көшу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіре келіп, өте мұқият дайындықтан соң латын алфавитіне көшетінімізді айтты. Бұл жерде Тоныкөк негізін салған «Мәңгілік ел» идеясын қалпына келтіруші, жандандырушы Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына славяндық кириллица емес, түркі тектес бауырларымыз қолданатын латын қарпіне көшудің қажеттілігін айтты. «Тарих толқынында» атты еңбегінде: *«Түркі халықтары жұмылған жұдырықтай болып біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда қайдағы бір енжар, ынжық элемент ретінде емес, өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсете алады. Бұл бағыттағы алғашқы игі қадам ортаазиялық одақтың құрылуы болды. Оның шеңберінде біздің бәрімізге ортақ мәдени ұқсастығымызды жете сезіну арқылы деңгейіміздің көтеріле түсетіні сөзсіз»,* – деп түрік бірлігінің болашағына зор үмітпен қарады.

2012 жылы 12 желтоқсанда Түркия астанасы Анкара қаласында Лев Гумилевтің 100 жылдығына орай өткен «Лев Гумилев және оның түркологиялық ғылыми мұрасы» атты конференцияда алтайлық түркітанушы Беликовтың: *«Бүгін Мая күнтізбесі бойынша тұтас бір кезең аяқталып, түркі жұртының дәуірі басталды!»* – деген жалынды сөздері барша түркі халықтарын дүр сілкіндіріп, ертеңге деген ерен сенім ұялатты.

**Гумилевтің айтқан сөздері жаңа дәуірге қадам басқан Қазақ елінің қазіргі жағдайымен тұспа-тұс келеді.** Гумилевтің «алқалы жиындар өтеді» дегені түркі ұрпақтарының ынтымақтастық жолында атқарып жатқан шаралары болса, «тарихын зерттейді» дегені түркі академиясының құрылуы және де 2013 жылы 5 маусымдағы М.Тәжиннің ұлттық тарихты зерделеу

бағдарламасының жариялануы, содан кейін, «бір адам туады» дегені Ұлт Көшбасшысының дүниеге келуі, сонымен қатар, *«адам баласының ойына келмейтін биік мақсаттар қойып, елді жұмылдырып, соған қол жеткізеді»* дегені Елбасының Қазақстан 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын аяқтап, дамыған 30 елдің қатарына кіру бағытын алға қоюы деуге болады.

**Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады:** оның **біріншісі** – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, **екіншісі** – әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және **үшіншісі** – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты білік» дастаны. Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни *«түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені»* паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылған. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

**Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасады.** Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсіністік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті – мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастыру. Ішкі міндеті – мемлекет өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

**«Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекеті түріктерінің тілінде жазылғаны белгілі.** Жүсіп Баласағұн «Құтты білікті» 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы, араб-парсы әдебиетінің көшірмесі емес. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірлік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күн – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұра тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды.

XVIII ғасырда Қазақ хандығын қайта қалпына келтіріп, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік Мәңгілік Ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазаққа айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді. Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді қайта біріктірген ұлы тұлға және «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы – «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар.

**Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз** – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. **Сыдықов Е.** «MANGI EL» журналы, – Алматы, «Pride Print», баспасы, 09.2013.
2. **Күлтегін Тоныкөк:** Ежелгі түркі рун жазбалары (Әдеби нұсқасын жасаған **Қадыр Мырза Әли.**) – Алматы, «Өлке» баспасы, 2001. – 144 бет.
3. **Назарбаев Н.Ә.** Тарих толқынында. –Алматы, «Жібек жолы», 2010.
4. **Гумилев Л.Н.** От Руси к России. – М: ООО «Издательство АСТ», 2002.
5. **Қабылдинов З.** Астана ақшамы, Тегі асыл ел тарихын түгендейді, 10.02.2014 ж.
6. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. – Астана: Сарыарқа, 2012.
7. **Сыздықов С.М., Селиверстов С.В., Сыздықова Ж.С., Джаферсой Н., Кара А., Қабылдинов З.Е.** Н.Назарбаевтың еуразиялық идеясы және түркі кеңістігі. Ұжымдық монография. – Астана, «Сарыарқа» баспасы, 2011.
8. **Тоғысбаев Б., Сужикова А.** Тарихи тұлғалар. – Алматы, «Алматы кітап» баспасы, 2005.


**Алматы қаласы.**

# СЕНІҢ ТАҢДАУЫҢ – СЕНІҢ БОЛАШАҒЫҢ!

*(Сыныптан тыс сабақ. 10-сынып)*

**Нұргүл ҚАСЕНОВА,**
**А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Мақсаты:** | Оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыру. Қазақстандағы сайлау жүйесі туралы білімдерін кеңейту. Сайлауға келушілердің белсенділігін арттыру. |
| **Әдістер:** | Палаталардың атауымен топқа бөлу, миға шабуыл, «Кроссенс», Постер, Түрткі сұрақтар, жарнама, пікірталас, ой толғау, «3, 2, 1» әдісі. |
| **Күтілетін нәтиже:** | Оқушылардың құқықтық санасын қалыптастырады. Қазақстандағы сайлау жүйесі туралы білімдерін кеңейтеді. Сайлауға келушілердің белсенділігін арттырады. |
| **Сабақтың барысы:** | |

| Уақыты | Сабақ кезеңі | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Нәтижесі | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 мин<br>3 мин<br>5 мин | **Кіріспе: «Түрткі сұрақтар».**<br>**Тақырыпты анықтау. «Кроссенс» әдісі.**<br>**Топқа бөліну:** | -Қайырлы күн құрметті оқушылар!<br>- Мен бүгінгі сабағымда сендерді көргеніме қуаныштымын!<br>Балалар, болашақта үлкен өмірге қадам басасыңдар, оған да аз уақыт қалды. Сол кезде таңдау жасау сендер үшін өте қажет және қателеспеу керек. Мысалы: ойланып көрейікші «Таңдау жасау» дегенді кім қалай түсінеді?<br>Ендеше біздің бүгінгі сабағымыз Мемлекеттің болашағы үшін де біз таңдау жасауымыз қажет екен.<br>«Мәжіліс, сенат, мәслихат» атауларын таратады. | Оқушылар амандасып, топқа отырады.<br>«Таңдау жасау» дегенге әр оқушы өз пікірін айтады.<br>Мысалы: таңдауды біз әр күні жасаймыз.<br>1.Не киеміз?<br>2.Біз не жейміз?<br>3.Немен айналысамыз?<br>4.Кіммен дос боламыз?<br>Бүгінгі сабағымыз «сайлау» туралы болмақ.<br>Оқушылар үш топқа бөлінеді. | Ынтымақтастық қалыптасады. Сыни ойлау дағдысы қалыптасып, жылдамдыққа жауап беріп үйренеді. | Слайд, презентация суреттер, флипчарт, маркер |
| 5 мин<br>10 мин<br>8 мин<br>3 мин | **Негізгі бөлім: «Кері байланыс». Презентация.**<br>**«Постер» «Жарнама».**<br>**Сергіту сәті.** | Балалар жақсы біз кері байланыс жасап алайық.<br>Әр топ өз атауы туралы не біледі?<br>Қазақстандағы сайлау жүйесі туралы не білеміз?<br>Слайд көрсетіледі.<br>Ендеше балалар әр топ сайлауға шақыру үшін халықты, жастарды сайлауға үндеу қағаз жасайды.<br>(Ол тартымды, мазмұнды, есте тез қалатындай болу керек).<br>2.Сен қандай партия құрар едің?<br>Енді әр топ өз партиясын құрып, Өз бағдарламаларын ұсынады.<br>«Біз музыканттармыз». | Әр топ өз атаулары туралы мәліметтер береді.<br>Басқа топ толықтыруға болады.<br>Оқушылар сайлау, референдум, конституция,президент сайлауы туралы айтады.<br>Оқушылар тыңдайды.<br>Әр топ өз көшбасшысын сайлайды.<br>Уақыт беріледі. Топ ережесі сақтайды.<br>Өз жұмыстарын іледі. Әр сайлау комиссиялары өз бағаларын береді.<br>Топтар өз партиясын құрады.<br>Өз бағдарламаларын ұсынып таныстырады.<br>«Біз музыканттармыз» сергітуді орындайды. | Сын тұрғысынан ойлауға үйренеді.<br>Өз ойларын айта білу дағдысы қалыптасады. | Сызбалар Интер тақта. Плакат. Маркер. Скотч. Стикер желім түсті қағаздар. Музыкалық аспаптар. |
| 4 мин<br>1 мин<br>1 мин | **Қорытынды бөлім:**<br>**Рефлексия «3,2,1» әдісі. Бағалау.** | «Егер мен депутат болсам.....» тапсырмасы беріледі.<br>«3»-қызықты ақпарат.<br>«2»-есте сақтайтын нәрсе<br>«1»-сұрақ.<br>«Бағалау кестесі».<br>Рахмет балалар! Сайлауға қатысу – әр азаматтың борышы, міндеті. Әр сайлаушы берген дауыс өзгеріс жасауы мүмкін. Ол мемлекетіміздің болашағының тағдырын шешетінін естен шығармауымыз керек. | «Егер мен депутат болсам...» өз ойларын айтады.<br>Оқушылар «3,2,1» әдісі арқылы сабақты бекітеді.<br>«Бағалау кестесіне» қарап бағалайды. | Сын тұрғысынан ойлауға үйренеді.<br>Өз ойларын айта білу дағдысы қалыптасады. | Ақ парақ. Стикер. |
| | **Үйге:** | «Сайлау» туралы жаңа сөздерді жазып келу. | «Сайлауға» байланысты жаңа сөздерді жазады. | | |

**Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы.**

# АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Шынар САҒЫНҒАЛИЕВА (Сагынгалиева),**
**Ә.Молдағұлова атындағы № 38 мектеп-лицейдің директоры,**
**тарих пәні мұғалімі, гуманитарлық ғылым магистрі**

| | |
|---|---|
| **Жалпы мақсаты** | 1.Адамның құқықтары және оларды қорғау механизмдерін еске түсіріп, оны өмірде пайдалану.<br>2.Азаматтық құқық ұғымы, бастаулары, қағидалары ұғымдарының мәнін түсіндіру.<br>3.Меншік құқығы, тұтынушылар құқығын қолдануға дағдыланады. |
| **Оқу нәтижелері** | 1. Азаматтық құқық негіздері ұғымы туралы білімдерін жүйелейді. |
| **Түйінді идеялар** | Азаматтық құқықтық субъектілері: жеке тұлға, заңды тұлға, құқық қабілеттілік, әрекет қабілеттілік, меншік құқылы, «Шарт» термині. |
| **Сабақтың әдісі** | ОЖТ.<br>1.Диалогтық оқыту. Топтық, топтық жұмыс. СТО<br>2.Жоғары және төмен сұрақтар қою<br>3.Ойлап, жұптас, талқыла. АКТ.<br>4.Интерактивті тақта, бейне сюжет оқытудағы басқару және көшбасшылық (ОБжН)<br>Дарынды және талантты балалармен жұмыс.<br>5.Жағдаятты шешу. |
| **Көрнекі құралдар** | 1.Интерактивті тақта, тірек сызбалар, электронды оқулық, үлестірме материалдар.<br>2.Топтық жұмысқа қажетті плакат, кітапша, пламастер. |
| **Сабақтың барысы (Блуле таксаномиясы бойынша сабақты игеру).** | |
| **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті.** |
| **Кіріспе уақыты**<br>**5 мин** | 1.Ұйымдастыру (амандасу, шеңбергетұрғызу).<br>2.Топқа бөліну (мазаика тәсілі бойынша) «Азаматтық», «Еңбек», «Отбасы», «Экологиялық» тобына бөлінеді.<br>3.Топ ережесін еске түсіру, топ басшысын тағайындау. |
| **Тұсаукесер уақыты**<br>**5 мин.**<br>**Білуі.** | http.llwww.bilimLand.kz сайтынан «Адам және қоғам» жайында (1 мин.) бейне сюжетті көрсетіп, ой қозғау, оқушыға түрткі сұрақ беру:<br>-«Бала» деп кімді айтамыз?<br>-Адам құқықтарын қорғайтын халықаралық ұйымдарды атаңдар!<br>-Халықаралық билльге қандай құжаттар кіреді?<br>-Қазақстанда адамның және азаматтық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру және қорғаудың негізгі механизмдері қандай? |
| **Негізгі бөлім.**<br>**Түсіну.**<br>**Уақыты**<br>**5 мин** | **1-кезең.** «Ойлан-тап» мазайка.<br>әдісі бойынша құрастырып, сөздерін ортақ атап көрейік.<br>Жеке құқықтың негізгі салалары: - азаматтық құқық негіздері.<br>-Еңбек.<br>-Отбасы.<br>-Экологиялық.<br>Жаңа сабақ мақсаты, жоспармен таныстыру, қысқаша түсінік беру. |
| **Қолдану**<br><br><br><br><br>**Талдау**<br><br><br><br><br>**Жинақтау**<br>**10 мин.** | **2-кезең.** «Білімді өз бетімен игеру» – топқа маршруттық карта арқылы тапсырма беру.<br>1-топ (пастер қорғау).<br>2-топ (Венн диаграммасы) «Т» кестесі.<br>3-топ «Пирамида құрастыру».<br>4-топ «Кітапша» дайындау.<br>**3-кезең.** Әр топқа «Маршруттық карта» берілді.<br>1.Оқулықпен жұмыс, материалдармен танысу – 2 мин.<br>2.Топ арасында талдау – 1 мин.<br>3.Берілген тапсырманы топпен орындау – 7 мин.<br>4. «Ой бөлісу» немесе идея жинақтау арқылы жұмысты толықтыру, қорытындылау – 5 мин.<br>**4-кезең.** Жаңа сабақ бойынша алған білімдерін жинақтап айтуға, әр топқа мүмкіндік береді. Жаңа тақырып бойынша бір-біріне сұрақ беріледі. Жағдаяттар шешілді. |
| **Қорытынды.**<br>**Бағалау.** | Критерий бойынша және суммативті бағалау (әр бір оқушы өзіне қойған балл бойынша) және формативті бағалау.<br>Рефлексия «Пікірлер базары».<br>1.Мен тақырып бойынша жақсы түсіндім (жасыл).<br>2. Мен үшін жаңалау болғаны (қызыл).<br>3. Әлі білгім келеді (сары).<br>**Үйге тапсырма:** Өз құқымды білу, мен үшін... шағын эссе жазу. |

**Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.**

# ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

**Д.КҮЗЕМБАЕВА,**
**№ 164 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Мақсаты** | Оқушылардың қола дәуіріндегі Қазақстанда орын алған өзгерістерді қалай меңгергендігін анықтау, алған білімін қаншалықты қолдана алатынын бақылау, ойын толық жеткізе білуге үйрету, тапсырманы топпен орындауға дағдыландыру, топта дұрыс жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру. | |
| **Жалпы мақсат.** | Тақырыпты түсініп оқи білуге баулу. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру. | |
| **Күтілетін нәтиже.** | Сыни тұрғыдан ойлау арқылы бұрынғы алған білімін қолдана алады.<br>Топта жұмыс жасауға қалыптасады. | |
| **7 модульдің қолданылуы.** | АКТ, «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқытуды басқару және көшбасшылық». | |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер.** | «Миға шабуыл», «Өткеншек», «Ия-жоқ», «Шешімдер ағашы», «Құрастыр», «Дамытушы канон», «Сәйгүлік пен шабарман», өзін-өзі бағалау, рефлексия. | |
| **Қолданылатын ресурстар.** | Флипчарт, маркерлер, постер, тақта, стикерлер, ноутбук, қоржын, түтікшелер. | |
| **Ұйымдастыру кезеңі. Тренинг.** | Әріп арқылы сөз құрастыру арқылы сыныпты топқа бөлу. | Оқушылардың мұндағы мақсаты әріптер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралу.<br>1 топ – Дәуір. 2 топ – Тарих. 3 топ – Атасу. |

| Саб. кезеңі | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| **Білім Қызығу-шылық-ты ояту.** | «Миға шабуыл» әдісін пайдалану арқылы үй тапсырмасына қатысты сұрақтар. | Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы диалогқа түсіру.<br>Слайдта берілген сұрақтарға жауап беру, топпен тапсырманы орындау. | Оқушы берген тапсырманы орындайды. |
| **Қолдану** | «Өткеншек» әдісі бойынша тақырыптарды қайталау:<br>«Қола дәуірі туралы мәліметтер». | Өткен тақырыпты толық меңгергендерін бақылау үшін «Өткеншек» әдісін пайдалану. Ол үшін оқушылар екі шеңбер құрады, сыртқы шеңбер шапалақ сайын ауысады, ішкі шеңбер орнында тұрады, бір-біріне қола дәуірі туралы мәлімет береді, пікір-алмасу арқылы тапсырманы орындап түсінгендерін бір-біріне жеткізеді. | Оқушылардың мұндағы мақсаты – берілген тапсырмаларды дұрыс түсіне отырып мағынасын ашу, түсіне білу.<br>Білімді қолдана білу. |
| **Қолдану** | «Ия-жоқ» әдісін қолдану. | Осы тарау бойынша алған білімдерін қолдану үшін «Ия-жоқ» әдісін пайдалану: «Мен бір ескерткішті ойлап тұрмын..» деп бір сөзді жасырады. | Оқушылардың мақсаты мұғалімді тыңдау, өз ойлары мен пікірлерін айту. «Ия-жоқ» әдісі бойынша бағыттаушы сұрақ беріп үйренеді және жасырын сөзді табады. |
| **Сергіту сәті.** | «Байланыстыр» атты ойыны. | Оқушылармен бірге сергіту сәтін жасау. | «Қола-шаш» бір-біріне мүлде қатысы жоқ сөздерді пайдалану. |
| **Талдау** | «Шешімдер ағашы» арқылы тақырыпты талдау. | Тақырыптың мағынасы мен идеясын талдау үшін әр топқа тапсырма беріледі, әр топ өз тапсырмасын орындаған соң екінші және үшінші топтың жұмысын жалғастырады. | Тапсырманы («Қола дәуірінің ескерткіштері») орындап, сұрақтарға нақты жауап беру. Тапсырманы бір-біріне көрсетіп, ой бөлісіп, тақырып мағынасын топпен талдайды. |
| **Жинақтау** | «Дамытушы канон» арқылы ойларын жинақтайды. | Тарау бойынша білімдерін жинақтау үшін «Дамытушы канон» әдісіне тапсырма берді. | Әр топ сөздің сыңарын табады:<br>Дәуір – қола. Андрон – мәдениет.<br>Нұра – ерте қола. Түгіскен – кесене.<br>80 – ескерткіш.<br>Ә.Марғұлан – археолог.<br>Жертөле – үй. Тесе – егін.<br>Самай – сырға.1946 – зерттеу. |
| **Бағалау** | Өзін-өзі бағалау (2 мин). | Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату. | Өзін-өзі және топ басшысы бағалайды. |
| **Рефлексия** | Түсті индекс. | Қызыл, сары, жасыл түсті қағаз қиындылары таратылады. | Қызыл, сары, жасыл түс арқылы сабаққа баға береді. |

**Алматы қаласы.**

# АРАЛАС САБАҚ

*(Қазақстан тарихы. 11-сынып).*

**Серікбол СЫРЛЫБАЕВ,**
**Көктүбек орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**

***Сабақтың мақсаты.*** **Білімдік:** Азамат соғысының Қазақстан аумағындағы соғыс қимылдары, салдары және сол жылдары (1918-1920 жж.) жүргізілген экономикалық саясат туралы білім беру. **Дамытушылық:** XX ғасыр басындағы тарихи оқиғалар туралы көзқарас қалыптастыру, өткен тарихи оқиғалармен салыстыра білу дағдыларын жетілдіру, дербес ойлау, пікір білдіру машықтарын дамыту. **Тәрбиелік:** Өткен тарихқа құрметпен қарауға, ұлттық қасиеттерді, ерекшеліктерді сыйлауға, әр істе әділ болуға тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** Аралас сабақ.

**Әдісі:** топтық жұмыс.

**Көрнекілігі:** слайд, фломастерлер, кубик.

***Сабақтың барысы.*** **I Ұйымдастыру.**

Оқушылармен амандасып, түгендеу. Шаттық шеңбері.

**Топқа бөлу:** Мақал-мәтелдер арқылы топқа бөлу.

**1-топ:** Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады.

**2-топ:** Білім басы – бейнет, Соңы – зейнет.

Топ басшысын сайлау, Топ ережесін беру:

*Мысалы:* 1. Топта бірін-бірі тыңдау. 2. Әркімнің пікірі құнды. 3. Білмеген сұрақтарына көмектесу.

**II Үй тапсырмасын сұрау.** «Кубик» стратегиясы арқырлы үй тапсырмасын сұраймын.

Кубиктің әр қабырғасын нөмірлеймін, әрбір нөмір бір сұрақ болады. Екі топқа жеке-жеке сұрақтар қоямын.

***1-топқа.*** 1.Алашорда үкіметі қай жылы құрылды?

2.Алашорда үкіметінің төрағасы кім?

3.Алашорданың қазақ тарихындағы алар орны, маңызы қандай?

4.Алаш партиясы бағдарламасы неше бөлімнен тұрды?

5.II Жалпықазақ съезі қашан, қай қалада болды?

6.Алаш үкіметінің құрылуында «Қазақ» газеті қандай қызмет атқарды?

**2-топқа.** 1.Алашорда үкіметі мүшелерінің саны?

2.Алашорданың уақытша орналасқан жері?

3.XX ғасыр басындағы тарихи оқиғаларды Алаш үкіметімен байланыстыр.

4.«Оян, қазақ!», «Маса» өлеңдерінің авторлары кім және ол өлеңдердің тақырыбы неліктен осылай аталды?

5.Алашорда үкіметі мүшелерінің саны?

6.Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлерін ата!

**Үй тапсырмасын қорытындылау.** Алашорда үкіметінің мақсаты мен тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің мақсатында қандай ортақ белгілер бар?

**III Жаңа сабақ.** Алашордашылар мен ақ гвардияшылардың билік үшін тартысы кімдерге қарсы бағытталды? деген сұрақпен байланыс жасай отырып жаңа сабақты бастаймын. Яғни бастапқыда Алашордашылар, ақгвардияшылар бір топта болып большевиктерге қарсы «Азамат соғысын бастаған» еді.

**Жаңа тақырып:** Қазақстан азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында.

«Жигсо» стратегиясы бойынша мәтін талдау.

Оқушылардың өздеріне мақсат қойдыру.

**Қарастыратын мәселелер:**

1. Қазақстан аумағындағы соғыс қимылдары.

2. Соғыс жылдарындағы экономикалық саясат.

-Оқушыларға мәтінде негізгі білуі тиіс мәселелер бойынша сұрақтар дайындап беремін.

-«Өкіл» ойыны стратегиясы арқылы топ мүшелерінің сабаққа белсенді қатысуын жүзеге асыру.

**IV Сабақты бекіту.** 1. Сонымен, азамат соғысы қай жылдар аралығында болды және салдары қандай болды? 2. Азамат соғысы қандай майдандарда жүрді? 3. Азамат соғысы жылдарында экономикалық саясат қалай жүргізілді?

**«Тарихи диктант».** Азамат соғысы дегеніміз – мемлекет ішінде билік үшін сол ел азаматтарының өзара соғысы.

**Интервенция** – бір немесе бірнеше мемлекеттің басқа мемлекеттің ішкі істеріне күш қолдану арқылы араласуы.

**Әскери коммунизм** – Кеңес мемлекетінің Азамат соғысы (1918 – 1920 жж.) жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық саясаты.

Қорытындыда оқушыларға сабақ басталғанда қойған мақсаттарыңа жеттіңдер ме? – деген сұрақ қоямын.

**V Бағалау.** Топ басшысы топ мүшелерінің сабаққа қатысуын бағалайды.

| № | Оқушының аты-жөні | Біледі | Салыстыра, байланыстыра алады | Көзқарасын білдіре алады |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | |

**VI Үй тапсырмасы.** § 21. Қазақстан азамат соғысы мен шетел интервенциясы жылдарында. Мазмұндау, тақырыпқа сұрақ-жауап жасау.

**Шығыс Қазақстан облысы,**
**Тарбағатай ауданы,**
**Көктүбек ауылы.**

## КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫҢЫЗДЫ ТАНЫТЫҢЫЗ!

***“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Кәсіби қоғамдастық сөз алады» айдарымен әр кәсіби қоғамдастықтың іс-тәжірибесі жарияланады.***

***Шарт: әр қоғамдастықтан ең кемі 5 мұғалім 2017 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық қоғамдастықтың мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) қоғамдастықтың құрылғаннан бергі жетістіктері туралы 0,5-1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 2-2,5 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы қоғамдастықтың ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүлдегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.***

**Редакция алқасы.**

# САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІННІҢ БАСТАЛУЫ

**Фарида НЕСІПАҚЫНОВА,**
**№72 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың түрі:** | Аралас сабақ |
| **Оқып-үйренудің негізгі мақсаттары:** | XX ғасырда біздің қазақтай көп қырылып, жаппай қуғындалып, көп атылған халық жер бетінде кемде-кем. Бұл ащы шындықтың ақиқат екендігін оқушылар оқып, іздеу арқылы көз жеткізу. Алған білімдерін терендету, дамыту, мұғалімнің көмегінсіз оқып үйрену. Ұлт зиялыларының басына түскен ауыртпашылықтары мен халқымыздың көрген қиыншылықтарын түсіндіру.<br>Дайын дерек көздерін, сызбаларды пайдалана отырып, сабақтың мазмұнын аша білу дағдыларын қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлап, әртүрлі тапсырмаларды орындай білулеріне бағыт беру. Оқушылардың Отанға, елге, туған жерге деген мақтаныш сезімдерін туғызу. |
| **Әдіс-тәсілдер:** | АКТ пайдалану, топқа бөліну, диалогтік оқыту, мәтінмен жұмыс, ассоциация құру, «Миға шабуыл» әдісі, СТО стратегиялары, ауызша баяндау, сұрақ- жауап, деңгейлік тапсырмалар. |
| **Ресурс-тары:** | ЦБР № 397//lms.nci.kz/history/ Қазақстан тарихы. 11-сынып. Қазақстанның саяси -экономикалық картасы, Интерактивті тақта, критериялық бағалау парақшасы. |
| **Оқу нәтижесі:** | Ұлы адамдардың жеке қасиеттеріне толық сипаттама жасап, тұжырым жасай біледі. Сабақ барысындағы толық тапсырмаларды орындап, алған білімі негізінде өзіндік қорытынды жасай алады. |
| **Пәнаралық байланыс:** | География, Әдебиет. |
| **Негізгі түсініктер:** | «Кіші қазан», «Репрессия», «Халық жаулары», «Ұлтшыл-фашистер», «Жат пікірдегілер», «Әлеуметтік қауіпті элементтер». |

**Бағалау.** Формативті бағалау (оқушының өзін-өзі бағалауы, топтарға баға қою, мұғалім мен оқушы бағасының сәйкестігін салыстыру, ынталандыру арқылы бағалау).

| Критерияллды бағалау | Критерий А | Критерий В | Критерий С | Баға |
|---|---|---|---|---|
| | Фактілермен жұмыс жасай алады. Тақырыпқа қатысты сандық мәліметтерді саралай біледі. Жылдарды ажыратып, нақты болған оқиға уақытын біледі. Саяси қуғын-сүргіннің негізгі кезеңдерін көрсете алады. | Ұлы адамдардың өмірбаянынан мағлұмат келтіру , оларға баға бере алады. Саяси қуғын-сүргіннің сипатын, барысын, нәтижесін түсіндіре алады. Жазалау лагерлері туралы мағлұматтамен жұмыс жасап, сұрақтарға жауап береді | Терминдермен жұмыс жасап, анықтамасын бере алады | 10 ұпай – 5»<br>8 ұпай – 4»<br>7 ұпай – 3» |
| | 10 ұпай | 7 ұпай | 8 ұпай | Жалпы: |

«Саяси қуғын-сүргіннің негізгі кезеңдері» тақырыбы бойынша оқушылардың оқудағы жетістігін бағалау критерийлері.

| | |
|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**Жаңа сабақ.** | **I Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құру**. **Топқа бөліну.**<br>**1-топ** – «Хронологтар». **2-топ** – «Зиялылар». **3-топ** – «Зерттеушілер».<br>**II Үй тапсырмасын сұрау. 1-топ** – **Хронологтар – «жылдар сөйлейді»**. **2-топ** – **Зиялылар** – терминдерге түсініктеме. **3-топ** – Зерттеушілер – «Қазақстанда тоталитарлық жүйенің орнауы».<br>**III Жаңа сабақ.** 1. Сталин және тоталитарлық режим. 2. Саяси қуғын-сүргіннің негізгі кезеңдері, себептері, барысы. 3. Қазақстанның «лагерлік өлкеге» айналуы. 4. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болған қоғам қайраткерлері. 5. Саяси қуғын-сүргіннің нәтижесі.<br>**1-топ – «Хронологтар».** Оқушылар мәтінмен жұмыс кезінде тақырыптық тесттер құрайды.<br>**2-топ – «Зиялылар»**. Қасіретті жылдардағы қуғын сүргіннің үш кезеңін тарихшы-ғалым М.Қойгелдиевтің құжаттық материалдар негізіне сүйене отырып жасаған кестесіндегі кезеңдерге түсініктеме береді. |

| 1-кезең. 1918-1920 жж. | 2-кезең. 1923-1932 жж. | 3-кезең. 1933-1937 жж. |
|---|---|---|

| | |
|---|---|
| **Мәтінмен жұмыс.** | **III топ – «Зерттеушілер»**. Кеңес өкіметінің алаш зиялыларын саяси қудалаудың негізгі себебі ірі байларды тәркілеуге байланысты бас көтерулерді ұйымдастырушылар деп айыптап, оларға қарсы шабуылды бастады. Бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің ішінен ___ адамға жалған айып тағылып, қамауға алынды. **Олардың ішінде__________және басқалары бар еді.** |
| **Миға шабуыл.** | **I топ.** 1. Саяси қуғын-сүргіннің себебі, сипаты, салдары қандай болды?<br>**II топ.** 2. 1937-1938 жж. репрессияға ұшыраған алаштың біртуар азаматтарын ата.<br>**III топ**. 3. 1937-1938 жж. репрессияға ұшырағандарға тағылған айып түрлері. |
| **Кері байланыс.** | А. Бүгінгі сабақта мен үшін жаңа болған идеялар. Б. Маған ұнаған идеялар.<br>В. Менің көңілімнен шықпаған тұстары. |
| **Бағалау.** | **Формативті бағалау, жиынтық бағалау.** |
| **Үй тапсырмасы.** | Міндетті деңгей: §41 оқу, мазмұндау.<br>Мүмкіндік деңгей: «Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт саңылақтары» тақырыбында эссе жазу. |

**Алматы қаласы.**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІР (1946-1965 жж.)

**Аззамжан БАСАНОВ,**
**«Қос-қорған» жалпы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**

***Сабақтың мақсаттары.*** **Білімділік:** оқушыларға соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ халқының мәдени өмірі туралы мәліметтер беру. **Тәрбиелік:** төл тарихымызды құрметтеу мен қадірлеуге үйрету. Отансүйгіштікке, достыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. **Дамытушылық:** оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу, өзін-өзі ұстау арттыру.

**Сабақтың түрі:** аралас.

**Көрнекіліктері:** Қазақстанның саяси картасы, интертақта, постерлер, портреттер, ноутбук, бағалау парақшалары.

***Сабақтың барысы:*** **І Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу, сыныптың тазалығын тексеру, оқушыларды түгендеу, саяси ақпараттар беру.

**ІІ Негізгі бөлім: 1. Оқушылардың сабаққа дайындықтарын анықтау.** Оқушыларды үш топқа бөлу және оларды таныстыру. Әр бір топқа бағалау парақтарын беремін және топ басшылары топ мүшелерін осы парақ көмегімен сабақ барысында бағалап отырады.

**2. Үй тапсырмасын сұрау:** «Саяси өмір және ұлтаралық қатынастар» тақырыбы бойынша сұраймын. Үй тапсырмасын сұрауда «Білім баспалдағы» ойынынан пайдаланамын. Бұл ойынның шарты мынандай: оқушылар берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы білім баспалдағы бойынша жоғарғы баспалдақ болып саналатын «5» бағасына қарай жоғарылайды.

**Бұл ойын сұрақтары төмендегілер:**

1. Тоқырау жылдары деп қай жылдар аталады? (1965-1985 жж.).
2. «Жас тұлпар» ұйымы қай жылы құрылған? (1960 ж.)
3. «Жас тұлпар» ұйымы құрылған қаланы ата (Мәскеу).
4. «Жас тұлпар» ұйымының негізін кім қалады? (Мұрат Әуезов).
5. «Жас тұлпар» ұйымы Қарағанды қаласында қандай атпен іс жүргізді? (Жас қазақ).
6. «Жас қазақ» ұйымының негізгі мақсаты қандай болды? (ұлт санасын ояту және сақтау).
7. «Жас тұлпар» ұйымының басшылығымен құрылған ансамблдерді ата (Гүлдер, Дос-Мұқасан, Айгүл).
8. О.Сүлейменовтың 1975 жылы дүниеге келген еңбегі (Аз и Я).
9. «Аз и Я» кітабында талқыланған шығарма атауы (Игорь жасағы туралы дастан).
10. Неліктен «Аз и Я» кітабына тыйым салынды? (кітапта жазылған пікірлер дұрыс емес деп бағаланды).
11. Целиноград оқиғалары қай жылдары болып өтті? (1979 ж.).
12. Целиноград қаласында қай ұлт автономиясын құру жоспарланды? (неміс).
13. Целиноград қаласының қазіргі атауы (Астана).
14. Неміс автономиясының орталығы болады деп жоспарланған қала (Ерейментау).

**3. Жаңа тақырып мазмұны:** Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанда мәдениеттің материалдық базасы әлі нашар еді. Тек 50-жылдары мәдениетті дамыту ісі алға жылжи бастады.

1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы құрылды. Оның бірінші президенті болып Қ.И.Сәтпаев сайланды. Академия құрамында С.Вавилов, И.Бардин, А.Панкратов, Ә.Марғұлан секілді атақты ғалымдар болды. 1950-1965 жж. Республикадағы ғылыми зерттеу институттарының филиалдары мен бөлімшелерінің саны көбейді және сол жылдары бірқатар ірі ғылыми еңбектер пайда болды.

Соғыстан кейінгі бес жылдықтарда әдебиет саласында М.Әуезовтың «Абай» романы, «Абай жолы» эпопеясы, Ғ.Мүсіреповтың «Оянған өлке», С.Мұқановтың «Сырдария», «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» повесті, «Қарағанды», «Дауылдан кейін» романдары, Ә.Тәжібаевтың «Шайтан», И.Шуховтың «Тың игерушілер» атты еңбектері және т.б. көптеген керемет шығармалар пайда болды.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ өнері даму қарқынын басынан өткізді. 1952 жылы В.Голубович М.Әуезовтың «Абай» драмасын сахна төріне шығарды. 1946 жылы М.Төлебаев «Біржан-Сара» операсын қойды және осы опера авторлары Мемлекеттік сыйлық иегері атанды. Бұл жылдары әншілер Е.Серкебаев, К.Байсейітова, К.Кенжетаев, В.Ивановтар өз өнерлерімен елге танылды.

Суретшілер Қ.Телжанов «Жамал», «Атажұрт», С.Мәмбеев «Тауда», «Киіз үй жанында», М.Кенбаев «Сұхбат» атты еңбектерін дүниеге әкелді.

**Видео-үзіліс:** Үш топқа «Ғылым», «Әдебиет», «Өнер» тақырыптарында постер дайындауды тапсырамын. Постерлерді дайындауда оқулықтан пайдалануды ұсынамын.

**Оқулықпен жұмыс:** Оқулықтан пайдаланып соғыстан кейінгі жылдары КСРО-дағы ең жоғары сыйлықтарға ие болған мәдениет саласы мүшелерін анықтаңдар.

| Сыйлық атауы | Иегері | Не үшін? |
|---|---|---|
| Ленин сыйлығы | Қ.И.Сәтпаев басшылығындағы бір топ ғалымдар | Минералды кен орындарының табиғатта таралу заңдылықтарын ашқаны үшін |
| | М.Әуезов | «Абай жолы» эпопеясы үшін |
| КСРО Мемлекеттік сыйлығы | М.Әуезов | «Абай» романы үшін |
| | В.Голубович | «Абай» драмасы үшін |
| | М.Төлебаев басшылығындағы бір топ өнерпаздар | «Біржан-Сара» операсы үшін |
| | Қ.Қожамияров | «Ризвангүл» симфон. поэмасы үшін |

**Жаңа тақырып бойынша тест сұрақтарын беремін:**

1. Қазақ КСР ҒА ашылған жыл:
А) 1945 Б) 1946 С) 1947 Д) 1948
2. Ғ.Мүсіреповтың романы:
А) Оянған өлке Б) Сырдария С) Абай Д) Миллионер
3. «Тың игерушілер» еңбегінің авторы:
А) А.Ананев Б) Ғ.Мұстафин С) И.Шухов Д) Ә.Тәжібаев
4. «Біржан-Сара» операсының композиторы:
А) А.Ненашев Б) В.Голубович
С) М.Төлебаев Д) В.Иванов
5. Қ.Телжанов салған сурет:
А) Тауда Б) Сұхбат С) Кийіз үй жанында Д) Жамал.

**«Шындық па, жалған ба?» ойыны.** Ойын шарты бойынша әр топ қатысушылары бір-бірлеріне үш сұрақтан қояды. Олардың ішінде біреуі дұрыс, екеуі қате немесе екеуі дұрыс біреуі қате болуы керек. Қарсы топ оқушылары шындық және жалғанды анықтаулары керек.

**Сабақты пысықтау:** Жаңа тақырыпты **«Автобус аялдамасы»** ойыны арқылы пысықтаймын.

**ІІІ Қорытынды. Бағалау:** оқушыларды бағалауда «Бағалау парақшаларынан» пайдаланамын.

1. **Рефлекция:** «Бес саусақ».
2. **Үйге:** Жаңа тақырып бойынша дайындалып келу. Тест сұрақтарын дайындау.

**Оңтүстік Қазақстан облысы,**
**Түркістан қаласы.**

# 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

*(Қазақстан тарихы. 9-сынып)*

**Нұрланат ДӨҢБАЕВ,**
**Ғ.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсаты:** | Бетбұрыс алдында қалыптасқан жағдайлар демократияшыл жастар қозғалысының себептері мен басталуы туралы біледі, желтоқсан оқиғаларының сипаты, жаппай жазалау шаралары туралы ақпараттар алады. | |
| **Сабақтың мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Желтоқсан оқиғасының себептері мен басталуы туралы деректермен танысады. | |
| | **Көптеген оқушылар:** Желтоқсан оқиғасының сипаты, жаппай жазалау шаралары туралы ақпараттар алады. | |
| | **Жекелеген оқушылар:** Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы туралы біледі, ойымен, пікірімен бөліседі. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Оқушылар:** Өз бетінше оқулықпен жұмыс жасай алады, тақырыппен жаңа сабақты байланыстырып, сабаққа деген қызығушылығы артады. | |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** оқушылар кездескен тақырыптағы жаңа термин сөздермен жұмыс жасай алады. | |
| | **Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері:** Сынып оқушылары қарым-қатынасқа түсе отырып, ойын еркін жеткізе білуге ұмтылады, алған білімдерін тұжырымдайды, бір-біріне сұрақтар қояды. | |
| **Алдыңғы оқу** | Әдебиет пен өнер тақырыбын оқиды. | |
| **Жоспар** | | |

| Уақыт | Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулар мен қатар, ескертпелерді жазыңыз). | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Басталуы:** **0-5 минут** <br><br> **5-15 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен сәлемдесу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Геометриялық фигуралар арқылы оқушыларды үш топқа бөлу.<br>**«Миға шабуыл»** әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау үй тапсырмасын пысықтаймын.<br>Тестпен жұмыс жасатамын. Оқушылар қойылған үй тапсырмасының сұрақтарына жауап береді. | Қосымша мате-риалдар. |
| **Сабақтың ортасы 15-18 минут** <br><br> **20-35 минут** <br><br> **35-40 минут** | **Сергіту сәті:** «Капитан құтқарушы» жаттығуын жасатамын.<br>Жаңа сабаққа шолу жасап, түсініктеме беріп, оқушыларға ұсынамын.<br>Тақырыпшаны топтар алып танысады, анықтап алып тақырыпшаларды оқып шығады.<br>**«Постер»** әдісі топтағы оқушылар, берілген тақырыпшаларды оқып, талқылап, түсінгендерін плакатқа түсіреді, қорғайды, түсіндіреді, сол арқылы сабақты меңгереді.<br>Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тақырыптарды меңгеріп, алған білімін көрсете білуі тиіс.<br>**Шығармашылық тапсырма:** тестпен жұмыс жасайды.<br>**«Қар кесегі»** арқылы жаңа сабақты қорытындылап, пысықтаймын. | Қосымша материалдар.<br><br>Оқулық.<br>Плакат маркер.<br><br>Тест тапсыр-малары. |
| **Аяқталуы: 40-44 минут** | Оқушылар стикер таратып беремін, бүгінгі сабақта алған әсерлеріне байланысты стикер ойларын алған әсерлерін жазады.<br>**Бағалау:** Бағалау парақшасы арқылы бағаланады. | Стикер.<br><br>Бағалау парақшасы. |
| **44-45 минут** | **Үйге тапсырма беру:** 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары. | |
| **Қосымша ақпарат** | Интернет желісімен мәліметтер жинақтап келу.<br>Қосымша деректер іздестіру тапсырмасы беріледі. | |

**Сабақтан алған әсерін оқушылар осы кесте арқылы жазады**

Кері байланыс.

| Қосу | Алу | Қызықты |
|---|---|---|
| | | |

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.**

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

**Тәжігүл ӘЛІПБЕКОВА (Тажикул Алипбекова)**
**№72 жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі**

***Сабақтың мақсаты.*** **Білімділік:** оқушылардың алған білімдерін жүйелеу, білімге деген құштарлығын арттыру, зияткерлік қабілетін дамыту. Өткен тақырыптар бойынша алған білімдерін тереңдету, толықтыру, қорытындылау. **Дамытушылық:** оқушылардың алған білімдеріне сүйене отырып, олардың осы мәселе жөніндегі білімдерін қайта естеріне түсіру. Одан әрі дамыту бағытында түрлі сұрақтар беру арқылы ой-өрісін дамыту. **Тәрбиелік:** оқушыларды отаншылдық, демократизм идеяларына баулу; Болашақ Қазақстанды өркендететін өздері екендігін сезіндіру.

**Түрі:** сайыс сабақ.

**Сабақтың типі:** білімді бекіту.

**Әдістері:** «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегиялары; талдау жүргізу, ой қозғау, сұрақ-жауап, ауызша баяндау.

**Көрнекілігі:** интертақта, буклеттер, ҚР рәміздерінің суреттері, ҚР Президентінің Жолдаулары, Қазақстан – 2030, "Қазақстан – 2050" стратегиялық бағдарламасы.

**Пәнаралық байланыс:** Дүние жүзі тарихы, қоғамтану, география, әдебиет.

***Сабақтың барысы:***

а) Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

ә) Сабақтың мақсатын хабарлап, оқушылардың назарын сабаққа аудару. (Үш топқа бөлінген оқушылар жеке-жеке отырғызылады, топ лидерлері сайланады, эксперт тобы құралады).

**І топ –** «Атамекен». **ІІ топ –** «Бәйтерек». **ІІІ топ –** «Елорда».

**Мұғалім сөзі:** – Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Еліміздің тәуелсіздігі ата-бабаларымыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіс. Сондықтан бүгінгі сабағымыз «Тәуелсіз ел – Мәңгілік ел» деп аталады.

І жарыс сабағымызды жүргізу үшін 3 топқа жетекшілер сайлап алайық.

Топтарға сәттілік тілейміз.

**І кезең. «Кім жылдам?».** Сайысымыздың алғашқы бөлімінде шарт бойынша сұрақтар топ басшыларына қойылады. Қойылған сұрақтарға нақты әрі жылдам жауап беріледі. Әр топқа 10 сұрақтан қойылады. Әрбір дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады.

**1-топтың сұрақтары.**

1.Астананың символы Бәйтеректің ұзындығы қанша метр? (97 м.)

2.1991 жылдың 10 желтоқсанынан бастап, Қазақ КСР-і қалай аталына бастады? (Қазақстан Республикасы).

3. Мәдениетті қолдау жылы (2000 ж.).

4. Қазақстан Республикасының заң шығарушы органы (Парламент).

5. Н.Ә.Назарбаевтың 1999 жылы жарық көрген кітабы (Тарих толқынында).

6.ТЖМК-ның құрамына қанша адам енді? (8).

**2, 3-топтарға да осы тектес сұрақтар беріледі.**

Бүгін біз тәуелсіз ел деп Отанымыздың иесі, ана тіліміздің киелі болып, ата тарихымыздың жүйелі болуын айтамыз. Осы ордамызға қонған құт берекеден айырылмай, ұлт пен ұлыстар арасы ынтымақта болса ғана қолға қонған бақыт құсы – тәуелсіздігімізді сақтай аламыз.

**ІІ кезең «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»** деп аталады. Бұл кезеңде оқушыларға мақал-мәтелдің жалғасын табу беріледі және сол табылған жалғастың ішіндегі сөздің екі тілде аудармасын айтады. Егер жалғас дұрыс табылып, екі тілде де аударма дұрыс берілсе, әрбір топ 30 ұпай алады, егер бір ғана аударманы дұрыс берсе 20 ұпай, ал аудармалар берілмей, тек мақал-мәтелдің жалғасы дұрыс табылса, 10 ұпайдан беріледі. Әр топқа үш мақалдан беріледі.

**1-топқа.** 1. Отанын сүйген отқа жанбайды, <u>суға</u> батпайды.

2. Орағың өткір болса, қарың талмайды
Отаның берік болса, <u>жауың</u> алмайды.

3. Отансыз адам, ормансыз <u>бұлбұл.</u>

**2-топқа.** 1.Ел жаусыз болмас, жер <u>таусыз</u> болмас.

2. Өзге елдің оты, Өз еліңнің <u>түтініне</u> татымас.

3. Елінен безген ер болмас,
Көлінен безген <u>қаз</u> болмас.

**3-топқа** да осындай сұрақтар беріледі.

**ІІІ кезең. «Тәуелсіздік шежіресі».** Семантикалық карта кесте арқылы орындалады (Дұрыс жауапқа «+» белгісін қояды).

**ІV кезең. «Алтын қақпа». 1-**топқа. Тақтада үш қақпа тұрады. Сол алтын қақпаның артында Қазақстан тарихында елеулі іздері бар кемеңгер адамдардың портреттері жасырылған. Балалар портреттегі тұлғаның аты-жөнін, тарихтағы рөлін, қызмет ету кезеңін, т.б. жайында естеріне түсіреді. Топ ішінде талдау 2 минуттан аспайды. Өз командасынан топтың бір адамы қорғайды. Неғұрлым толық жауап беруін бақылаушы қадағалап отырады. Толық жауап берілген жағдайда ұпай қойылады.

**V кезең. «Бас қатырғылар базары».**

Кезекті сайысымызда оқушыларға ребус беріледі, ребусты дұрыс шешкен жағдайда туған жер, оқу-білім, талап туралы халық мақалы мен нақылдарын оқуға болады. Сонымен қатар оқушыларға белгілі бір оқиғаны білдіретін даталар беріледі, олар сол даталарды ретімен қояды және сол жылдарда қандай оқиға болғандығын айтады.

**1-топқа.**

1. 1465-1466 жж. – Қазақ хандығы құрылды.
2. 1680-1718 жж. – Тәуке ханның ел билеуі.
3. 1723 жыл – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы.
4. 1916 жыл – Ұлт азаттық көтеріліс.
5. 1992 жыл – 2 наурыз Қазақстан БҰҰ-на мүше болды.

**2, 3-топтарға да осы тектес сұрақтар беріледі.**

**VІ кезең. «Тендер ойыны»** деп аталады.

Бұл кезеңде үш топ көз алдына 20 жылдан кейінгі Қазақстанды елестетіп, өз ойларын плакат бетіне сурет түрінде түсіреді. Салған суреттерін тендерлік комисссия мүшелеріне сараптауға береді. Комиссия қай топтың жұмысы үздік деп тапса, сол топқа жоғары ұпай беріліп, «жеңімпаз» деп танылады.

**Сараптау және бағалау.**

**Қорытындылау.**

**Үйге тапсырма:** 1) М.Б.Мұхамедов, Б.Сырымбетұлы «Қазақстан тарихы». 2) «Тәуелсіздік – тұғырым» эссе жазу. 3) «Тәуелсіз Қазақстан» сөзжұмбақ құрау.

**Алматы қаласы.**

# МЕНІҢ ЕЛІМ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

**Райхан ӘЛИХАНОВА,**
**Атырау аграрлық-техникалық колледжінің**
**I санатты тарих пәні оқытушысы**

***Мақсаты.*** **Білімділігі:** «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету. Қазақстанның XXI ғ. бас кезіндегі саяси және рухани дамуының ерекшеліктеріне талдау жасау. Оқушылардың тарих пәні бойынша білімдерін жетілдіру және тереңдету, қазақ халқының орыстармен және Қазақстанда өмір сүретін басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасының болашағына баға беру. **Дамытушылығы:** оқушылардың ғылыми-зертеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастырып, топта жұмыс жасай отырып, өз көзқарасын білдіруге дағдыландыру. **Тәрбиелілігі:** Қазақстандық патриотизм мен достыққа, толеранттық пен ұлттар арасындағы келісімге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Шеберлік сабағы.

**Сабақтың әдісі:** Интервью «Менің жанұям тарихындағы – Қазақстан», Тұсаукесер «Тәуелсіз Қазақстан – Астана», Рейтінгілеу, мәтінді оқу, ротация, кластер, блиц-сауалнама, афоризмдерге талдау жасау, суреттер галереясы.

**Ресустар:** оқулық, ватман беттері және маркер, Тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша оқиғалар мен жылдары жазылған карточкалар, скотч.

**Негізгі оқиғалар кестесі:**

2014 ж. 17 қаңтар – «Мәңгілік Ел» жобасының енгізілуі.

2016 ж. 26 сәуір – «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі Қазақстан Халықтар Ассамблеясының XXIV съезінде қабылданды.

1993 ж. – Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы.

**Негізгі ұғымдар:**

**Зайырлы мемлекет** – мемлекет пен дін өзінше бөлек, автономды өмір сүреді, мектеп діннен ажыратылған. Мемлекеттің қарекеттері азаматтық заң нормаларымен реттеледі де, дін істеріне араласпайды. Ал діннің тіршілігі діни нормалармен реттеледі, мемлекет жұмысына араласпайды. Адам, азамат қандай көзқарас, наным не сенім ұстанамын десе де өз еркі. Конституцияда көрсетілген ар мен ұждан бостандығы талаптары адамды сеніміне және көзқарасына байланысты қудалауға тыйым салады. Яғни, дін заңмен қорғалады. Алайда дін нормалары мен тәжірибесі азаматтық заң нормаларына қайшы келмеуі керек. Дін саясатпен шұғылданбауы тиіс. Бір сөзбен айтқанда құрылымдары мен институттары Конституциямен баянды етілген мемлекет жұмысына дін ешбір кедергі келтірмеуі тиіс.

**Азаматтық қоғам –** адамгершілік, діни, ұлттық, әлеуметтік-экономикалық, отбасы институттары мен қатынастарының жиынтығы, солардың көмегімен жеке тұлғалар мен топтардың мүдделері қанағаттандырылатын орта.

**Конфессия –** діни сенім.

**Мультикультурализм** – Ашық қоғам мен сан түрлі ұлттардың сол қоғам аясында әр түрлі этникалық қауымдар мәдениетінің сан алуандығын сақтауды, өз мәдени ошақтарын ашып, тілі мен әдет-ғұрыптарын дамытып, тіпті сайлаулар кезінде ортақ ұстаным білдіруін аңғартады.

***Сабақтың барысы.***

**Бой сергіту:**

**–** Мұғалім білім алушыларға шеңбер болып тұруын сұрайды.

1. Егер сіздер өмірден нені қалайтыныңызды анық білсеңіз оң қолыңызды көтеріңіз.
2. Егер сіздер ешқашанда спиртті ішімдік пайдаланбасаңыз басыңызды шайқаңыз.
3. Егер сіздер шынайы адал махаббатқа сенсеңіз қолыңызды бұлғаңыз.
4. Егер сіздер адамдарды ұлтына қарамай, жеке қасиеттеріне қарап, бағалайтын болсаңыз сол қолыңызды көтеріңіз.
5. Егер сіздер жануарларды қорлағанды, зәбірлегенді жақсы көрсеңіз орныңызға отырыңыз.
6. Егер сіздің кез келген қиын жағдайда қасыңызда болатын досыңыз болса, екі қолыңызды көкірегіңізге айқастырып қойыңыз.
7. Егер сіздерге бірге болған ұнайтын болса, екі қолдарыңызды жоғары көтеріңіздер.
8. Егер сіздердің тобыңыз ең мықты топ деп санасаңыз бір-бірлеріңіздің қолдарыңыздан ұстаңыз.

**1. Интервью «Менің жанұям тарихындағы – Қазақстан».**

**Мұғалім:** Менің тобымда түрлі ұлттың өкілдері оқиды. Оның негізгі бөлігі – орыстар, қалғандары татар, неміс, украиндар. Олар Қазақстанды өз Отаным деп санайды, бірақ олардың ата-бабалары Ресейден, Қырымнан және Украинадан қоныс аударғандар.

Сондықтан да балаларға өз ата-әжелерінен Қазақстанға қалай көшіп келгендігі туралы және біздің еліміздің олардың өмірінде қандай рөл атқаратынын білу үшін алдын-ала интервью алуды ұсындым.

**2. Мұғалім:** Дүниежүзінде екі жүзден астам мемлекет өмір сүреді. Соның тек жиырмасын ғана демократиялық мемлекет деп айта аламыз. Өйткені осы санаулы мемлекеттерде ғана демократия ұзақ жылдар бойы тұрақты өмір сүріп келеді. Біздің елімізді әзірше бұл елдердің қатарына жатқыза алмаймыз. Биыл біздің Қазақстан Республикасының құрылғанына 25 жыл толып отыр.

2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: *«Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті»,* – деп бастады. «Мәңгілік Ел» идеясы жарияланды. Бұл – Қазақстанның ұлттық идеясынан келген түйін-тұжырым.

Бүгінгі тақырыбымыз «Қазақстан – Мәңгілік Ел». Мақсатымыз «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету. Біз бүгін сабақ барысында мынадай мәселелерді қарастырамыз:

1. Біз «Мәңгілік Ел» идеясы арқылы қандай мемлекет құрғымыз келеді;

2.«Мәңгілік Ел» идеясы қандай құндылықтарға сүйенеді;

3. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру үшін қандай кедергілерді жоюымыз керек.

Біздің Қазақстанның халықаралық аренада имиджі қандай? Имидж дегеніміз не? Имиджінің тартымды, күшті болуы неге байланысты?

Жалпы кез келген мемлекеттің имиджі экономикалық дамуына, адам құқығының қорғалуына, ұлттық және әлеуметтік мәселелердің шешілуіне байланысты болады.

**3. «Мәңгілік Елдің тарихи негіздері»** тақырыбында кластер құрастыру жұмысы.

**1-қадам. Ассоциация.** Мәңгілік Елдің тарихи негіздерін атап көрсетіп, график, кесте, жоспар түрінде сызып, жазып дәлелдеңіз?

**2-қадам. Ротация.** Шәкірттер жұптасу арқылы өздерінің идеяларымен алмасып, жазбаларын толықтырады. Кейін топ-топқа бірігіп, пікірлер алмасады.

Соңында әр топ бір идея ұсынады. Идеялар түзетіліп, жүйеге келтіріледі.

**3-қадам. Кластер құрастыру.** Оқытушылар кластер құрастыруда топ болып жұмыс жасап, өз жұмыстарының нәтижесін ұсынады.

**4. Тұсаукесер «Тәуелсіз Қазақстан – Астана».**

Көз алдарыңызға елестетіңіз, Сіз халықаралық жастар форумына қатысушысыз. Бір апта бойы басқа елдердің жастары мен танысып, достасып кеттіңіз. Бірақ олардың көпшілігі сіздің еліңіз туралы өте аз біледі. Ал сіз олардың өз Отаныңыз тәуелсіз Қазақстан туралы көп білгенін қызықтырады. Сондықтан сіз «Тәуелсіз Қазақстан – Астана» тақырыбында тұсаукесер өткізуге шешім қабылдадыңыз.

Сіздерге дайындыққа уақыт беріледі. Сіз өз еліңіз туралы, Астана туралы қалай және не айтасыз?

Сонымен, «Тәуелсіз Қазақстан – Астана».

**5. Рейтінгілеу.** Қазақстан – тәуелсіз жас мемлекет. Оған небәрі 25 жыл. Бірақ осы жылдардың ішінде болашағымыздың негізін қалаған көптеген маңызды оқиғалар болды.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің алғашқы қалыптасу және даму кезеңдерін еске түсіре отырып, сіздердің көзқарастарыңыз бойынша ең маңызды деген он оқиғаны таңдап алып, топқа бөлініп талдаңыздар. Әрі бұл он оқиғаны рет-ретімен өз орындарына қойыңыздар. Кейін әрбір топтың өкілі өз таңдауын негіздеп айтады.

**5. Текcті оқу.**

**7. Топта талқылау.**

**3-негізгі саяси-теориялық модель бар:**

*Ассимиляциялық модель:* саны аз, саясиәлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың басыңқы ықпалы нәтижесінде сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы.

Ассимиляция барысында бір халық өзінен үлкен екінші доминант халыққа сіңіп кетіп, ана тілін, әдетғұрпын, дінін, мәдениетін, өзіндік сана-сезімін, т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтады. Ассимиляция екі жолмен жүреді: күштеу арқылы немесе табиғи жолмен. Көптеген елдерде ұлттық езгі және діни қысым жағдайында күштеп жасау орын алады.

**Дифференциялдық даму ұстанымына негізделген модель:**

Аз этникалық топтардың қарым-қатынасында мәдени аралық дау-жанжалдарды болдырмау үшін олардың ерекшеліктеріне көңіл бөлу керек;

Ұлттық-мәдени азшылықтың заңды өмір сүруін және мүмкіндігін қабылдайтын модель: Аз этникалық топтардың кейбір өкілдері ешбір шектеусіз, өзінің тілін-дінін жоғалтпай-ақ, ұлттық кемсітушілікке ұшырамай-ақ, қоғамда өз орнын таба алуы;

Мультимәдениетті мемлекеттің әрбір моделіне баға беріп, біздің Қазақстанда «Мәңгілік Ел» идеясы бойынша сіздің көзқарасыңызша қайсы модель қалыптасуы керектігін анықтаңыз?

**8. «Ойлану-келісу-талқылау» жаттығуы.**

**Мұғалім:** – «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда қандай кедергілерді жоюымыз керек. Осы сұрақты өзара талқылап, өз көзқарастарыңызды, пікірлеріңізді айтыңыздар?

**9. «10 ж. кейінгі Қазақстан».** Суреттер галереясы.

**Мұғалім: –** Ұстаздар біз еліміздің қандай екенін және оның дүние жүзінде алатын орнын анықтадық. «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда қандай кедергілер кездесетінін талқыладық. Енді еліміздің болашағын қандай болатынын көз алдымызға елестетіп армандап көрейікші.

Сонымен «10 жылдан кейінгі Қазақстан» (жоғары өмір сүру деңгейі, тұрақты демократия, дамыған білім жүйесі және денсаулық сақтау ісі, тұрақты экономика.

Барлық ұстаздар өз суреттерін салып, қабырғаға іледі. Сөйтіп «Суреттер галереясы» құралады.

**10. Блиц – сауалнама.** «Қазақстанның болашағы кімге байланысты.....». Оқушылар сөйлемді аяқтауы қажет.

**11. Рефлексия. Мұғалім:** – Егер ерік-жігерлі, еңбекқор болсақ алынбайтын асу, берілмейтін қамал болмайды. Сонымен бүгін біз сабақты неден бастадық.

Нәтижеге қол жеткізе алдық па?

Бүгінгі сабағымызға қайсы эпиграфты алсақ дұрыс болады?

Б.Франклин: *«Кім сәттілікті күтсе, кешкі астан құр қалады?».*

Дж.Кеннеди: *«Маған елім не істей алады деп сұрағанша, Елім үшін мен не істей аламын деп сұраңыз».*

Мен Сіздердің алдына қойған мақсатына жете алатын белсенді, өзіндік ой-пікірі бар, ерік жігері күшті, өз көзқарасын қорғай білетін, адал, адамгершілігі мол, Отанын, елін сүйетін азамат екендеріңізге сенемім мол.

**Бағалау:** Комментариймен.

**Үйге тапсырма:** «Мәңгілік Ел» идеясы бойынша мультимәдениетті мемлекеттің өзіндік моделдеріңді ұсынуға жұмыстаныңдар.

**Атырау қаласы.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ, ЖЕЛБІРЕ!

*(Тарихи-танымдық кеш)*

**Шайза ҚАСЫМЖАНОВА,**
**Ж.Жабаев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі**

***Мақсаты:*** Оқушыларды өз Отанын, тарихын сүйетін, мақтаныш ететін, елін-жерін қастерлейтін, бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ етіп тәрбиелеу. (Құрманғазының күйі «Сарыарқа»).

**1-жүргізуші:** Тыңда жолдас, тыңда дала, тыңда ел!
*Қайырлы күн, қазақтың*
*Арайлаған аспаны!*
*Жиырма бес жыл – азат күн*
*Алтын нұрын шашқалы!*

**2-жүргізуші:**
Қайырлы күн, Көкбайрақ, –
*Елдігімнің тірегі!*
*Арманына ат байлап,*
*Халқым қайта түледі!*
*Ынтымағы жарасқан!*

**1-жүргізуші:** Бүгін міне қазақ халқы азат болды, орын алды тарихтың төрінен. Бақыт тапты шаттық көрді, қош айтысты сан ғасырлық шерімен!

(Ж.Молдағалиев «Мен – қазақпын!» өлеңі оқылады).

**2-жүргізуші:** Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл, «Желтоқсан оқиғасына» – 30 жыл болды. Белеңді белес, айшықты ақиқат. Әр жылы тарих жылнамасына алтын әріптермен жазылар жақұтты жылдар.

**1-жүргізуші:** Олай болса жылдарға кезек беріп сөйлетейік.

**Аяулым:** 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигоны жабылды.
*Шекараға қадамыз да қағылды,*
*Полигоны Семейімнің жабылды.*
*Бар байлығы қазағымның жоғалған,*
*Тәуелсіздік алғаннан соң табылды.*

**Бекжан:** 1991 жылы қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.

**Бұлбұл:** 1991 жылы 1 желтоқсанда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкілхалықтық сайлауда Қазақстан Президенті болып сайланды.

**Диляра:** 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды.

**Жанель:**
*Он алтыншы желтоқсан –*
*Тәуелсіздік алған күн.*
*Ерекше боп мәңгілік,*
*Ел жадында қалған күн.*

**Мерей:**
*Он алтыншы желтоқсан,*
*Ел мерейі тасыған,*
*Қазақ деген қалың жұрт,*
*Бәрін кешті басынан,*
*Естісін ел үніңді,*
*Дүние түгел естісін,*
*Тәуелсіздік туыңды,*
*Биік көтер, жас ұлан!*

**Гүлсара:** 1992 жылы қаңтарда Ішкі әскері құрылды.

**Жансая:** 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ) мүшелікке қабылданды.

**Сая:** 1992 жылы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы республиканың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылғы 11 желтоқсанда Республика Әнұранының жаңа мәтіні қабылданды.

**Дана:** 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады.

**Гүлсара:** Ұлттық валюта – теңге 1993 жылы 15 қарашада айналымға енгізілді.

**Гүлім:** 1994 жылы алғаш рет 187 қазақстандық студентке «Болашақ» бағдарламасымен шетелдерде білім алуына мүмкіндік туды.

**Дана:** 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының екінші Конституциясы қабылданды.

**Фариза:** 1995 жылы Елбасының бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

**Теміржан:** 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» даму стратегиялық бағдарламасын ұсынды.

1997 жыл – жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы.

**Дана:** 1998 жыл – Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы.

**Аружан:** 1999 жыл – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.

**Әдемі:** 2000 жыл – Мәдениет жылы.

**Гүлім:** 2003 жылы Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының I съезі болып өтті.

**Диляра:** 2003-2005 жылдар – Ауылды дамыту жылдары.

**Еркежан:** 2006 жылы Қазақстан Республикасы Әнұранының жаңа мәтіні бекітілді.

**Жанель:**
2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.
*Қазағым көпті көрген көне халық,*
*Ту етіп ата арманын келеді алып.*
*Теңдессіз бірлігімнің арқасында*
*Жасады Еуропаға төрағалық.*

2011 жылы Қазақстан Ислам Ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етті. *(Хор. Ән «Елім менің»).*

**2-жүргізуші:** Осыдан 30 жыл бұрын қазақ жастарын жалындай шарпып өткен Желтоқсан оқиғасын тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістердің жалғасы десек артық айтпаған болар едік.

**1-жүргізуші:**
*Әлі есімде ар мен намыс пәк мәңгі*
*Еш аяусыз аяқ асты тапталды.*
*Саперлердің күрегінен соққы жеп,*
*Қып-қызыл қан бояп жатты ақ қарды.*

**2-жүргізуші:**
*Құлдық ұрып көне берсең ырыққа*
*Жер бетінен кетер едік құрып та*
*«Қазақпын» деп ойлар болсаң ағайын*
*Алматының желтоқсанын ұмытпа!*
*(Сахна сыртынан Қайрат өлеңін оқиды.)*
*Елбең-елбең жүгірген,*

*Ебелек отқа семірген.*
*Арғымақ мінген жаратып,*
*Ақ сауыт киген темірден.*
*Алатаудай бабалар,*
*Аруағыңмен жебей гөр!*

**Дана:** Ойпырмай, биіктен құлаған тау суындай буырқанған Тасқынды бұл үн кімдікі еді? Жас тұлпар тұяғының дүбірі естілгендей ме өзінен? Иә, иә, сол дауыс қой мынау, Қайраттың дауысы ғой танидым. Тоқыраудың тоғышарлары тобықтан қағып құлатқан Қайратымыздың үні ғой бұл. Иә, иә, дәл сол! Қалай болып еді өзі?!

*(Көрініс. Қайрат Рысқұлбековты тергеу ісінен үзінді көрсетіледі).*

**Жанель:** «Желтоқсан» өлеңін оқиды.

*(Ән. «Желтоқсан желі» Орындайтын хор).*

**Мерей:** «Желтоқсан құрбандары» өлеңін оқиды.

*(Ортаға Қайрат Рысқұлбековтың, Ербол Сыпатаевтің, Сәбира Мұхамеджанованың, Ләззат Асанованың суреттерін ұстаған оқушылар шығады).*

**Бекжан:** Қайрат Рысқұлбеков Қылмыстық кодекстің 173 бабының 1 тармағы бойынша ату жазасына кесілді. 1988 жылы шетел қайраткерлерінің қысымымен ату жазасы 20 жыл бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Алайда, 1988 жылы 21 мамырда Семейдегі түрмеде Қайрат «өзін-өзі өлтірді» деген атпен құпия жағдайда қаза тапты.

(Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова туралы айтылады).

**Ән. Желтоқсан желі.**

**1-жүргізуші:** Ерлігі үзілмеген қазақ халқының перзенттері ретінде Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға бас иіп, Желтоқсан құрбандарын еске алу үшін 1 минут үнсіздік жариялауға рұқсат етіңіздер...

**2-жүргізуші:** Өмір сүрсең бәрін де бірге көріп,
Бірлік бар да – тірлік бар, іргең берік!

**1-жүргізуші:** Қазақстан салтанаты жарасқан!
Бір отбасы, бір туысқан, бір-біріне қарасқан!
Қазақстан – бүгін, міне, достықтың туын тіккен жер.
Мәуелі бақтай жемісін шашты ұлыстар,
Бір кісідей маңдай терін төккен жер.

**2-жүргізуші:**
*Міне, осылай жылдар жылға ұласып,*
*25 жылда әрбір жылың бір асыл.*
*Қазақ, өзбек, орыс, грузин, кәрістер,*
*Бірге өмір сүріп жатыр жарасып!*

(Қазақ, орыс, өзбек, кәріс билері орындалады).

**Мәңгілік ел. 1-жүргізуші:** Біздің қоғамда халықты бір мақсат жолына біріктіретін, алға ұмтылуына күш беретін өміршең идея қажет болып жүрген еді. Міне, енді Елбасы айтқан Мәңгілік Ел идеясы Қазақ елінің ұлттық идеясына айналып отыр. Осы идеяны іске асырудағы басты бағдарымыз «Қазақстан – 2050» Стратегиясы болмақ.

**2-жүргізуші:** Мәңгілік Ел – Тәуелсіздіктің өмірлік философиясы. Бұл қағидаларды мүлтіксіз сақтай отырып, біз Отанымыздың көк байрағын нық ұстаймыз, оны Қазақстан дамуының жаңа биіктерінде асқақтата беретін боламыз. Бұл – біздің мәңгілік ұстанымымыз!

**Темірлан:**
*Тұлпарымыз тұралап тайғақ кешу, тар жолдан,*
*Бодан едік кешегі Бостандыққа зар болған.*
*Мәңгілік Ел бола алсақ – жұлдызымыз жанғаны,*
*Жердің жүзі, күн көзі дидарына таң қалған.*
*Не көрмедің, қазағым, тайталасқан тірлікте,*
*Мәңгілік Ел белгісі – береке мен бірлікте!*
*Ұл-қызың да жол көрген, бесігінде тербелген,*
*Алтын жіптей арқауы үзілмейтін кіндікте!*

**Бұлбұл:**
*Қазақ болсаң, қадірле өз тіліңді тіріңде,*
*Мәңгілік Ел белгісі – Мемлекеттік тіліңде!*
*Танымаған төркінін, менсінбеген өз тілін,*
*Талапай боп талай жұрт құрып біткен түбінде.*

**Дана:**
*Мәңгілік Ел – арманымның асқары.*
*Мәңгілік Ел – бақытымның бастауы.*
*Мәңгілік Ел – тарихымның дастаны.*
*Мәңгілік Ел – Нұрлы жолға бастады.*
*Мәңгілік Ел – ынтымақ пен бірлікте.*
*Мәңгілік Ел – ымыралы тірлікте.*
*Мәңгілік Ел – ертеңіңді ұлықтау.*
*Мәңгілік Ел – өткеніңді ұмытпау.*

**Қорытынды.** Тәуелсіздік құтты болсын! *(хормен).*
Ән. "Көк тудың желбірегені". (Хор).

**Шығыс Қазақстан облысы,**
**Аягөз ауданы,**
**Қарағаш ауылы.**



# ЖАЛАУ МЫҢБАЕВ:

## «Кіші Қазан» саясатына қарсы күрескен қайраткер

*(Жалау Мыңбаевтың туғанына – 125 жыл)*

**Бауыржан АЙМАНОВ,**
**№ 18 орта мектептің тарих пәні мұғалімі**

**Ж.Мыңбаев 1892 жылы бұрынғы Маңғыстау уезі Құнанорыс ауылында дүниеге келді.** 1905-1908 жылдары Форт-Александровскідегі екі сатылы орыс-қазақ мектебінде білім алады. 1917 жылдан Маңғыстау уездік кеңесінің мүшесіне сайланды. 1919 жылы «Бірлік» жастар ұйымының төрағасы, 1920-1923 жылдары Маңғыстау уездік атқару комитетінің азық-түлік бөлім бастығының орынбасары, Адай уездік милиция бастығы, Адай уездік ревкомының 1923-24 төрағасы қызметтерін атқарды. Бірнеше қоғамдық-мемлекеттік басқару сатыларынан өтіп, шаруашылық-ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басшылық тарапынан ескерілген Мыңбаев БК(б)П XIV съезінің, қазақ облыстық III-V партия конференцияларының, Қазақстан кеңестерінің IV-VI съездерінің делегаты болды.

**Қырғыз АКСР-ның V Бүкілқырғыз съезінде Қырғыз АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы**

**болып сайланды.** Бұл қызметте жүріп те Ж.Мыңбаев республиканың астанасын көшіру, республика атауын өзгерту, басқару органдарын жергіліктендіру (қазақтандыру, тамырландыру) істеріне басшылық жасап, елдің экономикалық әлеуетін көтеру, денсаулық сақтау, оқу-ағарту, мәдениетін дамыту сияқты шаралардың бел ортасында жүріп адал қызмет еткен жан. Мыңбаев қазақ халқының мүддесіне қайшы келетін Кеңес өкіметінің солақай саясатын сынға алып, балама жол ұсынған С.Сәдуақасов, Н.Нұрмақұлы, т.б. тобында болды.

Алдымен 1925-1927 жылдары Ж.Мыңбаев басқарған Қазақ АКСР ОАК-нің қандай билік органы болғанына қысқаша шолу жасайық. Қазақ Орталық Атқару Комитеті заң шығарушы, басқарушы және бақылаушы орган болды. Қазақ ОАК-ы Қазақ үкіметінің және жергілікті жерлердегі Кеңес үкіметінің органдарының қызметіне жалпы бағыт беріп отырды. Орталық органдар мен жергілікті билік органдарының қаулылары мен қаралаларының орындалуын қадағалады. Қазақ ОАК-ы Халық Комиссарлар Кеңесінің декреттерін қарады және бекітті, өз декреттері мен үкімдерін шығарды. Қазақ ОАК-ы үкіметпен (үкімет атауы Халық Комиссарлар Кеңесі) бірге жекелеген үкіметтің бөлімдерін құрды. ОАК төрағалығына алғашқыда С.Меңдешев (1920 ж. сәуір-1925 ж. сәуір), одан кейінгі кезеңдері республиканың жоғары билік органын Ж.Мыңбаев (1925 ж. сәуір-1927 ж. сәуір), Е.Ерназаров (1927 ж. сәуір-1935 ж. қаңтар), Ұ.Құлымбетов (1935 ж. қаңтар-1937 ж. қазан), Н.Өмірзақов (1937 ж. қазан-1938 ж. шілде) басқарды [1].

**1925 ж. наурыз-сәуірде астананы Ақмешітке көшіру жөнінде төраға Ж.Мыңбаев қол қойған арнаулы қарар қабылданды.** Жалаудың жаңа астанадағы қызметі ОАК-тің кезектен тыс V съезін өткізуге дайындықтан басталды. Осы съезде Ақмешітті (Перовск) Қызылорда деп атау, бұрынғы Қырғыз енді «қазақ» деп өзгертуге қарар шығарылды. 1925 ж. 15-19 сәуірде Ақмешітте Бүкілқазақтық Кеңестердің V съезі ашылып, өз жұмысын жүргізді. Онда ОАК төрағалығына Ж.Мыңбаев, ХКК-не Н.Нұрмақов, ІІХК С.Есқараев, Әділет халкомы мен республика прокуратурасына басшылық С.Мәмбеевке, Ағарту халкомы С.Сәдуақасов, Жер-су халкомы болып Ж.Сұлтанбеков сайланды. Осы съезде «қырғыз» деген атауды «қазақ» (казак) өзгерткен құжатқа Ж.Мыңбаев (ОАК) пен хатшы Б.Аралбаевтың қолтаңбасы қойылды [2, 216-220-бб.].

**1925 ж. 12 қыркүйегінде Ф.И.Голощекин Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға келді.** Дәл сол жылы республика өмірінде көптеген маңызды оқиғалар болып өткен еді. Мәселен, 19 ақпанда БК(б)П ОК-ті Қазақ обкомын Қазақ өлкелік комитеті деп атау туралы қаулы қабылдаған. Сол айда республика астанасы Қызылордаға көшірілді. 15-19 сәуірде болып өткен Қазақ АКСР-інің V съезі осыған дейін «қырғыз» аталып келген халықтың тарихи ақиқат есімін қалпына келтірді. Республика атауы да осыған сәйкес өзгертілді. Жаңа хатшы 1927 жылдың өзінде-ақ «Казахстан не Октябрьском смотре» және «10 лет Советской власти» деген екі бірдей кітап шығарып, онда *«қазақ ауылы Қазан лебін сезген емес»* деген дәлелсіз байбаламға басты [3, 7-б.].

Ф.И.Голощекин билік басына келісімен «ауылды кеңестендіру» саясатын қазақ ауылына «Кіші Қазан» төңкерісін жариялау арқылы жүргізу қажет деп білді. Ол ауылда таптық күресті шиеленістіріп, кедейдің байға қарсы көтерілуін қамтамасыз ету қажет деп, сол арқылы кешегі малшы-бақташыдан «революционер» жасап шығару болды. Ол «байларды экспроприациялау» идеясын ұсынды, яғни оларды тап ретінде түп-тамырымен құрту. Алайда бұған ұлт мүддесін көздеген ұлтжанды қайраткерлері қарсы шықты. Голощекинге оппозицияда болған Ж.Мыңбаев, С.Қожанов, С.Сәдуақасовтар қазақ ауылына төңкерістік шара емес, керісінше «азаматтық келісім» идеясын ұсынды. Олар кез келген төңкерістік шара баймен қоса кедейді де құртады, себебі кедей бай шаруашылығы арқасында күн көріп отырған тап. Бай мен ауқаттылардың кіріптарлығынан тек қана экономикалық тетіктер енгізу арқылы ғана құтқаруға болады деген пікір айтты.

**Голощекин 1925 ж. 13 қыркүйекте өлкелік партия комитетінің бюросын өзі басқарып өткізді.** Қазақ кадрлары Голощекиннің орталықтың қалауымен тағайындалғанына іштей қарсы болса да, басында оған қарсы әрекеттен ада еді. Жиналыста, түрлі басқосуларда айтылған қарсы пікірлер ол басшының жеке басына қатыссыз, ортақ мүдделен ғана туындаған еді. Алайда, әккі Голощекин оған басқаша баға беріп, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев тобын «августтық блок» деп ат қойып, айдар тақты. Сәдуақасов пен Мыңбаевтың Голощекин тобына батыл қарсылығының бірі жергіліктендіру мәселесінде еді. Алдыңғылар қазақ өз елінде, өз жерінде өзі басшы болсын, басшылық тізгіні сол елдің шаруа күйін, дәстүр-салтын, тілін білетін кадрға берілсін деген жолды ұстанды.

**1926 ж. қарашада өткен пленумда бұл мәселе үлкен айтыс, талас туғызды.** Сонда сөз алған О.Исаев: *«Мен Сәдуақасовшылдықпен принциптік негізде келісу мүмкін емес, кейбір мәселелерге өтейін. Біріншіден, жергіліктендіру хақында. Олар оны іс жүзінде неге саяды? Олар жергіліктендіруді басшылықты тартып алу әдісі мен құралына айналдырмақ. Сөйтіп, Мәскеудегі пролетарлық партияның жетекшілігінен құтылмақ»,* – деп сынады қарсыластарын. Осының негізінде пленум бұларды қаралаған қарар қабылдады. Онда *«Жергіліктендірудің ақпаратты қазақ бұқарасына жақындату мен сол бұқараны Кеңес құрылысына тарту міндеттерін түсіне алмаған С.Сәдуақасов пен Ж.Мыңбаев Кеңес аппаратын халықтың ұлттық құрамының пропорциясына қарай қазақтандыруға дейін барды, басты назарды партияның жоғарғы буынының басшыларын қазақтандыруға аударды»,* – деп көрсетеді [4, 25-60-бб.].

**Ф.И.Голощекин ең алдымен Мәскеудегі орталықтың өкілі, соның орындаушысы еді.** Қазақтың ұлттық мемлекеттік мүддесі деген оған атымен жат болатын. Содан келіп, оның іс-қимылы қазақтың ұлттық басшысы кадрлары тарапынан қарсылыққа ұшырады. Мәскеудегі орталық Ресейге Орынборды бергенімен қоймай, Ақтөбе облысының Елек ауданын да қоса беру туралы қарар шығарды. Осы шешім өлкелік бюрода қаралып, оған Мыңбаев, Нұрмақов, Меңдешов қарсы шықты. Н.Нұрмақов: *«егер Орталық бұлай өзім білдімге сала берсе, болашақта Қазақстан республикасы сақталып қала алмайды»* деді. Ал, төраға Мыңбаев: *«Сөз біз әзірге толық ұғына қоймаған, бірақ болашақта алдымыздан шығатын мәселе жөнінде болып отыр... Мен өзім орталық мекемелердің орыс шаруаларының мүддесіне қамқорлығын әлденеше рет байқадым... Неге сіздер қазақ шаруалары Қазақстан өкіметіне талаптар қоя алмайды деп ойлайсыздар? Егер білгілеріңіз келсе, қазақтардың жағдайы нашарлай түсуде»,* – деп мәселені тереңнен қозғады.

**Голощекиннің Қазақстанға әкелген идеясы – Кіші Қазан төңкерісін жасау.** Елді тапқа бөлу. Байларды тәркілеп, тап ретінде жою. 1926 ж. БК(б)П Өлкелік Комитеті мен Бақылау комиссиясының біріккен пленумы төмендегідей қарар алды: *«Біріккен пленум былай деп есептейді: Қожанов, Сәдуақасов*

*және Мыңбаев бастаған топ өзінің мәні мен күрес әдістері жөнінде Қазақстанға тән болған ескі жікшілдіктің қалдықтарын (принципсіздік және жеке бастың бақастығы) сақтай отырып, сонымен бірге ауылдағы дәулетті топтардың партия мен Кеңес өкіметіне жасамақ ықпалын білдіретін идеялық ауытқушылықты көрсетеді»* [5].

Қазақстан өкіметі мен үкіметі 1926 жылы 20 мамырда *«Жерге ораналаспай жер пайдаланатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың шабындық және егістік жерлерін уақытша бөлу туралы»* заң қабылдады. Оған сол кездегі ХКК-нің төрағасы әрі ОАК-інің төрағасы м.а. Н.Нұрмақов қол қойды. 1927 ж. 3 ақпанда бұл заңға толықтырылу енгізілді. Толықтыруға Нұрмақовпен бірге ОАК-ның төрағасы Ж.Мыңбаев қол қойды. Заңда мұндай бөлудің *«кедей және экономикалық жағынан әлсіз халықтың шаруашылық қызметіне қолайсыз жағдайдың қалыптасуына байланысты орын алып отырғаны атап көрсетілді»* [6, 24 б.].

Жер бөлудің шала-шарпы жүргізілгеніне қарамастан, сандық көрсеткіштермен танысқан Ф.И.Голощекиннің өзі кезінде VI Бүкілқазақтық партконференцияда былай деп шаттанды: *«Біз зор науқанды өткердік – бұл жайылымдық және егістік жерлерді қайта бөлу. Жайылымдық жерлерді қайта бөлу дегеніміз не? Бұл дегеніміз Кіші Қазан болып табылады. Бұл 2-ші пленумда Сәдуақасов қарсы айқай көтерген нәрсе. Бұл Кіші Қазанның дәл өзі. Біз шын мәнінде, іс жүзінде жерге мүдделілік негізінде кедейді байдың жерін тартып алуға зорлай және оған көмектесе келе, кедейді баймен қақтығыстырдық. Бұл ауылдағы тап күресінің нақ өзі»* [6, 29 б.].

1926 ж. қараша айында болған Өлкелік партия комитеті мен Өлкелік Бақылау комиссияларының біріккен ІІІ пленумында бұл туралы Ф.Голощекиннің: *«Менің Жандосовқа (О.Жандосов) қарсы шығуым «солшылдық» қауіпті дегендік емес, қайта «оңшыл» ауытқушылықтың қауіпті екенін аңғартса керек»* дегені бар. Голощекиннің бұл жерде «солшылдық» деп сипаттауы О.Жандосов, О.Исаев, А.Мусин тәрізді, ал «оңшылдық» деп отырғаны С.Сәдуақасовтың. Н.Нұрмақовтың, Ж.Мыңбаевтың ұстанған бағыты еді. Оның ойынша Сәдуақасов тобына *«негізінен ж. Қожанов, ж. Сәдуақасов, ж. Мыңбаев (ҚазОАК) бірікті»* деп атады. Голощекин реті келгенде басты қарсыласының бірі санаған Ж.Мыңбаевтың жеке басына да тиісіп қоюды естен шығармады: *«Мыңбаев жолдастың жұмыс бөлмесі ұйымдық орналастыру бөліміне айналып, бірқатар жолдастар Өлкелік Комитетке жазуды қойып, Мыңбаев жолдасқа жазатын болды. Сөйтіп, ол өзін Өлкелік Комитетке қарсы қоятынды шығарды»* деп сілтеп отырды.

Әр түрлі топтарды ұйымдастырды деген жаламен 20 жылдары С.Сейфуллин, С.Меңдешев, кейінірек С.Қожанов және т.б. адамдар айыпталды. Ұлтшыл-ауытқушылықпен күрестің шырқау биігі 20-жылдардың екінші жартысында өз мәресіне жетті, сол кезде осындай «кінәлармен» айыпталған БК(б)П өлкелік комитетінің бұрынғы хатшысы С.Қожанов, Халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов, Қазақ АКСР ОАК төрағасы Ж.Мыңбаев өз қызметтерінен алынды. 10 жылдан кейін С.Қожанов ескі «күнәлары» үшін «халық жауы» ретінде тұтқындалды, тек мерзімінен бұрын келген «ажал» ғана соңғы екеуін НКВД-ның қанды қылышынан құтқарып қалды.

1927 жылы Ж.Мыңбаев Гурьев округтік партия комитеті төрағалығына төмендетіліп, орталықтан шалғайға жіберілді. «Адай контрреволюциялық ұйымының» басшысы деген жаламен РКФСР ҚК-нің 58-2 бабы бойынша іс қозғалды. Әртүрлі қызметтерді атқарып, 1929 ж. қыркүйекте денсаулығының нашарлауына байланысты дербес зейнеткерлікке шығарылды. Сол жылы қараша айында Алматы қаласында дүние салды. 1930 ж. қазан айында МБСБ ӨӨ (ПП ОГПУ) үштігінің қаулысымен Ж.Мыңбаевтың үстінен қозғалған іс қайтыс болуына байланысты тоқтатылды. Ол 1920-1930 жылдары Қазақстанда сталиншілдік-голощекиндік басқару жүйесінің орнауына қарсы шыққан санаулы ұлтжанды азаматтың бірі болды.

### ӘДЕБИЕТТЕР


1. Образование Казахской АССР. Сборник документов и материалов. Алма-Ата, 1957.с 303.
2. **Демеубай С.** Жалындап өткен жас ғұмыр. – Алматы: «Үш қиян», 2005. – 632 бет.
3. Аңыз адам. Ф.Голощекин (1876-1941). № 4 (64), Ақпан, 2013 жыл, 7 бет.
4. **Спан Ә.** Жалау Мыңбайұлы. – Алматы: «Информ-Арна», 2000. – 248 бет.
5. **М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков.** «Тарих тағылымы не дейді?».- Алматы: «Ана тілі», 1993. - 208 бет.
6. **Омарбеков Т.** Қазақстан тарихының ХХ ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. – Алматы: «Өнер», 2003. – 552 бет.



**Маңғыстау облысы,**
**Жаңаөзен қаласы.**


*ШӘКІРТТІҢ ҒЫЛЫМИ ЖОБАСЫ*

# ТАЙШЫМ ОРЫСҰЛЫ –

## Ырғыздағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі


**Айболат НҰРҒАЛИ,**
**Сарат орта мектебінің 8-сынып оқушысы**
**Гүлназ ӘСІМБЕТОВА (Асимбетова),**
**ғылыми жетекшісі, тарих пәні мұғалімі**


Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі – Ырғыз өңірінен шыққан батыр **Тайшым Орысұлы.** Жаратылысында батыр болып туған адам, өлген-тірілгенін білмей соғысады. Денелі, бірбеткей, ірі кісі. Ырғыздағы бай-болыстардың айтқандарына көне бермейтін мінезін жұртшылық жақсы білетін. Бірақ осы ел қамын ойлап, халқының бостандығы, еркін өмірі үшін басын қатерге байлап, жанын қиған нағыз батырымызға дұрыс баға берілмей келді. Оқулықта ол туралы деректер кездеспейді.

Ұлт-азаттық көтерілісті бастаған батыр бабамыз сол тұста орта жаста, елудің ішінде болатын. Ауыл тарихынан бөлек ел тарихы болмайды. Ауылымнан 15 шақырымда Қарабайтал деген жерде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан Тайшым Орысұлының тарихы, қорымы мені қызықтырды. Өлкемізден шыққан батырдың ерлік жолын баяндау-зерттеу жұмысының өзекті мәселесі.

**Қарабайтал жеріндегі Тайшым хан қорымы.** Сарат ауылының халқы мал шаруашылығымен айналасып, Қарабайтал жерін қыстақ ретінде пайдаланған. Қыстақ жанында шалқыған көл, ол қар суы мен нөсер жаңбырынан пайда болған. Жері қара сазды болғандықтан жиналған су бірден сіңіп кетпейтіні белгілі. Біраз құстар еркін жайлап, кәдімгі тұрақты көл сияқты көрінеді. Ұзақ жылдар бойы мал бағылып жайланса да, көгалды алқап қалпын сақтап тұрады.

«Қарабайтал» деген жерді мал өсірумен айналысқандықтан жылқы төлінің атауына байланысты шыққан деген пікірлер айтылады. Алайда, зерттеуші ғалымдардың тереңдетіп зерделеуінен табылып отырған көне тілдің тура мағынасы «Қалың отты, көк жайқын алқап» дегенді білдіреді екен.Осы аталған жерді байқап қарасаңыз шынында да шалғында тегістік. Қанша жыл мал үзбей жайлап отырғаннан тап ертедегі сәні тозғанымен, алқаптың су жиналатын көлтабаны тартылғанда айналасы, орны көк шалғын болып жатады [1.315].

Көне көз ауыл қарттарының айтуына қарағанда Қарабайтал, Ұзынкөл өңірлері бақшақ руының жерлері екен. Дәлел ретінде Қарабайтал жеріндегі Тайшым Орысұлының қорымын айтуға болады. Осыған қарағанда бақшақ рулары ертеде осы жерге қоныс тепкен. Тайшым Орысұлы 1916 жылғы көтерліске қатысып, елін, жерін қорғаған батырлардың бірі.

Былтыр 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы облыс, аудан көлемінде аталып өтіп, игі істер жасалды. Соның бірі Сарат ауылының Қарабайтал жерінде Тайшым Орысұлына арналып ескерткіш белгі қойылды. Тайшым Орысұлының жерленген жері жаңа темір қоршаумен қоршалып, қара граниттен жасалған.

**Ескерткіште:**

«*Кені болған ерліктің, ақылдың да,*
*Бір басы он, жүз емес, татыр мыңға*
*Халқының қалауымен хан сайланған*
*Қазақтың батыр ұлы жатыр мұнда.*

Ырғыз даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, қарадан туып хан атанған, елінің жел жағына пана, ық жағына қамқор болған Тайшым хан Орысұлы» деп жазылған. Ескерткіш-белгі алыстан көзге көрінетін қыратта орналасқан. Белгіні Ділдәбай Тайшымов, Айбек Жылқаманов, т.б. ұрпақтары тұрғызды. Ашылу салтанатына Ақтөбе қаласынан, Ырғыздан, біздің ауылдағы туыстары, ауыл әкімі, мектеп директоры, ұстаздар, Ырғыз аудандық мәслихатынан көптеген адамдар жиналды. Баба рухына Құран бағышталып, тағзым жасалды. Тайшым ханның көзін көрген Нұқы ақсақал келелі сөздер айтып, бүгінгі ұрпақтың атқарып жатқан игі парыздарына алғыстарын білдірді [7.2 б.]. Тайшым ханға құран бағыштап Сарат ауылында ас берілді. Менде осы жерде болып, өз көзіммен көріп, аталарымыздың келелі сөздерін тыңдап, тарихтың куәсі болдым. Осындай игі істердің бірі туған өлкемізде жасалғанын мақтан тұтып, айту біздің міндеттіміз деп білемін.

**Тайшым Орысұлының ерлік жолы.** 1916 жылы 25 қазан күні Милы деген жерде соғыс болады. Осы соғыста Тайшым бастаған көтерілісшілер жеңіске жетті. Әскери кеңестің шешімімен болыс-байлар жазаланады. Бұл жеңіс көтерілісшілердің көңіл күйін көтеріп, рухын асқақтатты.

Патша үкіметінің жергілікті билеушілері көтерілісшілердің беталысынан қорықты. Сондықтан қарсы шаралар алуға мәжбүр болады. Соғысатын сарбаздар санын өсірді. Отрядтарға қару-жарақты үйіп-төгіп, оларға зеңбіректер мен пулеметтер бөлді. Көтерілісті басу үшін көп әскермен шыққан Орынбордың вице-губернаторы Обухов: *«Ырғыздағы халықтың патшаға қарсылығы тек жай тәртіпсіздік, бой көтеру емес, нағыз көтеріліс»,* – деп мойындады.

Кеңес өкіметі тұсында Тайшым Ырғыз ауданы Ұзынкөл ауылындағы «Көркем» серіктестігіне мүше болып, шаруашылықпен айналысты. 1928 жылдары ірі байларды тәркілеуге қатысты [2.62,63 б.].

**1938 жылы ұлт көтерілісінің 20 жылдығына Тайшым Орысұлына Үкімет атынан ат-арба сыйға тарту етілді.** «Қылқанды» елді мекенінен жеке үй салып берілді. Алматыға шақырылып, Қазақстан Республикасы Орталық Атқару комитетінің шешімімен «Қазақ ССР-ына 15 жыл белгісімен» марапатталды. Ұлт-азаттық көтеріліс қайраткері Тайшым Орысұлы 1945 жылы көктемде қайтыс болып, Ырғыз ауданында жерленді. Қазір бұл Әйтеке би ауданы Сарат ауылдық окуругіне қарасты Қарабайтал деген жерде.

**Қорытынды.** Ауылымызда «Туған жерге тағзым» атты акция өтіп, Қарабайталға 1916 жылғы Ырғыз көтерілісінің басшысы Тайшым Орысұлына ескерткіш-белгі қойылды. Бүкіл Қазақстанды қамтыған ұлт-азаттық көтерілістің орталығы Жетісу, Торғай, Ырғыз болғаны анық. Бірақ Ырғыз көтерілісі, оның басшысы Тайшым Орысұлы туралы тарих беттерінен көрінбейді. Ал Торғайдағы көтеріліс жайлы мол деректер берілді.

Бұл көтеріліс езілген халықтың орыс империясының отаршылық саясатына деген ыза-кегінің көрінісі болатын. Бұдан жүз жыл бұрынғы Ырғыз көтерілісі-бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастауларының бірі.

Тайшым бабамыздың ерлік жолдары, оның өмірі жас ұрпаққа үлгі екендігі, жастарды ерлікке баулуда, тәрбиелеуде Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Қабанбай, ту ұстаған Наурызбай батырлар сияқты тарихымыздан өз орнын табады деген сенімдеміз. Алдағы уақытта ауылымызда көше атауы берілсе, 9-сыныптың оқулығына бір тақырып енгізсе деген ұсынысымыз бар.

## ӘДЕБИЕТТЕР


1. **А.Мұсаев.** Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы. Ақтөбе, 2006.

2. **Б.Құрманбеков.** Ырғыздың қилы тарихы. «А-Полиграфия», Ақтөбе, 2010 жыл.

3. Ақтөбе Энциклопедиясы. «Отандастар-Полиграфиясы» Ж.Ш.С баспаханасы, Ақтөбе, 2001 жыл.

4. **Қ.Еламанов.** Шежірелі өңір. I кітап. Ақтөбе, 2003 ж.

5.Тарихи тұлға Тайшым ханға ескерткіш орнатылды // Aktobenews.kz /2016/06/20 (қаралған күні 30.09.2016).

6.**Е.Құрманбеков.** Қасірет әкелген маусым жарлығы // Ақтөбе газеті, 27 маусым. 2016 жыл.

7.**А.Ертеміров.** Тайшым Орысұлына ескерткіш-белгі қойылды // Ақтөбе газеті , 29 маусым. 2016 жыл.

8.**Р.Өтеміс.** Ырғыз даласында найзағай жарқылдаған жыл // Ақтөбе газеті, 13 шілде. 2016 жыл.

9.Көне көз қариялар естеліктері. [Б.Кенжебаев, К.Дауылбаев, М.Сәтбаева].



**Ақтөбе облысы,**
**Әйтеке би ауданы.**